1995 жылды мамырда Халық жиналысы баспа туралы занды қабылдады. Онда ресми тұлғаларға жалған жала жапқандар және өтірік мағлұматтар таратқандардың түрмеге қамауга алынатыны қарастырылды. Оппозиция бұл шараны қатаң сынға алды. 1996 жылды желтоқсанда үкімет әртүрлі оппозициялық партия мүшелелерін «білікті құлату мақсатында қастандық ұйымдастырырды» деп тұтқынға алды. Баспа мен сөз бостандығына шектеу қойылды. 1999 жылды парламент үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік бақылау орнату туралы заң қабылдады.

1990 жылдар бойы египет үкіметі ислам экстремизмімен құресін жалғастырып келді. 1990 жылды қазанда парламенттің төрағасы Рифаат әл-Махдуж өлтірілгеннен кейін шамамен мындаған фундаменталистер тұтқындалды. 1992 жылды наурызда билік «агайынды мұсылмандарды» саяси тәртіпті құлату мақсатындағы қастандықтары үшін айыптады. 1992 жылды шілдеде исламшылдардың қоптарға қарсы әрекетінен кейін Халық жиналысы бірқатар лаңқестікке қарсы зандар қабылдады. Онда қауіпсіздік құштерінің өкілеттілігі қүшеттілді. Елдің тұпкір-тұпкірінде 300-ден астам фундаменталистер тұтқындалды. Қараша айында Асьют қаласы мешітінің өкілі «әділетсіз және жемқор» тәртіпке қарсы қарулы құреске шақырып, қасиетті Құран негізінде ислам мемлекетін құруға әрекет етті. Үкімет 430-дан астам фундаменталистерді тұтқындалап, оларға лаңқестік актілерді дайындағы деген айып тағылды. Барлық мешіттер мен намаз оқытын орындар бақылауга алынды. 1993 жылдың қантарынан 1995 жылдың қантарына дейін елде барлығы 74 адам өлім жазасына бұйырылды. 1995 жылдың қантарынан бастап үкімет сондай-ақ «агайынды мұсылмандарға» қатысты құғын-сүргін жүргізді. Елде ассоциацияның 17 көрнекті қайраткерлері тұтқындалды. Оларды Египеттің қауіпсіздігі мен тұрақтылығына қарсы лаңқестік ұйымдастырырды деп айыптаған болатын. Сондай-ақ ассоциацияның жуздеген мүшесі тұтқындалып, оның 54-нұ ұйымға

занды турде тіркелмегендері үшін кінә тағылды. Құғын-сүргінге қарамастан, фундаменталистер туристер мен мемлекеттік мекемелерді басып алуды жалғастырыды. Сондай-ақ 1997 жылы қопт шіркеуіндегі жарылыс кезінде 9 адам қаза тапты. Сол жылдың қараша айында Луксордағы туристерге қарсы «әл-Гамаа әл-исламийя» ұйымының әскери қанаты лаңқестік ұйымдастырырды. Елде қайтадан жаңа тұтқындау және өлім жазасына бұйыру әрекеттері басталды. Үкімет шетелде ұсталған «жихад» және «әл-Гамаа әл-исламийя» мұсылман топтарының өкілдерін қайтарып алуға қол жеткізді. 1999 жылдың басында 107 исламшылдарға қатысты жаппай тұтқындау әрекеті жүргізілді. Оның 9 өлім жазасына, 11-і өмір бойы түрмеге жабылды.

1997 жылды экстремистермен құресте әскерді қатыстыру қатаң қарастырылды. Өйткені АҚШтың орталық барлау басқармасының (ОББ) құпия мәліметтері бойынша дүние жүзі бойынша шамамен 120-ға жуық «лаңқестік ислам топтары» 1997 жылды 4,5 млрд. доллар көлемінде қаржылай көмек алған (فاطمة أحمد سيد).

Шетелден келетін көмек каналдары жабылды. Нәтижесінде экстремисшілер әлсіреп, олардың ішінде өзара қайшылықтар туындағы бастады. 1997 жылды жазда түрмеде жазасын өтеп отырған египет фундаменталистерінің 6 көсемі билікпен қарулы қақтығыс жүргізуден бас тартты. 1999 жылды «әл-Гамаа әл-исламийя» ұйымы қарулы құресін токтатқаннан кейін оның мындаған мүшелері түрмеден босатылды. 2000 жылды қөктемде оның мүшелері мен жақтастары бостандыққа шықты.

Дегенмен әлі де болса үкімет пен экстремистер арасындағы қарсылық жалғаса берді. 2000 жылды исламшыл топтардың наразылығына қарамастан Халық жиналысы әйелдерге сотта түсінік бермesten некелерін бұзуға мүмкіндік беретін ажырасу туралы заң қабылдады. Бұл ислам заңына қайши келетіндіктен исламшылдар наразылық тудырды. 2000 жылды мамырда «агайынды мұсылмандармен» бірігіп, «әл-Азһар» университетінің студенттері ереуілге шықты. Бұған жауап ретінде үкімет СЕП мен «аш-Шааб» газетінің қызметіне тыйым салды. Партия басшылығына ресми тыйым салынған «агайынды мұсылмандармен» ынтымақтастық жасағаны үшін айып тағылған болатын.

Үкімет елде мемлекеттік қауіпсіздіктің қызметтін қүшетті. 1998 жылды қызметке келген Египет ПМ мемлекеттік қауіпсіздігі бас басқармасының жаңа басшысы X. Албери Египеттегі лаңқестікке қарсы шараларды жүргізуі қолға алды. Оның

бүйріғы бойынша мысыр-ливия шекарасынан күмәнданған тұлғалардың өтіп кетпеуін қадағалайтын шараларды күшетті. Сонымен қатар елдің теңіз порттары мен әуе жайларына жарылғыш заттарды табу үшін АҚШ-тан сатып алынған қондырыларды орналастырды.

Дегенмен 90-шы жылдар Египет үшін ауырсын болды. Исламшылдар қайтадан қолдарына қару алып, лаңкестік әрекеттерге барды. 90-шы жылдардың екінші жартысы Ніл бойындағы бұл араб елінде бірқатар лаңкестік актілер үйымдастырылды. Ал бұл өз кезегінде Египет президентін елдегі төтенше жағдай туралы заңды жалғастыруға итермеледі.

Осылан дейін лаңкестікке қарсы қолданылатын ең маңызды шара ретінде «төтенше жағдайлар туралы заң» саналып келген болатын. Бұл заң 1981 жылы Мысыр президенті Әнуар Садат мұсылман экстремистері тарапынан қаза тапқаннан кейін қабылданған болатын. 2000 жылы Мысыр үкіметі аталған заңың әрекет ету қызметін тағы да кезекті үш жылдық мерзімге ұзартқан еді. Бұл заң бойынша ұсталған күдікті сот шешімі шыққанға дейін қамауда болады. Кейбір төтенше жағдайларда бұл мерзім бірнеше жылдарға созылатын да еді. Дегенмен күдікті ұсталғаннан кейін 30 күн ішінде сот тыңдауын өткізуі, шешім қабылдауды және шығарылған үкімді қайта қарастыруын талап етуге құқығы бар деп саналады.

«Төтенше жағдай туралы» заңдан басқа, елде мемлекеттік емес үйымдардың (МЕҰ) қызметін реттестіретін заң жұмыс істейді. Осы заңға сәйкес, қоғамдық үйымдарға қандайда бір саяси және кәсіподактық іспен шұғылдануға тыйым салынады. Сонымен бірге, олардың басқарушы құрамы әлеуметтік істер министрлігі арқылы бекітіледі. Олар шетелдік қолдаушыға ие болуы үшін рұқсат алуы тиіс және үнемі өздерінің қызметтері туралы қаржы есебін беріп отыру міндетті. Осы заңға сәйкес, егер де қоғамдық үйымдардың қызмет туралы тәртібі бұзылатын болса, әлеуметтік істер министрі МЕҰ-ды таратуға құқығы бар және олардың мұліктері мен активтерін тәркілеуге құқылы.

Бұған батыс құқық корғаушылары қарсы шығып, атамыш Заң барлық мемлекеттік емес үйымдардың қызметін толықтай бақылап, олардың тәуелсіз жұмыс істеуі үшін мүмкіндіктерін жояды деп есептейді. Адам құқығының қорғаушы Париждік бақылаушы топ, бұл заң ережелері адам құқығы бойынша халықаралық келісімдерге толықтай қайши келетіндігін мәлімдейді (Тыссовский, 1999:66).

Египет ресми басшылығы, атап айтқанда әлеуметтік істер министрі А. Гинди, заң министрі Ф. Сейфул Насыр және парламент істері бойынша министр К. Шазли көрініше, бұл заңға сәйкес МЕҰ жұмыс істеуі үшін барлық шарттар жасалғандығын нақтылай отырып, оларға салық төлеуде және кедендей салықтар алуда жеңілдіктер берілетіндігін атап көрсетеді.

Сондай-ақ мұсылман экстремистерімен құрес жүргізуде ресми исламның атқаратын орны бөлек. 1997 жылы радикализммен құресте басты рөлді Египеттің жоғарғы діни өкілдері, яғни мемлекеттің бас муфтиі, әл-Азхардың бас шейхі, вакуф министрі атқарды. 103-ші нөмірлі заң бойынша әл-Азхардың бас шейхі аталған мекемені басқарады және барлық істерді қадағалап отырады.

Осылайша, елдегі ресми ислам өкілдерімен біріге отырып, кешенді шаралар қолдану нәтижесінде 90-шы жылдарды үкімет фундаменталистер позицияларының әлсіреуіне және олардың белсенделіліктерінің айтарлықтай төмендеуіне қол жеткізді. 1998 жылы ешқандай елде террорлық акт тіркелмеди. Ал 1999 жылы ірі «әл-Гамаа әл-Исламия» жасырын үйымы өзінің қарулы қүреспін тоқтататындығын жариялады (Ражбадинов, 2003:214).

Шындығында да 2000 жылдардың басында Египетте айтарлықтай тыныштық орнаган болатын. Египет саясаттанушылары мен сарапшылары Каирдің ресми саясатын саралай отырып, Мысырда ислам қозғалыстары мемлекеттің барлық құрылымдары тарапынан жүргізіліп отырған қатаң идеологиялық дағдарысты бастарынан кешірді деген болатын. Дегенмен Египеттің көптеген халықтары 90-шы жылдардың аяғында-ақ елде лаңкестік үйымдар жетекшілері тұтқындалып, бірқатар мысырлық журналдар мен газеттер жабылғанда және Жоғары Египет Каир мен Александрияда «тазартулар» жүргізілгенде терроризммен іс аяқталған деп санаған болатын.

Әрі елдегі діни мекемелер үшін мемлекеттік бақылау күшеттілген еді. Египетте діни экстремистердің елдегі мешіттерді өз мақсаттарына қолданбауы үшін шаралар қолданылды. Шамамен 30 мыңға жуық мешіттерді вакуф министрлігінің бақылауына өткізу жоспары қабылданды. Тіпті ислам топтарын қаржыландырудың негізгі көздері саналатын құрбандақтар мен пітір-садақаларға да бақылау орнатылды. Әрі «ағайынды мұсылмандар» ассоциациясы, дәрігерлер, адвокаттар, инженерлер кәсіподактарының қаржы істеріне аудиторлық

тексерулер жүргізілді. Өйткені үкімет олардың исламшылдармен байланысы бар деп санаған болатын.

Әрі кейінгі кезде үкімет экстремистермен тіл табысуды да, оларға қарай қауіп төндіруді де құптамайды. Египет басшылығы бір жағынан олармен тіл табысу олардың билікті жаулап алуына әкеледі деп сескенді. Египет үкіметінің осындағы бағыты билік органдарына 1998 жылы ел ішіндегі экстремистердің белсендерлігін айтартықтай төмөндетуіне септігін тигізді. Осы жерде египет үкіметінің діни экстремизм мен курестегі тактикалық жетістіктерін ескерген жөн. Керісінше стратегиялық жоспар бойынша күштеу актілерінің қолданылуы үкіметке исламшылдарды қарама-қарсы қоюға мүмкіндік туғызыды.

Мысыр елі мұсылман елі екендігін есепке алсақ, үкімет үшін құқықтық негізде бірқалыпты исламдық ағымдарға қарсылық көрсету оңай емес. Кейбір заңдар дегенмен белгілі деңгейде елдің ішіндегі исламшылдардың саяси-идеологиялық қызметін реттестіріп отырады. Үкімет заң актілерінің ережелеріне сүйене отырып, исламдық саяси ұйымдардың тіркелуіне тыйым салады, исламдық бағыттағы оппозициялық партиялардың әрекетін тоқтатып, қоғамдық және мемлекеттік емес ұйымдардың құрылуына шектеу қоя алады. Сонымен бірге, экстремистік қызметке қатысты басылымдық органдардың жабылуын қатаң қадағалайды.

ЕАР үкіметі өз елінен шеткегі жерлерде де діни экстремистер және лаңкестілермен куресті белсендерді жүргізуде. Ел басшылығы шетелдерде де египеттік лаңкестік ұйымдардың бөлімшелерін жою мақсатында әлемнің көптеген елдерінің арнайы қызметтерімен тығыз ынтымақтастық орнатқан. Үкімет елге және оның ұлттық қауіпсіздігіне негізгі қатер Еуропа және АҚШ-тағы шетелдік террористік құрылымдардан келетіндігін жақсы түсінді. Египет соңғы жылдары әлемнің көптеген елдерімен діни экстремизммен қарсы бірігіп куресу туралы екіжақты келісімдер орнatty. 90-шы жылдарының өзінде-ақ қауіпсіздік туралы Болгария, Венгрия, Румыния және Пәкістанмен ынтымақтастық келісіміне қол қойылған болатын.

Осылайша Каир діни экстремизм, фундаментализм және лаңкестікпен куресте халықаралық және аймақтық ынтымақтастықты орнатуға тырысты. Таяу Шығыстағы шиеелеңісті реттестіру және ислам экстремизміне қарсы біріккен әрекеттерді үйлестіру үшін әлемдік қауымдастық құшін біріктіру мақсатында

Х. Мубарак 1996 жылы 13 наурызда Египеттің саяжай қаласы Шарм аш-Шейхте халықаралық конференция шақырды. Конференцияға таяушылықтың елдердің басшыларымен қатар, АҚШ және Ресей президенттері қатысты. Самитте палестина-израиль мәселесімен бірге лаңкестікпен курес туралы мәселе кеңінен талқыланды. Кездесуге қатысушылар халықаралық лаңкестікпен курес бойынша құшті бірігіп жұмылдыруға келісті. Лаңкестік мәселесін жік-жігімен талқылау үшін көпжакты жұмысшы топтарын құру шешімі қабылданды. Конференцияға қатысушылар Палестинаны азат ету ұйымы (ПАҰ) басшылығын палестина лаңкесшілерімен курес бойынша шараларды қатаңдата түсуге шақырды. Шарм аш-Шейхте өткен лаңкестікпен курес туралы халықаралық конференция нәтижелі болды. Әлемнің көптеген елдерінде, оның ішінде Каирде, Эр-Риядта және Тель-Авивте ФБР өз өкілдіктерін ашты.

1998 жылы 12 сәуірде Каирде араб елдері арасында «лаңкестікпен курес туралы» келісім орнатылды. Араб Елдері Лигасы (АЕЛ) шенбекінде экстремизм және лаңкестікпен куресу бойынша арабаралық өзара әрекет жандана тұсті. Мысырлықтар аймақтық деңгейде Иордания, Сауд Арабиясы, Алжир және Түністік әріптерімен тығыз қатынас жасайды.

1997 жылы қыркүйекте Ресей Федерациясымен қылмыспен курес саласында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Екі елдің арнайы қызметтері осы келісім ережелеріне сүйене отырып, белсендерді әрекет етеді. Ресей мен Египеттің лаңкестікке қарсы тұру әдістері ұқсас. Екі елде БҮҰ басшылығындағы халықаралық құқық нормаларына сәйкес, оған қатысы бар жекелеген елдер мен діндерге қатаң қарау керектігін мойындаиды.

2000 жылдан бастап египет жағы Австрия, Эзіrbайжан, Босния, Канада, Сирия және Швецияда лаңкестік іс бойынша айып тағылған 25-тен астам өзінің азаматын экстрадициялауға қол жеткізді. Олардың кейбіреуі Луксордағы лаңкестік актіге қатысты бар деп айып тағылса, кейбіреуі «әл-Жихад» және «әл-Гамаа әл-ислямия» басшылығының өкілдері болатын. Жалпы бүгінде кейбір мәліметтер бойынша египет арнайы қызметі шетелдерде жүрген шамамен 290 мысырлықтарды іздестірген еді. Дегенмен арнайы қызмет өкілдері экстремистік топтармен байланысты және лаңкестік актілерді жасауға қатысы бар деген күдікті исламшылдарды экстрадициялау туралы мәселелерді шешуде бірқатар қызындықтар кездесетінін атап көрсете-

ді. Олардың айтуынша, Англия, Германия, Дания, Швейцария және де бірқатар елдерде жергілікті заңдар бойынша ұсталған мысырлықтарды Египет үкіметіне беруге тыйым салынған. Ал бұл өз кезегінде «төтенше жағдайлар туралы» заңдағы адам құқығын бұзумен түсіндіріледі (Arab Human Development Report, 2009:288).

Осылайша, ЕАР арнайы қызметінің шетел территориясында экстремистердің әрекеттерін жою бағытында жүргізіп отырған қызы іс-шаралары елдегі ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге әрекет ететінін айта кеткен жөн.

Елде радикалды ұйымдардың шетелдік бөлімшелермен байланысын жою үшін қаншама рет әрекеттер жасалса да, соңғы жылдары исламшылдардың экстремистік ұйымдардың орталықтандырылған басқармаларымен байланысын қалыпқа келтіріп отырғаны мәлім. «әл-Гамаа әл-исламия» басшылығы Усама бен Ладеннің империализммен, христиан және иудаизммен куресу бағытында құрған «Жихад ислам майданы» және «дүниежүзілік ислам майданы» құрамына кіргені белгілі. ЕАР арнайы қызметінің мәліметі бойынша 2001 жылғы қыркүйектегі АҚШ-тағы «әл-Қаїда» ұйымының мойнына жүктелген жарылыс туралы іс бойынша құдіктілердің арасында екі мысырлық бар еді. Египет басшылығы бұл ұйымның құрамына «әл-Гамаа әл-исламия» және «әл-жихад» топтарының қолтеген өкілдерінің кіретіндігін жокқа шығармады.

Окінішке орай бірқатар египеттік лаңкестік топтардың халықаралық террористік ұйымдар құрамына кіріп, әлемге қатер төндіріп отырғанын да айта кеткен жөн. Египетке мүмкін лаңкестікке қарсы тұру үшін халықаралық қауымдастықпен ынтымақтастықты ете жоғары денгейге көтергені де жөн болар. Дегенмен египеттік лаңкестікке, діни экстремизмге және ұйымдастан қылмысқа қарсы тұру әрекеті жағынан әмбебапты, әрі бұл ел тәсілдерін Араб Шығысының қолтеген елдері қолдануға болады. Сонда да Египетте лаңкестік жойылды деуеге әлі ертерек.

Египеттегі лаңкестіктің әрі қарай дамуына саяси тұрақсыздық пен экономикалық қындықтар түрткі болып отырғаны сөзсіз. Елдегі ішкі жағдайды тұрақтандыру үшін ел басшылығы қоғамды «біртіндеп демократияландыру» бағытын ұстанып отыр. Бұл бағыт либерализация белгілерін қамтамасыз ете отырып, президентке толықтай заң шығарушы және атқарушы билікті де сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Елдегі әлеуметтік мәселелердің шиеленісе түсіу де, экономикалық дағдарыстың тығырықты жағдайы да жағдайы нашар тұрғындарды қолдауға тырысатын фундаменталистік қозғалыстардың жандануына әкелетіні мәлім. Қоғамда экономикадағы жағымсыз құбылыстар және дағдарыстың ел жағдайын тығырыққа тіреу қаупі билікке исламшылдардың келуіне әкелетіні шындық деп санайтындар санаты кезінде ақ кездескен болатын. Бірақ әлеуметтік жағдайы нашарларды қолдайтын исламшылдардың қоғамда елдегі экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шеше алатын нақты жоба жоқ екенін қоғамда сезінеді. Кейбір экстремистік ұйымдардың өздерінің утопиялық пікірлерін жүзеге асыру ойлары тек бұл мәселелердің әрі қарай шиеленісе түсіне әкелетіні де сөзсіз.

Бұғінгі таңда да Египеттегі саяси жағдай тұрақты емес. Әрине радикалды топтардан ел қашып құтылмайды. 1995 жылы Хосни Мұбарақ айтқандай, Египетте қолмен бір сілтегенде барлық мәселелерді шешетіндей сиқырлы таяқша жоқ. Дегенмен билеуші саяси партия «ағайынды мұсылмандар» сынды ислам ұйымымен ынтымақтастық орнатқан еді. Халықтың басым қөпшілігін өз жағына топтастыра білген бұл ұйым өзін билеуші партияға бәсекелес екендігін бүгінде көрсете білді. Либерализация үрдісі дер кезінде болмаса да исламшылдардың бөлшектенуіне, оларды радикалды топтардан оқшауландыруға әрекет етеді. Египеттің билеуші топтары бір ғана күштеу әдістерімен ислам экстремизмдерімен күресуге болмайтындығын одан әрі жете түсіне түсті. Заңды қүші бар және дінге сенушілердің сенімін құрметтейтін, әрі адам құқығын сақтауға негізделген құқықты қамтамасыз етеуге бағытталған саясат қажет екені сөзсіз.

Қорытынды

Египет үкіметі әрқашан өздерінің исламға деген ілтипатын жокқа шығармайды. Олардың дінге деген қырағы қозқарастары өздерінің жағына дәстүрді қатаң сақтайтын топтарды тарта білді де, дегенмен олар елдің ішкі қауіпсіздігіне экстремистер мен заңды оппозиция тарапынан қатер төнгенде аянып қалмайды. Оған 2000 жылы парламентке сайлау кезінде үкімет «ағайынды мұсылмандар» ассоциациясының 700-ге жуық белсенділерін тұтқындағаны айғақ. Бірақ олардың басым қөпшілігі сайлаудан кейін босатылған болатын. 2001 жылғы 11 қыркүйектегі әлемді дүр сілкінтен АҚШ-тағы жан түршігерлік лаңкестік актіден кейін Еги-

пет билігі радикалды исламшылдармен күресін жалғастыра түсіп, бірқалыпты ислам топтарымен байланыстарын одан әрі жандандыра түсті (Примаков, 2002:83).

Өкінішке орай Египет және Таяу Шығыстағы ланкестік мәселесінің шешімі әлі де көп жылдарды талап етеді. Тек халықаралық қауымдастық ресми ислам өкілдерімен тығыз

ынтымақтаса отырып, өз әрекеттерін үйлестірген жағдайда ғана ланкестік пен діни экстремизмге төтеп бере алатыны сөзсіз. Осылайша Египет ланкестік және діни экстремизммен күресте біршама сәттіліктерге жете отырып, Араб Шығысы мен басқа да аймақтық елдерді осы зұлымдық құштермен бірлесе күресуге шақыра білген мемлекеттердің бірі болған еді.

Әдебиеттер

Роль Ислама во внутренней и внешней политике Египта (XX век): научное издание / А.Б. Борисов. – М.: Наука, Восточная литература, 1991. – 57 с.

Трофимов Д.А. Исламский фундаментализм в арабских странах: истоки и реалии // Восток. Афро-Азиатские общества: история и современность. – 1992. – №1. – 121 с.

Шаракшанэ С. Ислам и политический экстремизм // Религия и право. – 1999. – №4. – 26 с.

فاطمة أحمد سيد. اتفاق مصرى وكالة المخابرات المركزية. القاهرة، 2000. - 59 ص.

Тыссоуский Ю. «Исламистский интернационал» все больше угрожает

светским режимам арабского мира // Россия и мусульманский мир. – 1994. – №14. – 66 с.

Ражбадинов М.З. Радикальный исламизм в Египте. – М.: ИИИБВ, 2003. – 214 с.

Arab Human Development Report 2009. Challenges to Human Security in the Arab Countries. – NY: UNDP, 2009. – 288 р.

Примаков Е.М. Мир после 11 сентября. – М.: Мысль, 2002. – 83 с.

References

Rol' Islama vo vnutrenney i vneshey politike Yegipta (KHKH vek): nauchnoye izdaniye //A.B. Borisov.-M.:Nauka, Vostochnaya literatura, 1991.- 57 s.

Trofimov D.A. Islamskiy fundamentalizm v arabskikh stranakh: istoki i realii // Vostok. Afro-Aziatskiye obshchestva: istoriya i sovremennost'.-1992.- №1.- 121 s.

Sharakshane S. Islam i politicheskiy ekstremizm// Religiya i pravo.- 1999.- №4.- 26 s.

فاطمة أحمد سيد. اتفاق مصرى وكالة المخابرات المركزية. القاهرة، 2000. - 59 ص.

Tyssovskiy YU. «Islamistskiy internatsional» vse bol'she ugrozhayet svetskim rezhimam arabskogo mira // Rossiya i musul'manskiy mir.- 1994.- №14. - 66 s.

Razhbardinov M.Z. Radikal'nyy islamizm v Yegipte. – M.: IIIBV, 2003. –214 s.

Arab Human Development Report 2009. Challenges to Human Security in the Arab Countries. – NY: UNDP, 2009. – 288 r.

Primakov Ye.M. Mir posle 11 sentyabrya. - M.: Mysl', 2002.- 83 s.

Кагазбаева Э.М.¹, Бактыбекова Б.Б.²

¹саяси ғылымдар кандидаты, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдер университетінің доценті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Kagazbaeva.e@gmail.com

²Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдер университетінің магистрі, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: baktybekova.bekzat92@mail.ru

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ЖАПОНИЯ ЕЛІНІҢ ІСКЕРЛІК МӘДЕНИЕТІНІН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бұл мақалада Жапонияның заманауи іскерлік мәдениетінің ерекшеліктері зерттеледі. Жапон мәдениетінің бірегейлігі даму ерекшелігімен, халықтың жоғарғы тығыздығымен, географиялық орналасуымен және жапон тілінің ерекшелігімен түсіндіріледі. Жапонияның іскерлік мәдениетіне әсер ететін мәдени-тариҳи құндылықтарға талдау берілді. Авторлар жапондықтардың өзінің ұлттық мәдени мұрасын сақтай отырып, өзге мәдениеттің элементтерін қабылдау қабілеті оларда өзіндік айрықша сезімді бекіткен деген тұжырымға келді. Жапондық іскерлік этика едің мәдениетімен және жапондықтардың этникалық психологиясымен ажырамас байланысты.

Түйін сөздер: үйлестік, борыш, жапон менталитеті, іскерлік этика, конфуцийлік.

Kazarbaeva E.¹, Baktybekova B.²

¹candidate of Political Science, Kazakh Ablai Khan UIR and WL, Almaty, Kazakhstan. e-mail: Kagazbaeva.e@gmail.com

²master of Kazakh Ablai Khan UIR and WL, Almaty, Kazakhstan. e-mail: baktybekova.bekzat92@mail.ru

The features of modern business culture of Japan

In the given article were investigated the features of modern business culture of Japan. The uniqueness of Japanese culture is explained through historical peculiarities of development, height density of population, driven by geographical position and specific of Japanese language. Cultural and historical values which influence on business culture of Japan were analyzed. Authors came to conclusion that disability of Japanese people to exchange and adopt elements from other culture, while preserving the national cultural heritage by their own, strengthened in them a sense of their own exclusivity. Japanese business ethics is inextricably linked with the culture of the country and the ethnopsychology of the Japanese people.

Key words: harmony, duty, Japanese mentality, business ethics, confucianism.

Кагазбаева Э.М.¹, Бактыбекова Б.Б.²

¹кандидат политических наук, Казахский университета международных отношений

и мировых языков имени Абылай хана, Казахстан, г. Алматы, e-mail: Kagazbaeva.e@gmail.com

²Казахский университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Казахстан, г. Алматы, e-mail: baktybekova.bekzat92@mail.ru

Особенности современной деловой культуры Японии

В данной статье исследуются особенности современной деловой культуры Японии. Уникальность японской культуры объясняется историческими особенностями развития, высокой плотностью населения, обусловленной географическим положением и спецификой японского языка. Дан анализ культурно-историческим ценностям, которые влияют на деловую культуру Японии. Авторы приходят к выводу, что способность японцев перенимать элементы чужих культур, при этом сохраняя собственно национальное культурное наследие, укрепило в них чувство собственной исключительности. Японская деловая этика неразрывно связана с культурой страны и этнопсихологией японцев.

Ключевые слова: гармония, долг, японский менталитет, деловая этика, конфуцианство.

Kіріспе

Жапон капитализмі мен жапон іскерлік мәдениетінің ерекшелігін түсіну үшін жапон мәдениетінің тарихи дамуының шартын анықтап алуымыз керек. Жапондар өз мәдениеті арқылы барлық басқа халықтардан өтте қатты ерекшеленеді. Олардың бірегейлігі ең бастысы үш негізгі фактормен түсіндіріледі. Бұл – тарихи оқшаулық, географиялық жағдайына негізделген халықтың ерекше тығыздылығы және жапон тілінің өзі.

Жапондар ірі қалаларда өте көп шоғырланған. Олар құрделі әлеуметтік дағдыланған, нәтижесінде «өрмектелген қогам» ретінде белгілі феномені пайда болған. Яғни, адамдар біршама өзара тәуелді және араларында вертикалды және горизонталды болса да болуы мүмкін ірі рухани және әлеуметтік міндеттер бар қогам. Бұның барлығы дүниеге келген сәттен басталады. Батыста «нетворинг» деп аталатын болмасты «өрмектелген қауым» артықшылығынан жапон бизнесмендері алып отыр. Жапондықтар жеке қалуды және жалғыздықты ұнатқанымен, олар бизнеске қатысты болғанда біргелік сөзге жақын.

Қазіргі жапондардың тұрмыс салты шет елден алынған және өзінің мәдени мұрасы деп мұқият бөлуі, жапондардың басқа мәдениет элементтерін алуы, тіпті әлемді басқаша көрүдегі нәзік талғамы олардың өзіндік ерекшеліктерін төмөндепей, керісінше нығайта түседі.

Негізгі бөлім

Жапон іскерлік этикасы елдің мәдениетімен және этнопсихологиясымен тікелей байланысты. Батыс құндылықтар жүйесін қабылдай отырып, Жапония өзіндік ойлау ерекшелігін жоғалтқан жоқ. Бұл ерекшеліктерді зерттеу жапондардың логикасын жақсы түсінуге және келіссөздер уақытында жақсы түсінуге немесе кең мағынадағы мәдениаралық сөйлесу кезінде өзара қатынастарды үйлестіруге көмектеседі. Осы кейбір өзіндік ерекшеліктерде жапон қогамындағы дәстүрлі әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерді қарастырсақ, оның ішінде жапон құндылықтары жүйесінің негізі үйлесімділік (*ва*) болып табылады. Бір жағынан, бұл топтық бірлесу мен шешім қабылдаудың көзі. Екінші жағынан, бұл қафыда әріптестік пен өзара түсініктік қамтамасыз етеді, сабырлылықты және адамдар арасындағы тұзу және иғі карым-қатынастарды, олардың мақсаттарының келісімділігін талап етеді. Жапондарға шектен шығып кетпеу, біреуінің пайдасына екіншісінен бас тартпау, пікір сәйкестендіру тән. Адамдар

барлығы келісімге келгенше, дауласып, бірін-бірі сендей алады. Индивидтер жеке жетістік пен жеке әрекеттерге қарағанда, топтық жетістік пен бірлескен әрекеттерге тырысады. Әріптестік – жапондардың дәстүрлі құндылығы. Жапон мәдениеті сөзсіз, бәсекелестікке қарағанда әріптестікті жоғары қояды.

Жапондардың бірегейлігін анықтайтын дәстүрлі адамгершілік жүйесіне толық талдауды қажет етпейтін сала мен үлгі жиыны кіреді. Бұл *ги* – өзінің борышында орындау; *китэн* – өзгелердің мұдделеріне қамқорлықпен қарау, өнегелік таныту; *ձиндэ* – басқаларды кешіре білу қабілеті; *энрे* – басқалардың мұддесін ескере отырып, өзіне артықшылықтар алмау үшін өзіне қажеттіден бас тарту, төзімділік; *харагэй* – адамдарды ренжітпеу, әріптестің алдында өзінің беделінді түсірмес үшін (өзінің беделін түсірмес үшін), әсіресе сөйлеу кезінде тікелей бірбеткей тарапты ұстанбау (*харагэй* қебінесе жапондықтарға басқалардың алдында бірнэрседен бас тарту мүмкіншілігін бермейді); *исин-дэнсин* – *харагэйді* қолдануды женілдететін үнсіз түсіністік; *акарасама* – ашықтық; *гаман* – төзімділік; *гамбару* – сонына дейін өзін-өзі ұстаяу, киын жағдайдан дұрыс шығу; *омоиари* – қоршаған ортага сүйіспеншілік; *итавари* – әлсіздер мен қуаты жоқтарға қамкор болу (Богучарский, 2011: 55).

Аталған ізгі істер тек жапондықтарға ғана емес, сонымен қатар көптеген ұлттарға тән. Айырмашылығы Жапонияда ол осы ізгі істер сакралданған. Олардың көбісі жаһанданудың терең өзгеруі әсерінен түрлендірілген. Жастар сойлесу барысында тік айту мен ашықтықты қалайды. Жапондықтар сойлесуде ашық болып келеді, келіссөздерді жүргізуін европалық үлгісін қабылдайды. Соған қарамастан, *ва* (үйлесімділік) сияқты іргелі құндылық тұрақты болып қала береді.

Батыстық ойлау үшін нақты мақсатты тұжырымдау мен дилеммаларға сүйену («немесе-немесе») тән, дәстүрлі логика заңы – «үшіншіні болдырмау» заңында көрсетілген. Мұндай жүйелерді сызықтық, яғни бір мәнді шешімі бар деп атауға болады. Кейбір шығыстық, оның ішінде жапондық ойлау жүйелері үшін трилемма тән: шешімді «немесе – немесе» сызықтық оппозициясынан таппайды, «мынау да, анау да емес, мұлдем өзге» – «мынау да, анау да емес, басқасындағы біреуі» деген өзге көзқарастан табады (Богучарский, 2011: 55).

Ұлттық сана архетипінің арасында *фуни ұғымы* («екеу емес») материалдық және рухани

құндылықтың бөлінбейтіндігін және бірыңғай мәнін білдіреді, ол батыс дүниетанымында көбінесе қарама-қарсы қойылады. Жапондықтарға бастапқыдан-ақ талдау мен бөлшектеу тән емес, синтез бер үйлесімділікке жақын. Жапондықтардың ойлау жүйесінің осы ерекшелігі көбінесе әрптестерін ынғайсыз жағдайға қалдырып, еріксіз таң қалдырып, келіссөздерде бір шешімге қондіруде айқын көрінеді.

Жапондық менталитеттің ерекшелігі синтездеу қабілетінен құрылған, ал батыс ойлау қабілеті, ең алдымен талдауға негізделген. Жапондықтар үшін элементтерді жекелеп қабылдағаннан, тұтас қабылдау табиғи нәрсе.

Батыс демократиясымен толықтай үйлесеттін және сондай-ақ жапон менталитетінің ерекшелігін көрсететін үш негізгі қағиданы көрсетуге болады. *Біріншіден*, дәстүрлі жүйе шешім қабылдауда топ мүшелерінің ең көп санын қамтамасыз етуге ұмтылады. *Екіншіден*, шешім қабылдауға ұсынылған оның барлық мүшелерінің бәтуаластығы негізінде қабылданғаны орынды. *Үшіншіден*, егер жоғарыда аталған екі жағдай сақталса, үйим қабылдайтын шешімнің мазмұны маңызды емес. Басты мақсат – келісім.

Мәйдзиді 1868 жылы қайта қалпына келтірген соң Жапония барынша жаңғыртылды, ал Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін аз уақытта өздерінің кираган елін қуатты экономикалық державаға айналдырыды. Бүгінде жапондықтарды көбінесе ынталы, табанды, зейінді, кейде тіпті еңбеккор деп те атайды. Осындай сипаттаманы ең алдымен *гамбари* суреттейді. *Гамбари* баяғы уақыттан бері дамыған және келе жатқан заманауи жапон мінезінің тұрақты компонентін сипаттайды. *Гамбари* – Жапонияда жиі қолданылатын сөз, оның негізгі мағынасы: өзіне байланысты барлығын істеу, бар энергия мен табандылықты көрсету, мақсатқа қол жеткізуден қайтпау. Жапонияда «жұмыс істемеген монах, тамақ ішпейді» деген мақал жиі пайдаланылады. Уақыты болып, ештеңе істемеу немесе жұмыс істемеу – осындай жағдай жапондықтарда жағымсыз әсер тудырады.

Сондай-ақ *гамбари* тудыратын мәселелерде бар: бұл *кароси* – жұмыстан қажығандықтан болатын өлім. Адамдар көбінесе ешқандай үзіліссіз және демалыссыз жұмыс істейді және соның нәтижесінде жүрек талмаларынан немесе инсульттен өлеңді. Х. Каватаның зерттеулері болынша: «... артық жұмыс істеудің себебін жұмыс істеушінің табанды мінезінен және кәспік-керліктің төркінінен іздеген жөн. Біріншіден, жұмысшының жатуы – *гамбари* – оған демалуға

мүмкіншілік бермейді. Екіншіден, компанияның барлық ахуалы табанды енбекке, *гамбариға* бағытталған. Осы төмен бағалау оның қызмет бойынша жылжуна кедергі келтіретін болады. Ал артық жұмыс істегісі келмейтіндер жұмыстан босатылуы мүмкін» (Роджер Дж. Дэвис, Осаму Икэно, 2006: 81). Сондай-ақ *гамбари* жапондықтардың бірбеткейлігінің себептерін де табуға болады. Бүгінде заманауи Жапониядағы *гамбари* тұжырымдамасы өзгерістерге ұшырауда. Бұл ең алдымен жастардың заманауи проблемаларымен байланысты: жастар еркіне жіберілген, мектепте ойран салулар көбейді, жастарда бос уақыт пайда болды.

Неге Жапония басқа елдерге қарағанда тезірек жаңғыртылды? Жапония шет мәдениет элементтерін алудың ұзақ дәстүріне және оларды өздерінің құнделікті өміріне бейімдеуге ие. Бұл үдерісте *ийтоко-дори* тұжырымдамасы маңызды рөл атқарды. Жапонияда діни төзімсіздік тіпті жоқ. Жапонияда этикалық құндылықтар ұғымы көмескі және адамдардың көзқарасының өзгеруімен бірге және пікірталас өтетін контекстіге байланысты түрленеді. *Ийтоко-дори* ұзақ тарихы нәтижесінде жапондықтар қысқа уақытта және ешқандай қындықсыз өзінің көзқарасын өзгертуге қабілетті, ол жапон қоғамын жалпы алғанда аса тиімді етіп көрсетеді. Жапондықтардың жол берушілігі үшін жауапкершілікті *ийтоко-дорига* жатқызуға болады.

Жапондықтардың тәртібіне көп жағдайда олардың тілі әсерін тигіздеді. Бенджамин Уорфтың теориясы бойынша біз сөйлейтін тіл көп жағдайда біздің ойлау жүйемізді аныктайды. Жапондықтардың өзі басқаларға қарағанда тілді тіпті өзгеше пайдаланады. Жапон тілін көбінесе анық емес және екі мәнді деп санайды. Мысалы, ондағы етістіктердің жақтық тұлғасы жоқ, сондықтан көбінесе кім туралы айтылатындығын түсіну мүмкін емес. Тілдің осы белгісіздігін жақсы түсінетін жапондықтар ешкімді кінәламау үшін немесе өзінің сыпайылығын көрсету үшін өздерінің сөздерінде арнайы пайдаланады. Басты пікір алдында ұзақ қосымша ұсыныстар түр. Жапонияда барлығының өзінің контексті бар, сондықтан тікелей айту қысқа және орынсыз болады. Жапондық менеджерлер бүйрек бермейді, олар тек не істелу керектігін мензейді. Ешқандай жапондық босс «Кеңседен шығындар» деп айтпайды. Ол өзінің бағынышты қызметкерлеріне «Біз сағат 12-де маңызды клиенттерді күтіп отырғандықтан және олардың біздің компаниямыз туралы оң көзқарасы қалыптасуы үшін біз осы жерді тәртіпке кел-

тірсек дұрыс болар еді». «Қыркүйек айы үшін сағат 17.30-да есеп берілсін» бұйрығы жапонша мынадай түрде болады: «Бұгін 10 қазан, солай емес пе? Біздің тексерушіміз қыркүйек үшін әлі есепті талап еткен жоқ. Ертең ол келсе, мен оған таңырқамаймын. Одан бәрін күтүге болады ...». Белгілі бір бұйрық берілмейді – оған қажеттілік жоқ, себебі қызметкерлер өздерінің есептерін дайындауға және тексеруге асырып бара жатады (Роджер Дж. Дэвис, Осаму Икэно, 2006: 125).

Жапон тілінің қоғамды сипаттайтын тағы бір көрінісіне мысал: онда төлеу сөз жоқ. Жапондықтар біреудің сөзін біреуге айтуды жақтырмайды, себебі оны айту кезінде айтқан ойдың дәлдігін сақтау мүмкін емес. Ал, бұл, өз кезегінде өкпелеу үшін әділетсіз себептің туындауына немесе түсінбестіктің себебіне айналуы мүмкін. Жапондықтар барлық жеке сөйлесулер құпия және оны басқаларға таратылмауы тиіс деп санайды.

Осылайша, өркениеттік-мәдени контексте жапондықтар өздерін будда-конфуций-синтоист кешеніне негізделген ежелгі шығыс өркениетінің бөлшегі ретінде сезінеді.

Жапонияда өзара сенім үйлесімді өмір сұрудің негізі саналады. Сенім үйлесімділік (*ва*) пен әділдіктің (*ձзинги*) туынды тұжырымдамасы болып табылады және бір-бірінің мүддесі туралы қамқорлықты білдіреді. Сенімнің арқасында ынтымақтастық қатынастары айрықша беріктікке ие. Жапониядагы бизнес ең алдымен әріптестермен қатынасқа негізделген. Жапондықтар әдетте абсолютті сенгендермен ғана жұмыс істейді.

Сонымен қатар, жапондықтар үшін тұрақты (және) салттық сөйлесу іскерлік қатынастарды құрудың алдын алады. Әлеуетті шетелдік әріптес ұзақ коммуникацияға және ынтымасының ұзақтығы қабілетіне арналған уақытша факторға синалады. Егер салт тұрақты қайталанса және қатынастардың оң контекстін сақтауды растаса, жапондыққа бизнес сатысына ауысу үшін қажетті ыңғайлыш жағдайға қол жеткізуге мүмкіншілік береді. Инвестициялық банкир жапондықтың сөзінен осындай тәсілді сипаттауды келтіреміз: «Біз бір-бірімізді білетін едік, бірақ бизнес болған жоқ, кейде қандай да бір кеңестер беріп, біреумен таныстырып журдік. Біз ай сайын емес, екі-үш ай кемінде бір рет, яғни басаяғы 4-5 рет кездестік, екі-үш күн бірге өткіздік. Және біз тек бізнесіт ғана емес, сондай-ак отбасыны, хоббиіді, ойлау түрі сияқты қоптеген заттарды талқыладық. Егер мен онымен жұмыс істей туралы ойлауда өзімді ыңғайлыш сезінsem ғана, оның компаниясына инвестициялаймын»

(Стоногина). Батыс адамының осындай қатынас режиміне шыдамай, перспективасы жоқ коммуникацияны бұзғаны туралы қоптеген мысалдар бар.

Іскерлік этикада бірінші рөлді конфуцийшілдік алалды. Барлық нәрседе шыдамдылық – ең маңызды қағидалардың бірі. Конфуций айтқан: «Мен орталық жолмен жүретін өзіме серіктес іздел таба алмайтындықтан, не тым жігерлі, не шамадан тыс сақ адамдарды алуға тұра келеді. Біріншілері тым көп, екіншілері тым аз істеуге асыгады» (Малявин, 1992: 33). Конфуцийшілдік қажетті мен ықтималдың қандай да бір шарасы ретінде «ортасын» іздеуге тұрақты бағытталған. Ғаламдану дәүірінде конфуцийшілдік «ортасы»: «уақытқа сәйкес келуді» шақыратын құраушы білім бекігені, өз тәжірибелді қайта қараша нақтыланады.

Жапон қызметкерлері өте рационалды және сындарлы. Әлемді конфуцийшілдік қабылдаудың икемділігі, ішкі тәртіп пен адалдыққа негізделген іскерлік этика, әрине Жапонияның батыстың қоптеген әлеуметтік қағидаларды тығыз байланысты қабылдаудың біршама рөл атқарды.

Елдегі іскерлік келіссөздерді жүргізу тәжірибесі мен ұлттық, мәдени және психологиялық ерекшеліктердің әсерінен қалыптастан, іскерлік байланыстарды орнату мен дамытудағы жапон бизнесмендерінің «тәртіп кодексінде» анықталған шешімдерді қабылдау рәсімі – яғни, әдетте «іскерлік этика» ұғымында келтірілгендер батыс іскерлік әлемінің өкілдерінің тәртіп қағидалары мен нормаларынан біршама айырмашылығы бар.

Жапондықтарға келісімге келу алдында қарама-карсы пікірлерді айтатын екі тараптың істі және келіссөздерді жүргізуін батыстық әдісі тән емес. Олар мәселені достық ахуалда шешкісі келеді және түпкілікті келісімге қол жеткізгенге дейін ол үшін алдын ала негізді (жапонша – *нэмаваси*) дайындалап, уағдаластыққа келуге тырысады.

Әдетте, Жапонияда шешім қабылдау үшін консенсуске келу кажет. Жапонияда ынтымақтастық жоқ болса, мәселені шешу киын және әріптестермен қатынастың жай-күйін есепке алу ауқымды жобалардың сәттілігі мен құлауы үшін үлкен мәнге ие болады. Сондықтан әрекет алдындағы астыртын епті тәсілдер өте маңызды, олар *нэмаваси* деп аталады.

Басқа да қоптеген елдердің (оның ішінде, батыс елдерінің) іскерлік мәдениетінде жиналыс (келіссөздер) алдында дайындық жұмысын

өткізу қабылданған. Бірақ мынадай айырмашылықтар бар:

Біріншіден, жапондықтар мәселені бірауыздан мақұлдау арқылы шешеді. Бастық неғізінде шешім қабылдау құқығына ие болса да, тәжірибеде талқылауға қатысқан әрбір мүшениң келісімі қажет. Сондықтан, жапондық ұсыныстың өтуіне көз жеткізгісі келсе, ол міндетті түрде алдын ала басқалардың – оппоненттердің ғана емес, сондай-ақ ұсынысты жақтаушылардың да пікірін анықтауға тырысады. Егер ол оны істемесе, сұралмағандар «Біз ол туралы ештеңе білмедік» деп айтуы мүмкін. Іс жүзінде солай болды ма немесе олай болмады ма, бірақ осындай өтініштен кейін ұсынылған шешімге қарсы шығуға жеткілікті болуы мүмкін. Қөптеген батыс елдерінің ішінде басшы шешімді қабылдау құқығын сақтайды және кез келген ұсынысты оны талқылау нәтижесіне байланыссыз жауып қоюы мүмкін. Сондықтан батыс елдерінде адамдар дайындық жұмысын шешуші дауыс құқығы тиесілі адамға қатысты ғана жүргізуге тырысады (Роджер Дж. Дэвис, Осаму Икэно, 2006: 107).

Екіншіден, жапондықтар қөптеген шешімдерді жиналыста мәселелерді талқылауға деңгейде қабылдауға тырысады, себебі олар қөпшіліктін алдында өзінің жеке пікірін ашық айтуда қиналып, өздерін көбінесе ыңғайсыз сезінеді. Өсірсек, Жапонияда толықтай теріс ұстанымда болған қынырақ, себебі пікір мен сезімдер көбінесе біртұтас ретінде қабылданады. Сондықтан, егер кімде кім логикалық және тиімді болғанына қарамастан, кенеттен қарама-қарсы ұстанымды ұстанса, қоршаған адамдарға мұндай тәртіп ұятты және жәберлеу ретінде қабылдануы мүмкін. Сонымен қатар, тіпті біреудің идеясы сыйналмаса да, оны тікелей талқылау адамдардың ашуын келтіруі мүмкін. Сондықтан Жапонияда жиналыстар формалды шара тәрізді өтеді және қөптеген маңызды шешімдер алдын ала, *нэмаваси* үдерісінде қабылданады. Қөптеген батыс елдерінде тек жиналыстарда ғана мәселелер талқыланып, түпкілікті шешімдер шығарылады. *Үшіншіден*, *нэмавасидің* ерекшелігі – негізгі постулаттарды хабарлау, баяндау тиімді жарнамаға бағытталған. Ақпарат бірауыздан қабылданған шешімге қол жеткізуді жеңілдетуі және жиналыстарда дауларды болдырмауы тиіс. Өзгелерді талқыланатын ұсыныстың артықшылықтарына сендіруге бағытталған. *Нэмаваси* ерекшелігі бар жапон жағдайларында қалыпты жұмыс істей үшін қажетсіз қақтығыстарды білдірмейуге арналған және адамдар *нэмавасиді*

орынды пайдаланса, қажетті нәрсеге қол жеткізеді, жақсы мансапқа ие болады және қызмет сатысымен тез көтеріледі (Роджер Дж. Дэвис, Осаму Икэно, 2006: 108).

Жапон бизнесмендерінің іскерлік қатынастарды аяқтау тәсілі батыстықтарға қарағанда өзгеше. Алдында іскерлік қатынастар жүргізілмеген жапон компаниясына бағытталған қандай да бір сыртқы сауда операциясын жүзеге асыру ұсынысы бар жазбаша хабарлама көбінесе жауапсыз қалады.

Жапон бизнесмендері әлеуетті әріптестермен тікелей байланысты қалайды. Аталғандар көбінесе ірі корпорацияға қарағанда шағын және орта фирмаларға жатады, бірақ екеуіне қатысты танысуың міндетті тәсіліне ынтымақтастық туралы ресми ұсынысты бағыттау арқылы үйлесімге компанияның өкілдерімен жеке кездесу жатады.

Жапонияда делдалдар арқылы іскерлік әріптестермен танысу тәжірибесі кеңінен таралған. Делдар рөлінде жапондық бизнесмендер не қандай да бір ел үйімінің Жапонияда аккредиттелген өкілдері қызмет атқарады. Делдалдық қызметтер жапондық фирмамен қатынаста қандай да бір қындық туындаса, пайдаланылуы мүмкін.

Тәжірибеде Жапониядағы сөйлесулерде визит карточкаларын пайдалану үлкен мәнге ие. Визит карточкаларын алмастыру бір қарағанда қарапайым және формалдылық болып көрінгенмен, жапондықтар өздерінің визиткаларын кімге және қандай жағдайда бергеніне ұқыптылықпен қарайды. Көбінесе іскерлік әлемде немесе қоғамда дәрежесі тен адамдар арасында келісіздің жүргізілгеніне мән беріледі.

Дәстүрлі мораль өкілдері бойынша төменде түрғандармен тен ресми сөйлесу «ұятқа қалдыруға» әкеліп соғады. Сондықтан бірінші кездесуде жапондықтар әңгімелесушінің еңбек жолы, оның жасы, лауазымы туралы жалпы білуге тырысады. Карапайым сыйайылықтан бөлек тағы бір мақсат көзделеді: келіссөз қатысуышылары «өкілдерінің деңгейлері» сәйкес келетіндігін анықтау. Өкілдік деңгейінің тіпті бір сатыға сәйкес келмеуі жапондықтардың санасында дәрежесі бойынша жоғары ұсынылған тарап іскерлік әлемде не аса аз «салмақ санатына» жатады, не сұраушы рөлінде екендігін білдіреді.

Жапондық фирмалық немесе үйімның өкілінің нақты деңгейін түсіну үшін олардың көлемінің жалпы белгілерін, мәртебесі мен ішкі құрылымын, сондай-ақ өкіл лауазымының жапондық атауын білу қажет.

Жоғарыда айтылғандардан бөлек, жапондық фирмамен келіссөздер мен кездесулер кезінде жалпы қабылданған іскерлік әлемдегі тәртіп нормаларын сақтау маңызды.

1. Жапондықтар қандай себепке байланысты туындағанына қарамастан, кешігүе қынжыла қарайды. Бұл әсіресе фирмалық басшылығымен және бірінші кездесулерге қатысты. Болмаған жағдайда, күтілмеген кешігу кезінде жапондық әріптесті телефонмен ескертіп, кешігу уақытындағы кездесу ұзактығын қыскарту қажет.

2. Жапондық компанияларымен келіссөздердің басталуы әдетте формалды болады. Олар үшін бірінші кезекте делегация басшыларының арасындағы сәлемдесу («айсау») орын алады, осы сәлемдесулердің мазмұны әдетте жалпы сипатка ие болады. Жапондықтар батыс іскерлік адамдарына қараганда сәлемдесумен ресми алмасуға үлкен мән береді. Жапон фирмасының президенті мен шетел қәсіпорынының басшысы немесе жапон бизнесмендерін таныстыратын ұйым арасында жеке байланысты орнату еki тараптың берік іскерлік байланыстарды орнату ниетінің маңыздылығы туралы куәландырады, сондықтан келіссөздер басында болашақта ынтымақтастықты дамытудың мүддесі үшін жапондық іскерлік этиканиң осы қағидасын орындау қажет.

3. Ірі мәмілелерді жасау жөніндегі келіссөздердің жүргізу кезінде негізгі мәселелерді талқылауға дереу кірісе отырып, оқиғаны жеделдетуді болдырмаған орынды. Жапондықтар жағдайды зерттеуде шектен тыс асқан дәлдікті қалайды және тиісті бөлімше қызметкерлерінің көбісін барлық қажетті ақпаратпен таныстыруға ұмтылады. Шешімді қабылдаудың дәстүрлі жүйесінің («рингі») мәні мәселені қарауды мүдделі тұлғаларға ғана ұсынбай және оны шешудің тәсілдерін келісуді фирмалық басшылығымен ғана жүзеге асырмай, сондай-ақ пайдалы алуға болатын немесе ұсынылатын шараларды жүзеге асыруда көмек алуға болатын катарагы қызметкерлерге де ұсынған жөн. «Рингі» рәсімінің артықшылығы қабылданатын шешімдердің сапасын арттыруда, оларды іске асыруды ынталандыруда, сондай-ақ шешімді өмірге ендіруді үдерісін жылдамдатуда, себебі келісу сатысында шешімдерді орындаудың нақты жолдарын үйимдастыру мен анықтау жөніндегі барлық қажетті жұмыс жүзеге асырылады. «Рингидің» кемшиліктеріне талқылау үдерісінің ұзактығы мен қолайсыздығы және әріптестермен келіссөздердің жүргізу жатады.

4. Діни-философиялық тақырыптағы даулардан қашу қажет.

5. Сыйлықтар Жапониядағы қалыпты жағдай саналады, әсіресе жаңа жылға дейін және одан кейінгі кезеңде, сондай-ақ қоқтемнің ортасында. Жапондық этикалық дүниетаным бойынша сыйлық алушы солай жауап беруге міндетті екенін назарға ұстанған жөн, сондықтан тым қымбат сыйлық жапондықты ынғайсыз жағдайға алып келуі мүмкін. Сол себепті өзініз алған сыйлықты сыйлық берушінің қасында тұрып ашуға және қарауға болмайды.

6. Келіссөздердің жүргізу кезінде сондай-ақ жапон тілінің сөйлеу құралы мен ойды жеткізу пішіні ретіндегі ерекшелігін ескеру қажет. Жапондықтарға тән ойды көрсету тәсілі шетелдіктердің оңай бүрмалаңға түсіруі мүмкін, себебі оған астарлы сөзбен жеткізу мен ассоциативтілік тән. Бұл растау мен мойындау сөйлемшесі сияқты сөйлеудің қарапайым түрлеріне таралады. Жапондық «хай» («иә») сөзі әнгімелесушінің сөздерімен келісуді емес, берілген ақпараттың дұрыс қабылданғанын білдіреді және әріптесті тындауды және түсіну дайындығы туралы куәландырады. Ол теріске шығару түсінігіне де қатысты. Жапондықтар өтініштен немесе ұсыныстан тікелей бас тартудан қашуға тырысады және «бұл өте қыын» немесе «мұны тыңғыштықты зерттеу қажет» сияқты астарлы сөзбен сөйлемді қалайды. Ол әріптеспен түсіністік орын алмас үшін, барынша үйлесімділік мен достық үйлесімін сақтау үшін жасалады. Жапон психологиясы бойынша бірден бас тарту бір тараптың намысына тио мүмкін.

7. Тіпті айрықша жағдайларда да ашуды көрсетпеу. Барлық уақытта құліп, тыныштықты сақтау. Айқаулау мен агрессивті ишара-ым қимылдары – бұл, жапондықтардың пікірінше «жат жерлік варварлардың» белгілері. Ерекше ризашылық пен өтініп кешірім сұрау жағдайды өзгертуі мүмкін.

8. Қызметтен тыс уақытта іскерлік әріптестермен сөйлесуге үлкен рөл беріледі. Талқылауы әр түрлі қайшылықтар тудыруы мүмкін өзекті мәселелерді жапондықтар көбінесе мейрамханалар мен барларда, ресми емес қалыпта шешуді қалайды.

Жапон бизнесмендері ортақ ымыралы шешімге келу үшін, қақтығыс нүктелерін шешу үшін арбитраждың көмегіне сирек жүгінеді. Келіссөзде көп шегінген тарап дәстүр бойынша қандай да бір мәселені шешуде артықшылықтар алуға сенеді. Әріптестермен қатынастарды үйлестіруді сақтауға үміт арту ізгі іс болып саналады, оған сыйақы берілуі тиіс. Нәтижесіне қарамастан Жапонияда істің қалай жүргізілетіндігіне айрықша назар аударылады.

Жарнамалық іс-шаралар мен материалдарды өзірлеуде, қаптама мен жапон нарығында сатуға арналған тауарларда жапондықтардың қабылдау ерекшеліктерінің бірқатарын ескеру қажет. Сыртқы түріне және эмоционалды қабылдау аспектілеріне көп мән беріліп, қаптамага қойылатын жоғары талапқа және бұйымның сыртқы түріне, сондай-ақ жарнаманың графикалық және түрлі-түсті шешіміне, оның ассоциативтілігіне себепші болады. Қаптама көзге түсетіндей және функционалды болуы тиіс, ал жарнама көрнекі болып, оң әсерлі ассоциация тудыруы тиіс, Жапонияға тән тұтынушылық қағидаларды қанагаттандыруы тиіс. Ол үшін жапондық тұтынушы мен бизнесменнің психологиясын, ойлаудың сипатты ерекшеліктерін, өмір сүрудің өзіне тән ерекшелігін жақсы білу қажет.

Іскерлік келіссөздер уақытында жапондық тарап әдетте айтылған сөзді абайлап және сақтықпен жеткізеді, олардың позитивті ұндысүіне мән береді, келісім мен өзара түсіністік жасауға ұмтылады, іс-шараның «сценарийін» қатаң ұстауға тырысады, әлеуметтік саты қатынасын ұтайды. Коммуникативті стратегияда сөз тапқыштыққа екінші орын беріледі; ауызекі коммуникацияда әдеттегі мінез-құлық басым орын алады. Сәтті әзіл, сөздермен ойнау немесе бұрып сөйлеу реєми байланыстар уақытында барлық уақытта лайықты және орынды санала бермейді. Жапон өкілдері әдетте тікелей қыспакқа алудан қашады, оппонентін ыңғайсыз жағдайға қалдырудан ыңғайсыздынып, сондықтан формальды-ауызекі диалогты таңдайды.

Жапондықтар келіссөздерде әдетте ашық бас тартудан қашуға тырысады және әдетте, әріптесін және өзін де ыңғайсыз жағдайға қалдырmas үшін әр түрлі әвфемизмге жүгінеді. Дипломатиялық тарихта, мысалы, АҚШ президенті Ричард Никсон мен Жапония премьер-министрі Сато Эйсакудың арасындағы келіссөздерде орын алған эпизод кеңінен танымал. Америкалық президент жапон тарарапынан тоқыма экспортын қысқартуды сұраған, оған жапон премьері «Дзэнсё симасё» деп жауап берген, ол тікелей мағынасында «Тиісті шаралар қабылдауга тырысамыз» дегенді білдіреді. Бұл жауапты Никсон «Мәселені оң шешеміз» деп үккан. Жапондықтар бұл жауапты сыпайы бас тарту немесе «Басқа нәрсе туралы сөйлесейік» фразасы ретінде қабылдаушы еді. Басқаны ойлап, өзгені айту – жапон мінез-құлығының өзіндік ерекшелігі. Бұған жапондықтарды кінәлау қын: «жок» деп айтпау дағдысы тарихи қалыптасқан *ва* (үйлесімділікті) сақтаумен түсіндіріледі (Василенко, 2011: 223).

Келіссөздер барысында ағылшын немесе француз тілдерінің жүйелеріне қарағанда, жапондық тілдік жүйе алуан түрлі екендігін басты назарға алған жөн. Ағылшын тілінде шамамен ең жиі қайталанатын 5 мың сөз 93,5 пайызында қолданылса, француз тілінде 96%-ы қолданылады. 90 журналдың лексикасын зерттеу негізінде анықталғандай, жапон тілінде мәтіннің 93,5%-ын түсіну үшін 15 мың сөз және оны 96%-да дұрыс түсіндіру үшін 22 мыңнан астам сөз білу қажет.

1-кесте – Жапондық және американлық басқару мәдениеті әдістеріндегі айырмашылықтар (Володина, 2010: 175).

Әдістері және өлшемдері	Жапония	АҚШ
Басқарушының сипатын анықтайды	«Группизм», команда мүшесі	Айқын көрінетін жеке адам, «жалғыз касқыр»
Қызметкер арасындағы карым-қатынас	Өзара тәуелсіздік ынталандырылады	Тәуелсіз тәртіп ынталандырылады
Жұмыскерлердің компания ісіне араласуы	Максималды	Минималды
Күзыреттілік өлшемдері	Жеке тұлға, кең профиль маманы	Қабілеттілік, дарын, жеке маман
Шешім қабылдау	Жоғарыдан төменге қарай, асықпай, келісілген	Жоғарыдан төменге қарай, тез, жеке дара
Қызметкерлер арасындағы байланыс	Формалды емес	Формалды, ауызекі немесе хатпен
Қатарында болушылық сезімі (адалдық)	Жоғары	Төмен
Өзгерістер жүргізу	Ақырындал, жеке өзгертулер мен жақсартулар арқылы, «сыларап-сипау әдісімен»	Шешімді, толық, «хирургиялық»
Алға жылжу өлшемдері	Үлкендігі бойынша	Жеке еңбегі

ды по Японским островам следует признать тот факт, что по сей день большинство верующих японцев исповедуют буддизм наряду с синтоизмом» (Ильина, 2007:3).

Что касается распространения конфуцианства в Японии, то Нагата Хироси дает следующее определение: «конфуцианство как таковое с самого начала представляло собой «разжиженное религией» идеалистическое мировоззрение, представляло такую идеалистическую философию, которая порой содержала в себе элементы религии; и потому оно теоретически обосновывало религию как «почитающую духов и божеств» (Хироси, 1991: 107). И только в период Токугава (1603-1868 гг.) японское конфуцианство приобрело статус самостоятельной идеологии. О том, в каких условиях и для каких целей служило конфуцианство, написано в книге «Японский феномен»: «Оно сложилось в условиях развития городов, среди самурайства и характеризовалось религиозной (нередко сочетающейся с синто), этической и социально-экономической (теория управления государством и подданными) направленностью. Хотя конфуцианство и утверждало самостоятельность разума по отношению к вере, оно не опиралось на достижения естественных наук, а служило, главным образом, сохранению феодального строя с его иерархией, слепо придерживаясь традиционных китайских доктрин. Укоренение конфуцианства было связано с потребностью развитого феодального общества утвердить, в отличие от диктуемого буддизмом иллюзорного восприятия мира, новые взаимоотношения людей, более сложные образцы поведения, нормы и ритуалы. Ритуалу придавался объективный характер, ибо его нельзя было вывести из субъективного «врожденного знания» любого человека. На этой концепции ритуала был основан, в частности, Бусидо (путь самурая). Значимость ритуала во всех сферах деятельности японского общества, т.е. конфуцианские нормы повседневной жизни сохраняются и по сей день. Из всех течений конфуцианства японскому обществу наиболее близким оказалось чжузианство с его критическим осмыслением канонических текстов, пристальным вниманием к природным явлениям. Будучи строго систематизированным учением, оно более всего отвечало интересам самурайства, утверждению кодекса классовой морали, основанной на принципах сословности» («Японский феномен», 1996: 14). Причиной, по которой чжузианство (западные ученые называли неоконфуцианство) власти Японии

легко приняли и внедрили в японское общество в качестве учения, возможно, кроется и в том, что в главном трактате Чжу Си «Путь правления» говорится о безоговорочном и покорном подчинении своему правительству, а так же полное подчинение власти.

Следующий пример использования синто в качестве идеологического орудия приходится на конец 19 в. (после революции Мэйзи), когда Япония приступила к военному соперничеству с другими великими державами за сферы влияния в регионе. В данном случае национальная идея о божественном происхождении была использована для мобилизации нации на борьбу с внешней угрозой. Государство осуществляло централизованный контроль над обществом, то есть массы мобилизовались на государственные дела сверху вниз, не снизу вверх, как в демократических странах. Идеология государственного национализма в Японии традиционно была наделена государством особыми добродетелями японской расы-нации, позволявшими ей оправдывать свои агрессивные устремления по отношению к другим нациям и прежде всего к своим соседям по Восточной Азии. При этом японский национализм представлял собой идеологическое смешение воедино милитаристских, индустриальных и реформистских аспектов национальной идеи, характеризовавших основные направления вмешательства государства в жизнь нации, формирования японской национальной идентичности (История и современность, 2010: 2).

Идеологический аспект синтоизма

Власти Японии во все времена тонко манипулируют национальными чувствами, мифами, традиционной японской культурой. Они постоянно корректируют по мере возникновения необходимости отклонения в национальной идеологии и направляют в нужное русло. У японцев в сознании прочно сформировалось убеждение, что его частные интересы и национальные интересы государства есть одно целое. В ходе исторической эволюции японской политической системы отношения между институтом императорской власти и правящей элитой приобрели весьма необычный характер. В древней японской рукописи «нихонсеки» есть одно высказывание «Хако ити у» («Восемь углов под одной крышей»). Оно приписывалось императору Дзимму и первоначально означало распространение гуманности по всему миру. Однако в период Токугава трактовка этого лозунга свелась к идее господства Японии в мире. Раде ямато, имеющей

божественное происхождение, предназначено править миром. Объединив все «восемь углов» света под японской «крышой», она установит на земле процветание и спокойствие (Танака, 2012:130).

Если говорить о периоде феноменального экономического роста, то и здесь, несомненно, власти страны делали упор на уникальности японской нации. Доказательством тому служит разработанная в 1970 г. специальная националистическая теория – «nihondzirron», за ней следуют такие организации, как «nihon o mamoru kokumin kaihi» (Национальный совет в защиту Японии), «Kokka kihon mondai dosikai» (Ассоциация по обсуждению фундаментальных проблем государства) и т.п. организации, пропагандирующие и поддерживающие идею о первичности японской нации с ее «универсальными» культурными ценностями. В первой половине XX в. национальное мышление японцев характеризовалось наличием всех основных особенностей его внешнеполитического поведения. Эта модель не была статичной, она развивалась в динамике. Она не была взаимоисключающей. Например, японский просветитель и основатель одного из крупнейших университетов страны – Кэйо – Фукудзава Юкити признавал, что японский национализм прежде всего отражал два основных принципа национального поведения, а именно: искусство «осторожного сближения» и «просвещенного международного лидерства». Именно эти ведущие принципы международного поведения, заложенные в основу внешнеполитической государственной идеологии, позволяли Японии устанавливать контакты с великими мировыми державами. Используя такую идеологию, власти Японии уже на рубеже XIX–XX в. вошли в клуб великих мировых держав и приблизились к «мировой цивилизации» через модернизацию нации. Эта идеологическая модель японского государственного национализма побуждала лидеров иностранных держав проявлять уважение к «особенностям национальных традиций Японии» как важному элементу ее усилий по «поиску баланса между идеологией реформ и сохранением сильных авторитарных методов управления ими» (История и современность, 2010: 2).

Стоит отметить особенно значимую роль государства как центрального элемента националистической идеологии. Отношение между народом и государством таково, что японцы убеждены в том, что именно государство защищает нацию и национальную культуру.

Даже в самый драматичный период в новейшей истории, период послевоенной оккупации (1945-1951) государству удалось сохранить культурную идентичность нации, ее коллективную память и отечество, этническое прошлое и национальное единство. Ему удалось это сделать даже вопреки американской политике, которая пыталась разрушить традиционное и культурное наследие японского национализма. Власти Японии смогли отстоять национальную и государственную независимость, стойко сопротивляясь всему, что угрожало их традициям и духовной основе нации-синтоизму, реформам образования, военно-промышленным корпорациям-дзайбацу. Таким образом, американцам после Второй мировой войны, как мы видим, не удалось все-таки разрушить основание японского национализма-японского духа.

Заключение

Феномен живучести синто заключен, прежде всего, в нем самом, в особенностях его происхождения в осевое время, в огромном по-

тенциале к развитию, в способности к ассимилированию, в его открытости для иных учений и религий, в его националистичности и, как это ни парадоксально, в его не слишком близких отношениях с государственной властью.

Японские националисты выводят историю развития японской нации из фундаментальных этнических корней, а не из процессов ее модернизации. Поэтому столь большое значение придается распространению в массовом сознании японцев мифов о происхождении японской нации, о националистической символике, о ценностях и националистических привязанностях японцев, начиная с рассказов об этом в детских садах и заканчивая популяризацией этих сюжетов в телевизионных программах. Подобными методами власти последовательно выковывают субъективное историческое измерение японской нации и японского национализма.

Таким образом, тезис о готовности японцев еще долгое время сохранять свои национальные корни, свою самобытность и избегать быть поглощенными «глобальной культурой» находит свою аргументацию в истории страны.

Литература

- Конрад Н.И. Японская литература в образцах и очерках. – М., 1991. – С. 61, 62.
 Карабэ Есихито Традиционная японская идентичность с древних времен до эпохи глобализации: дисс. канд. ист. н. – М., 2004. – С. 7.
 Сегава Такуро. Дземон бунка ва икитеру? – Токио, Япония, 2017. – С. 46.
 Ильина Н. Японская мифология. Энциклопедия. – Мидград, 2007. – С. 3.
 Японский феномен. – М., 1996. – С. 14.
 Интернет Журнал История и современность. – №2(12)/2010. – С. 2 // <https://www.socionauki.ru/journal/articles/129567/>
 Понаморёва Ю. В. Прошлое и культ императора в религиозно-мифологической традиции японцев // Молодой ученый. – 2015. – №10. – С. 1505.
 Лих М.А. Вестник Международного института экономики и права. – 2014. – №2(15). – С. 56.
 Акунов В.В. Самураи державы Ямато. – 2013. – С. 49.
 Танака Т. Nihonno kakute. – 2012. – С. 130.

References

- Konrad N.I. Japonskaja literatura v obrazzah i ocherkakh. – M., 1991. – S. 61, 62.
 Karibje Esihitto Tradicionnaja japonskaja identichnost' s drevnih vremen do jepohi globalizacii: diss. kand. ist. n. – M., 2004. – S. 7.
 Segava Takuro. Dzemon bunka va ikiteru? – Tokio, Japonija, 2017. – S. 46.
 Il'ina N. Japonskaja mifologija. Jenciklopedija. – Midgrad, 2007. – S. 3.
 Japonskij fenomen. – M., 1996. – S. 14.
 Internet Zhurnal Istorija i sovremennost'. – №2(12)/2010. – S. 2 // <https://www.socionauki.ru/journal/articles/129567/>
 Ponamorjova Ju. V. Proshloe i kul't imperatora v religiozno-mifologicheskoy tradiciji japoncev // Molodoj uchenyj. – 2015. – №10. – S. 1505.
 Lih M.A. Vestnik Mezhdunarodnogo instituta jekonomiki i prava. – 2014. – №2(15). – S. 56.
 Akunov V.V. Samurai derzhavy Jamato. – 2013. – S. 49.
 Tanaka T. Nihonno kakute. – 2012. – S. 130.

Мұқаметханұлы Н.¹, Серғазы Е.²

¹ қытайтану кафедрасының профессоры,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

² қытайтану кафедрасының 2 курс магистранты,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: nabizhan.muhametkhanuly@gmail.com

ҚЫТАЙДЫҢ БАТЫС БӨЛІКТІ ИГЕРУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНІНДЕ

Мақаланың бірінші бөлімінде Қытайдың Батыс бөлігін игеру стратегиясы қалыптасуының әлеуметтік-саяси алғы шарттары, стратегияның атқарылатын кеңістігі мен уақыты және кезеңдері пайымдалған. Сонымен қатар қазірге дейін ҚХР үкіметінің Батыс бөлікті игеру жобалары, қаржы көлемі және оны іске асыру жағдайы қарастырылған. Ал мақаланың екінші бөлімінде Батыс бөлікті игеру стратегиясы аясында Шыңжанұды қауырт игеру саясаты, заң-ережелері, жоспары, қаржы көлемі, көзделген мақсаты мен қазірге дейін қол жеткізген нәтижелері пайымдалған. Мақала Шыңжанұды қауырт игерудегі траншекаралық өзендер сұзының азауының Қазақстанға тиімсіз болатынын атап көрсетіп, Қытайдың Батыс бөлігін игерудің, әсіресе Шыңжанұды қауырт игеру барысында әлеуметтік экономикасының дамуы Қазақстан үшін пайдалы болады деген қорытынды шығарады.

Түйін сөздер: Батыс бөлікті игеру, стратегия, Шыңжанұды қауырт игеру, экономикалық даму, Қазақстанға тиімді.

Mukhametkhanuly N.¹, Sergazy E.²

¹Al-Farabi Kazakh National University of Oriental Studies Professor of the Department of Sinology

²Faculty of Oriental Studies 2-year master student of the Department of Sinology
The Republic of Kazakhstan. Almaty. e-mail: nabizhan.muhametkhanuly@gmail.com

On the Strategy for Development of Western Regions of PRC

In the first part of the article, the socio-political reasons for the implementation the development strategy of the Western regions of the PRC, the time and stages of implementing the strategy are determined. The projects of the PRC government on development of the Western regions, financial issues and general provisions of the project implementation are considered. In the second part of the article, the development policy of Xinjiang is considered as part of the development strategy of the Western regions, legislative acts, plans, amounts of funding, the goals pursued and the results of development to date. The article notes that the decrease in the water volume of Transboundary Rivers is unprofitable for Kazakhstan, nevertheless, that the development of the Western regions of the PRC, especially the social and economic development of Xinjiang, is very beneficial for Kazakhstan.

Key words: development of the Western regions, strategy, development of Xinjiang, economic development, beneficial to Kazakhstan.

Мухаметханулы Н.¹, Серғазы Е.²

¹профессор кафедры китаеведения

²магистрант 2 курса кафедры китаеведения, факультет востоковедения,
Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: nabizhan.muhametkhanuly@gmail.com

О стратегии освоения Западных районов КНР

В первой части статьи определяются социально-политические причины реализации стратегии освоения Западных районов КНР, время и этапы осуществления стратегии. Рассматриваются проекты правительства КНР по освоению Западных районов, финансовые вопросы и общие положения осуществления проекта. Во второй части статьи рассматриваются политика развития Синьцзяна в рамках стратегии освоения Западных районов, законодательные акты, планы, объемы финансирования, преследуемые цели и достигнутые результаты развития на сегодняш-

ний день. В статье отмечается, что уменьшение объемов воды трансграничных рек невыгодно Казахстану, но, тем не менее, делается вывод о том, что освоение Западных районов КНР, особенно социально-экономическое развитие Синьцзяна, очень выгодно Казахстану.

Ключевые слова: освоение Западных районов, стратегия, развитие Синьцзяна, экономическое развитие, выгодно Казахстану.

Kіріспе

Қытайдың батыс бөлігіне орналасқан Шыңжан Ұйғыр автономиялы ауданы Қазақстан және жеті мемлекетпен шектеседі, сондықтан оның Қытай үшін стратегиялық маңызы айрықша. Өйткені Шыңжан Қытайдың Орталық Азия және Батыс елдерімен байланысқа шығатын бірден бір маңызды өткелі болып табылады. Сондықтан Қытайдың батыс бөлігінде, әсіресе Шыңжанда жүргізген стратегиялық жобаларының Қазақстанға, Орталық Азия елдеріне тікелей әсер етуі сөзсіз. Сондықтан Қытайдың Шыңжанда іске асыратын саясаттарын зерттеудің ғылыми теориялық та, практикалық та маңызы зор деп санаймыз.

1. Қытайдың Батыс бөлікті игеру стратегиясының қалыптасуы

Қытайдың Батыс бөлік («Xi bu – 西部») дегени – Қытайдың батыс жағына орналасқан 12 провинциялар мен автономиялы аудандары. Олар: Чунцин, Сычуань, Гүйчжоу, Юньнань, Тибет, Шаньши, Ганьсу, Цинхай, Ниншия, Шыңжан, Ишкі Монгол, Гуаңши. Бұл аумақ Қытайдың жалпы жер көлемінің 71 пайызын, жалпы тұрғындар санының 29 пайызын, оның ішінде аз санды ұлт халықтарының 71 пайызын қамтиды.

Бірақ бұл өңір Қытайда әлеуметтік экономикалық дамуы жағынан салыстырмалы түрде артта қалған өлкелер болып саналады. Оның тарихи себептері де бар, дегенмен 1978 жылы Қытай реформа және даму кезеңіне қадам басқанан кейін, теңіз жалағалауындағы, орталық өнірлердегі провинциялар тез қарқынмен дамығандықтан, бұл аумықтың олардан артта қалып қалғаны анық байқалды.

Баршаға аян, КХР реформасы алдымен ауыл шаруашылық өндіріс жүйесін жаңғырудан басталып, рет-реті бойынша бүкіл мемлекет көлеміндегі экономикалық салаға, одан кейін басқа салаларға реформа жүргізіліп, дамудың «ғажайыбын» жарықта шығарған-ды.

Қытайдың әлеуметтік экономикалық дамуын тарихи кезеңдерге бөліп қарайтын болсақ, онда 1949 жылдан 1978 жылға дейінгі мезгіл, Қытай әлеуметтік дамуының алғашқы кезеңі болып саналады. Ал одан кейінгі кезде жүргі-

зілген реформа процесі төрт кезеңді басып өтті. Бұл туралы «Қытайдың сыртқы саясаты және Қазақстанмен қатынасы» атты монографияда мынадай бірнеше кезеңдер атап айтылған: 1978 желтоқсан айынан 1984 жылдың қыркүйек айына дейін реформаның бірінші кезеңі; Реформаның екінші кезеңі – 1984 жылдың қазан айынан 1992 жылдың қантар айына дейінгі мезгіл; үшінші кезеңі 1992 жылдың қыркүйек айына дейінгі мезгіл; төртінші кезең 2003 жылдың қазан айында шақырылған ҚҚП XVI съезін III пленумынан басталады. XXI ғасырда қытай мемлекеті нарықтық экономикасы дамыған әлемге экономикалық ықпалы терендей түскен алып ел ретінде әлемге көрінді» (Кәрібжанов Ж., Мұхаметқанұлы Н., 2013: 49).

Қытай экономикалық реформаларының сәтті болуының бір сыры «еркін экономикалық аймақтардың дамуында» еді. Қытай үкіметі еркін экономикалық аймақтарды алдымен Шығыс Оңтүстік теңіз жалғалауынан, одан соң Яңыцы өзені бойындағы Орталық аймақтардан, одан соң Шығыс Солтүстік аудандардан ашып, аса зор әлеуметтік-экономикалық дамуға қол жеткізді. Бірақ сонымен қатар Қытайдың жалпы ішкі әлеуметтік дамуында теңсіздіктер орын алып, қоғамдық қайшылықтар пайда болды. Өйткені, әлеуметтік экономика және ғылым-техника саласында Қытайдың Шығыс Оңтүстігі мен Шығыс Солтүстік аймақтарының дамуы карқынды болды да, Батыс және Батыс солтүстік аймақтарының дамуы салыстырмалы түрде баяу дамып, олардан алшақтап қалды. Ел ішіндегі әлеуметтік экономикалық дамудағы аймақтық айырмашылықтарды қыскарту үшін және одан туындастын қоғамдық қайшылықтарды шешу үшін Қытай үкіметі арнайы аса ірі жоба жасауды тұра келді.

1999 жылы Бейжинде өткен Бүкіл мемлекеттік Халық құрылтайының (Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы кенесінің) IX кезекті II пленумында сөйлеген сөзінде КХР төрағасы Цзян Цымин: «Орталық Комитет Орталық-батыс бөлікті игеруді тездету бағдарламасын анықтады. Сондай-ақ оған ел ішіндегі қажетсінуді – сұранысты экономикалық дамудың басты шарты ретінде қабылдап, белсенді түрде қаржы

саясатын қолданады. Бұл біздің дамуымыздың ұлы стратегиялық иедасы болып табылады» (Фейюань, 2004:555) – деген еді. Содан кейін Қытай мемлекеттік жоспарлау комитеті Батыс бөлікті игерудің нақты жоспарын жасауды қолға алды.

1999 жылы маусым айында Шиань (Сиань) қаласында Қытайдың Батысындағы бес провинция мен автономиялы аудандарының басшылары қатысқан үлкен конференция өтті. Оған Қытай басшысы Цзян Цымин арнайы келіп қатысып сөз сейлейді. Ол өз сөзінде: «Батыс бөлікті игерудің экономикалық, мәдени, саяси, әскери және әлеуметтік ерекше маңызын айтып тауса алмаймыз. Батыс бөлікті игеруді тездету – ұлы жүйелі құрылыш, сондай-ақ, ол бұрын-сонды болмаған мاشақтты тарихи міндеп. Белді бекем байлас, бірнеше он жылда, тіпті, толық XXI ғасыр бойы күрес жүргізу арқылы, шаруашылығы шалқыған, қоғамы дамыған, тұрмысы орныққан, ұлттары ынтымақтасқан, тау-өзендері жайнаған Батыс аймақ құрамыз» (Фейюань, 2004:556), – деп атап көрсеткен болатын. 1999 жылы қыркүйек айында өткен ҚКП XV кезекті төртінші пленумда «Батыс бөлікті игеру стратегиясы» қабылданып, 2000 жылдан бастап жүзеге асыру көзделді. Сонымен 2000 жылы 16 қантарда ҚХР үкіметі жанынан Батыс бөлікті игеру басшылық тобы құрылды. Оның жетекші болып, сол кездегі Қытай үкіметінің премьер-министрі Чжу Жунцуи (Жоу Роңжи) болды, оның орынбасары болып орынбасары Вэнь Цзябао тағайындалды. Соған сәйкес орталық – батыс бөліктегі провинциялар мен автономиялы аудандық үкіметтердің қасынан Батыс бөлікті игеру басшылық топтары құрылып, ұлы стратегиялық жоспарларды іске асырудың накты жобаларын жасап, оларды іске асыруды қолға алды.

Мемлекеттік даму және реформа комитетінің дерегіне жүгінсек, «2000-2008 жылдары мемлекет Батыс бөлікті қауырт игеру үшін жаңадан игеруге тиісті түйінді құрылыштардың саны 102-ге жеткен, оған жұмсалатын қаржының көлемі 170 миллиарт 400 мың юань (17400多亿元) болған. Су министрлігі 2000-2009 жылдар аралығында мемлекеттің Батыс бөліктегі су құрылыштарына ажыратқан қаржысы 127 млрд (1270亿元) юань болған. Мемлекет жоспарында Батыс бөлікті қауырт игеруде жаңа 18 ірі жобаны іске асыру, оған жұмсаған жалпы қаржысы 4689 млн юань (4689亿元) болған. 2009 жылға дейін мемлекеттің қолдауымен, өздерінің тырысшандығы және шетелдермен ынтымақтасуының арқасында Батыс бөліктегі қала мен қыстактардың бет-бей-

несі айтарлықтай өзгерді, экономикалық өсімнің қарқыны тездей түсті, дамудың сапасы мен өнімділігі жақсарып, тарихтағы ең жақсы даму кезеңіне қадам басты. Экономика тұрақты түрде біршама тез дамып, инфрақұрылымның әлсіз тұстары үздіксіз жақсарып келеді, экологиялық ортаны қорғау мен құрылыштар нығая түсті, ауыл шаруашылық өндіріс пен өмір сұру шарт-жағдайы айтарлықтай жақсарды, әлеуметтік істер дамуындағы әлсіз жақтары біртіндеп өзгеріп келеді» (Фейюань, 2004:556)⁷

2006 жылы 8 желтоқсанда ҚХР Министрлер Кеңесі тұрақты комитеті мәжілісі тексеріп бекіткен «Батыс бөлікті қауырт игеру «Он бірінші бес жылдық» жоспарын» жариялады. Онда алға қойылған мақсаттары мыналар: Батыс бөліктің экономикасын әрі жақсы әрі тез дамыту; халықтың тұрмыстық деңгейін тұрақты түрде көтеріп отыру; әлеуметтік инфрақұрылымды және экологиялық ортаны қорғау мен құрылыш істерін жаңа жетістіктерге жеткізу; түйінді аудандар мен түйінді өнеркәсіптердің дамуын жаңа деңгейге көтеру; білім беру, денсаулық сақтау сияқты әлеуметтік қызмет көрсетуді тенестіру ісін жаңа кезеңге көтеру; социалистік жарасымды қоғам құруға нық қадам басу».

2009 жылы 10 қазан күні Министрлер Кеңесі аппараты «Министрлер Кеңесі аппараты халықаралық қаржы дағдарысына төтеп беруде Батыс бөліктің экономикасын тұрақты түрде біршама тез қарқынмен дамыту туралы Пікірі» (Мин.Каб. 2009 № 55) жариялады. Бұл «Пікірде»: «Ел ішіндегі сұранысты кеңейту, көмескі даму күштерді іске қосу, айналым кеңістігін ұлғайту, аймақтар арасындағы сәйкестікі дамуды ілгерілету. Батыс бөліктегі аймақтар мемлекеттің ішкі сұранысты кеңейту орайын пайдаланып, құрылымдық реттеулерді одан әрі ілгерілетіп, халық тұрмысын жақсартуды қамсыздандырып, реформа жүргізу мен есікті ашық ұстауды тереңдетіп, халықаралық қаржы дағдарысының ықпалын жойып, экономиканың тұрақты түрде біршама тез қарқынмен дамуын үздіксіз сақтау керек» (Фейюань, 2004:556), – деп көрсеткен.

2010 жылы наурыздың 21-23 күндері Батыс бөлікті қауырт игерудың он жылдығы қарсаңында Қытай басшысы Ху Цзинтао Нинся Хуэйзу автономиялы ауданына барып қызмет тексеру барысында сөйлеген сөзінде: «Он жылдан бергі құлшынып жұмыс жасаудың нәтижесінде, Батыс бөлікті игеру әлемнің назарын аударған зор нәтижелерге қол жеткізді. Откен он жыл Батыс бөліктің экономикалық дамуы ең қарқынды, қала мен қыстак бейнесінің өзгеруі ең

тез, халық бұқарасының табысы ең көп болған он жыл болды, сонымен қатар Батыс бөліктің мемлекетке қосқан үлесі ең көрнекті болған он жыл болды. Міне, бұлар Партия Орталық комитетінің Батыс бөлікті қауырт игеру стратегиясы шешімінің дұрыстығын және бірқатар саясаттық шараларының өте табысты болғанын дәлелдейді. Батыс бөлікті қауырт игерудің бірінші он жылдығы жақсы басталды, дамуга берік негіз қаланды, екінші онжылдық жалғасты түрде терендей ілгерілеудің шешуші кезеңі болмақ. Орталық комитет терендей ілгерілеуді Батыс бөлікті қауырт игеруді жалпылық маңызы бар келелі бағыт ретінде санап, оны «Он екінші бесжылдық» кезіндегі экономикалық әлеуметтік дамудың маңызды міндеті ретінде, оны бұдан да әрі қолдау саясатын қолданып, қаржы қолемін одан әрі арттырып, жобаларды осылай ойыстырып, тіпті де зор қажыр-қайратпен, тіпті де зор күш жұмсал, тіпті де ұтымды шараларды қолданып, батыс бөліктің экономикалық әлеуметтік дамуын әрі жақсы әрі тез дамытып, еліміздің дамуы үшін жаңа даму кеңістігін ұлттайтады» (Фейюань, 2004:556) деп көрсетілген.

Батыс бөлікті қауырт игерудің жалпы жобасы 50 жыл, үш кезеңнен тұрады. Бірінші – негіз қалалу кезеңі: 2001 жылдан 2010 жылға дейін. Оның басымдылығы құрылымдарды реттеу, инфрақұрылымдарды, экологиялық ортаны, ғылым және білім беру сияқты негізгі құрылыштарды жақсартып, нарықтық жүйені қалыптастыру мен кемелдендіру, ерекшелігі бар индустрія өнімдерін көбейту нұктелерін жетілдіру, сол арқылы Батыс бөліктің қаржылық ортасын алғашқы қадамда жақсарту, экологиялық ортаның құлдырауын алғашқы қадамда ауыздықтау, экономикалық айналымдарды жақсарту, өсім қарқының мемлекеттік дамудың орташа деңгейіне жеткізу;

Екінші – қарқынды даму кезеңі: 2010 жылдан 2030 жылға дейін. Соган дейін негізі қаланған инфрақұрылымдардың жақсаруы, құрылымның стратегиялық реттелуі мен институттар құрылышының орнауы негізінде, Батыс бөлікті қауырт игерудің актық кезеңіне өту, негізгі құрылымдарды бекемдеу және жетілдіру, ерекше индустріяларды жетілдіру, экономиканың индустріялануын, нарықтануын, экологиялануын, маманданған аудандардың деңгейін жалпы беттік жоғарылатып, экономикалық өсімнің өрлей түсуін жүзеге асыру;

Үшінші – модернизацияны жалпы беттік ілгерілету кезеңі: 2030 жылдан 2050 жылға дейін. Кейбір алдымен дамыған аймақтар күшін

нығайтып, ел ішіндегі және халықаралық модернизацияланған экономикалық жүйеге ену, шеткегі таулы аудандардың, артта қалған егін және мал шаруашылық аудандарды игеруді тездету, Батыс бөліктегі халықтың өндіріс және тұрмыстық деңгейін көтеріп, аралықтағы шағын айырмашылықтарды қыскарту.

2. Батыс бөлікті игеру стратегиясының Шыңжаңда жүзеге асуы

Қытайдың Батыс бөлікті игеру саясаты негізінен қытайдың әлеуметтік даму саясатының құрамдас бөлігі болып табылады. Қытайдың батыс бөлігінің даму жоспары Қытайдың жалпы даму стратегиясында өте маңызды орын алады. Соның ішінде Қытайдың ең батысына орналасқан Шыңжаңды түйінді түрде қауырт игеру көзделген. Соган орай ҚХР үкіметінің Батыс бөлікті қауырт игеру стратегиясына сайкес 2000 жылы Шыңжаң үкіметінің жанынан «Шыңжаң батыс бөлікті қауырт игеру кенсесі» құрылды. Бұл кенсе «Батыс бөлікті игеру – Шыңжаңды қауырт игеру жоспарын» жасады. Осы «Жоспар» негізінде Шыңжаң үкіметі «Инвестиция тартудың саясаттық белгілемелерін», «Шетелден инвестиция тартуудың бірнеше саясаттық белгілемелері» қатарлы бірқатар заң-ережелік күші бар шешімдер қабылдады. Сондай-ақ, Шыңжаңды қауырт игерудің басты мақсаттарын анықтады.

Онда Шыңжаң «XXI ғасырдың алғашқы он жылында әлеуметтік дамуга қолайлы орта жарату; ішкі дамудың куатын арттыру, өзін-өзі игеру мүмкіндігін жоғарылату және қауырт игерудің жақсы механизмін қалыптастыру; қауырт игеру арқылы Шыңжаңды бүкіл мемлекет қолемінде ең үлкен сапалы мақта өндірісі, мақта-мата өндіріс, астық өндірісі, мал шаруашылық өндірісі, жеміс-жидек өндірісі, қант қызылшасын өндіретін және оларды өндіртін базаға айналдыру; мұнай-газ өндірісі және мұнай-газ химия өнеркәсіп өндірісі базасына айналдыру арқылы бүкіл ұлттық экономиканың дамуының тың тірепі етіп құру» көзделген. Бұл мақсатты олар алты түрлі жетекші бағдарлама бойынша іске асырып келеді. Солардың алғашқы үш бағдарламасын атап айтуда тұрады. 1-ші, Табиғи ресурстық потенциалды негізгі өнімдер рыногын кеңейту стратегиясына өзгерту, негізгі инфрақұрылымдық құрылыштарды жақсарту, өндіріс құрылымдарын оңтайландырып, рынок сұранысы бойынша экономикалық қимылдарды жүргізу; 2-ші, экономикалық өнімділікті жоғарылатуды шаруашылық істердің басты мақсаты ету; 3-ші, әлеуметтік жүйеге жаңалықтар енгізу. Сыртқа есік ашуды кеңейту арқылы Шыңжаңды игеру-

ге кең еркін орта қалыптастыру. Осы мақсатқа жетудің нақтылы жоспарлары да жасалған. Мысалы, Шыңжаң XXI ғасырдың алғашқы үш жылында халық шаруашылығының даму қарқынын 8 пайызға жеткізу. Ал 2004 жылдан 2010 жылға дейін ішкі өндірістің жылдық өсу қарқынын 10 пайыздан асыру. Сол ушін Шыңжаң үкіметі су құрылышы, көлік қатынасы, энергетика, байланыс коммуникациясы қатарлы аса маңызды кешендік инфрақұрылымдарды салу арқылы, Шыңжанды аса зор көлемде игерудің негіздерін мықтап орнату жоспарын жасады. Сонымен қатар, Шыңжаң тұрғындарының тұрмыстық деңгейін жогарылатудың нақтылы көрсеткіштері де жарияланған. Атап айттар болсақ, қала тұрғындарының адам басындық жылдық пайызын 7 пайызға көтеру; ауыл қыстақтағы шаруалардың адам басындық жылдық таза табысын 150 юань көлемінде жоғарылату жоспарланған.

Осы жоспардың алғашқы үш жылдағы орындалу жағдайы жөнінде үкіметтің мәліметтерінде төмөндегідей көрсетілген: Қауырт игеру жоспары іске асырыла бастағаннан бергі Шыңжандың 2000, 2001 және 2002 жылдағы ішкі өндірісінің жалпы құны 136.5 миллиард юань, 148.5 миллиард юань және 159.8 миллиард юань болды. Яғни ішкі өндірістің жалпы құнының артуы 8.2 пайыз, 8.1 пайыз және 8.1 пайыз. Ал қала тұрғындарының 2000 жылғы табысы 5817 юань – 7.2 пайыз, 2001 жылғы табысы 6590 юань – 13.3 пайыз, 2003 жылғы табысы 6941 юань – 14.4 пайызға өсken. Ауыл-қыстақ тұрғындарының адам басындық таза кірісі 2000 жылы 1618 юань – 9.8 пайыз, 2001 жылғы таза табысы 1700 юань – 5.7 пайыз, 2002 жылы таза табысы 1863 юань – 8.9 пайызға көтерілген (7: 416). Егер соңғы жылдардағы Шыңжандығы қала қыстақтардың бет-бейнесінің шыт жаңа өзгергенін, көлік жолдары мен телефон байланысының жақсаруы мен арзандауын ескерсек, жоғарыда келтірілген биліктің сандық мәліметтерінің шындықка жанасатынын аңғаруга болады.

Демек, бұл Қытайдың Батыс бөлікті игерудің алғашқы сатысындағы жетістіктері. Зор көлемдегі қауырт игеру екінші этаптан басталды. Оның негізгі құрылыштары жоспар бойынша жасалды. Солардың ішінде тек су құрылыштарын атап кетейік. Шыңжаң үкіметі жана су құрылыштарын салуды басты орынға қойды. Олар 2010 жылға дейін бірнеше өзендерді арнасынан бұрып ағызатын ірі каналдар мен су қоймаларын салды. Атап айтқанда, Үрімжі қаласы мен Қарамайлы қаласының су проблемасын түбегейлі шешу үшін, Қара-Ертіс тен Жонғар ойпаты

арқылы Қарамайлы қаласына ағатын канал іске қосылды. Енді Қара-Ертіске құятын Буыршың өзенінен Үрімжі қаласына бағытталған ірі канал құрылышы қолға алынды. Сонымен қатар, ол шөлейт жерлерді басып өтетін бұл каналдың бойын жағалатып, тез өсетін ағаштар егіп, құмдауыт даладан жасыл белдеу жазира қалыптастырып, оны ағаш материалдар базасы мен сүтті сиыр өсіру базасына айналдыру шаралары да қатар жүргізілуде.

Ал Іле аймағында Іле өзенін бұру каналы мен үлкен су қоймасын салу құрылышы өзінің алғашқы жоспардағы жұмысын аяқтады. Бұл құрылыш Іле өзенін Тоғызтарау ауданы мен Текес ауданның қызылдық қысаңында салынды. Олардың Іле өзенінің белгілі мөлшерін бұрып ағызатын канал салудағы мақсаты екеу: біріншіден, Іле өнірінен 120 мың гектар тың жер игеріп, оны Шыңжаң биязы жұнді қойын өсіретін және ет пен сүтті бірдей беретін сиыр өсіретін базага айналдыру; Екіншіден, Іле өзенінің негізгі қайнар көзінің бір саласы болған Көксу өзенін Тянь-Шань тауының ар жағына тесіп өткізіп, онда суалып бара жатқан Айбиху көлінің экологиялық проблемасын шешуге пайдалану. Демек, Қытайдың Батыс аймақты игеруде немесе Шыңжанды қауырт игеруде трансшекаралық Қара-Ертіс пен Іле өзендерінен жана каналдар салу мен ірі су қоймаларын жасауы, қалайда ол өзендерден Қазақстанға келетін су мөлшерін азайтатындығы сөзсіз, қазірдің өзінде азая бастады. Тек су мөлшері азайып қана қоймайды, сонымен қатар, ол өзендер бойындағы кәсіпорындардан шығарылатын лас сулар ол өзендерге құйылып кетпеуіне кепілдік жасалмаған. Сонда одан келетін зардапты алдымен Қазақстан тартады. Бұл мәселе екі ел қатынастарына жағымсыз жағдай тудыруы әбден мүмкін. Оны Қытай басшылары жақсы түсінеді. Сондықтан Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қытайға мемлекеттік сапармен барып Ху Цзинтаомен кездескенде, Қытай президентінің: «Қытай трансшекаралық су ресурстарын әділетті әрі тиімді пайдалануды жақтайды», – деген-ді. Әрине, бұл мәселе Қазақстанның назарынан қашанда тыс қалған емес. Нұрсұлтан Назарбаев транс өзендер мәселесін «ҚХР төрағасы Ху Цзинтаомен болған жоғары дәрежелі кездесуінде» көтерген. Бұл мәселе бойынша, екі жақты келісімді жүзеге асыру үшін құрылған арнайы комиссия жұмыс жасайды. Бірақ атальмыш мәселе қазірге дейін түбегейлі шешімін тапқан жоқ.

Дегенмен, Қытайдың Батыс аймақты игеруі немесе Шыңжанды қауырт игеру жоспарының іске асырылуы Қазақстан үшін де көптеген тиімді тұстары бар. Біз бұны толық ескеруіміз және одан пайдалана білуіміз қажет. Атап айтканда ҚХР орталық үкіметі мен Шыңжаң билігі ішкөрі өлкелерден және шетелдерден инвестиция тартудың заңдық негіздерін жариялады. Қазір Шыңжанға Орталық үкіметтің бюджетінен тыс, жергілікті үкіметтер мен ірі компаниялар және жеке саудагерлердің қаржысы құйылуда. Сонымен қатар Шыңжанға жұз мындаған еңбек күштері де ағылып келуде. Соның нәтижесінде, Шыңжаңның өндірісі дамып, базар нарығы кеңейп келеді.

ҚХР Шыңжаң ұйғыр автономиялы районы үкіметі 2000 жылы 30 тамызда «ШҰАР шетел инвесторларын инвестиация салуға ынталандырудың бірнеше саясаттық белгілемелерін» мәлімдеген. Ол жалпы 25 тараудан тұратын белгілемеде, инвестиация салатын жетекші өндіріс секторлары, жеңілдік саясаттары және тартылған инвестицияға кепілдік беру мәселелері нактыланған. Аталмыш белгілеменің 5-ші тарауында: «Шетел кәсіпкерлерінің инвестиациясымен құрылған кәсіпорындардың он жылдан артық жұмыс істеңдеріне, шетел инвестиациясы кәсіпорындары мен шетелдік кәсіпорындардың пайдасынан алынатын жергілікті салықтан босатылады» – деген сияқты, кәсіпкерлерге көптеген жеңілдіктер қарастырылған. Соған орай, Қытайлық және шетелдік кәсіпкерлер Шыңжанға инвестиация сала бастады. Демек, Шыңжанда қауырт игеру науқаны және соған сәйкес қабылданған заң ережелер мен саясаттық белгілемелер Қазақстандық кәсіпкерлердің Шыңжанға инвестиация салуына ете қолайлы болып отыр деп санаймыз. Өйткені Қытай үкіметі Шыңжан тұрғындарының жалпы саны таяуда 30 миллионға жетеді деп отыр (іс жүзінде одан да көп болмак). Тұрғындардың көп болуы әлеуметтік сұранысты арттырады, яғни оның өзі үлкен рынок. Оның үстіне Қытайдағы еңбек күш сапасының жоғары болуы өндірген тауардың өзіндік құнының жоғары болмауына және сапалы болуына кепілдік береді. Қазірдің өзінде Қазақстанда өндірілген азық-түлік пен сусындықтар Шыңжан базарында жоғары сұранысқа ие. Сондықтан отандық азық-түлік, кәмпіт және сусын өнімдерді Шыңжанға экспорт етуге бағыттау еліміз үшін пайдалы болмақ.

2005 жылы мамырда Үрімжі қаласында өткен «Қазақстан мен Қытай – сауда және инвестиция әріптестер» атты бизнес-форумда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев сөзін-

де: «қазақстандық және Қытайлық кәсіпкерлердің бірлесіп қатысуы екі жаққа да тиімді, әрі пайдалы болатынын алға тартты. Сондай-ақ, Елбасы, осы мақсатқа қазақстандық кәсіпкерлердің инвестиация салуға қазірдің өзінде дайын екендігін жеткізді». Сондай-ақ оның нактылы мысалы ретінде Елбасы Үрімжідегі арнағы экономикалық ауданға орын тепкен, шырын өндіретін «Райымбек-фуд» кәсіпорнының шымылдығын ашып берді. Бұл еліміздің Қытайда ашылған ең алғашқы кәсіпорны болды. Ендігі жерде осындай ынтымақтастықты дамытатын 30-дан астам келісімге қол қойылғандығы – екі ел кәсіпкерлердің өзара істестігі әлі кен көлемде дами түсетіндігінен дерек береді.

Елбасының осы реткі сапарында қол қойылған Қазақстаннан Қытайға мұнай құбырын тарту, жүк тасымалы көлемін арттыру сынды келісімдер негізінде, 2005 жылдан бері екі елдің өзара барыс-келістері мен өзара ынтымақтастығы дамып келеді.

Қытайдың Батыс өнірі, Шыңжан өлкесі қауырт игеріліп жатқанына қарамастан, Қытайдың Қазақстаннан астық алуға аса пейілді болып келеді. Өйткені Қазақстан азық-түлігі сапалы әрі жасыл өнімдер санатында болуымен ерекшеленеді.

Қытайлыктар Қазақстан астығын екі түрлі жолмен алып отыруды қөздейді. Біріншіден, өндірілген дайын астықты тікелей импорт ету; екіншіден, Қазақстаннан егістік жерді жалға алып, астық егіп оның өнімдерін Қытайрыноғына және шетелге шығарып пайдасын көру еді. Бірақ егістік жерлерді Қытайға жалға беруге халық қатты қарсылық танытқандықтан, Қазақстан билігі ондай қадамға баруға батылдық жасай алмады. Бұл да өз кезегінде дұрыс шешім болды. Өйткені ол жерді жалға беруден екі ел халықтары арасында қарама-қайшылықтың өршуінің алдын алды. Жақын көршілер арасында қашан да оқыс оқиғалар туындаудың алдын алып отыру – қалыптасқан тату көршілік қатынастарды сактауға пайдалы деп санаймыз.

Қорытынды

Қытайдың Батыс бөлікті игеру, Шыңжанды қауырт игеру саясаты – Қытайдың жалпы әлеуметтік дамудағы стратегиялық сипат алатын аса маңызды ұзак мерзімдік жоба болып табылады. Қытайдың Батыс бөлігінің, әсірелесе Шыңжаның әлеуметтік экономикасының дамуы Қазақстан үшін пайдалы болмақ. Өйткені геоэкономикалық жақтан Қазақстан Қытайдың

батыс бөлігімен, Шыңжаңмен сауда-економикалық байланыста болады. Бай аймақтармен қарым-қатынаста болудың тиімділігін тілге тиек етпесек те түсінікті. Соңғы жылдары Шыңжаң қызметінің басымдылығы саяси қауіпсіздікке бұрылғанымен, Орталық үкіметтің Батыс бөлікті қауырт игеру, Шыңжанды дамыту саясаты өзгермейді. Себебі, ҚКП XIX

съезінде қабылданған қарапда «Батыс бөлікті дамыту». Мемлекеттік Батыс бөлікті игеру жөніндегі есеп-материалы қарастырылған. Оның үстіне Си Цзиньпин ұсынған «Бір белдеу – бір жол» халықаралық бастамасы да өз жалғасын табады. Бұл жобалар міндетті түрде Қазақстан мен Қытай арасындағы ынтымактастықты тереңдете түседі деп санаймыз.

Әдебиеттер

Кәрібжанов Ж., Мұхаметқанұлы Н. Қытайдың сыртқы саясаты және Қазақстанмен қатынасы. – Алматы: Қазақ университеті. – 2013

Зэн Феюань. Мемлекеттік Батыс бөлікті игеру жөніндегі есеп-материалы (国家西部开发报告). – Бейжин. – 2003, 555 б. XIX съезд материалдары.

References

Zhanibek Karibzhanov, Nabizhan Muhametkhanuli. «Kıtayding sirtki sayasati zhane Kazakstanmen katinasi». – Almati: Kazak universiteti. – 2013, -49 b.

Zén Feiyuan. Memlekettik Batıs bolıktı igeru zhonindegi sesep-materialy (guó jiā xī bù kāi fā bào gào). Beijing. – 2003, 555 b. XIX s'ezd materialdary.

Омарова М.А.

т.ғ.к., ал-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті,
қытайтану кафедрасы, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: madina74.04@mail.ru

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕН ҚЫТАЙ: ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ

Орталық Азия елдері тәуелсіздіктерін жариялағалы бері халықаралық қауымдастықтың то-
лыққанды мүшесі ретінде әлем елдерімен тен құқылық негізінде өзара тиімді ынтымақтастық-
ты жүзеге асырып келеді. Қытай елімен жан-жақты байланыстарды дамыту Орталық Азияның
елдері сыртқы саясатының басым бағыттарының біріне жатады. Ширек ғасыр ішінде өзара
байланыстар қарапайым сауда ынтымақтастығынан стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілді.
Екіжақты және көпжақты байланыстар дамудың жоғары деңгейіне жеткенмен, түрлі саяси, эко-
номикалық факторлар әсерінен құрделі мәселелердің туындағы жатқаны да шындық. Солардың
қатарында экология мен қоршаған ортанды қорғау мәселесі бүгінгі таңда өте өзекті болып отыр.
Мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар жобаларды жүзеге асыруға талпыныс көршілес мемле-
кеттің мұддесіне қайшы келетін жағдайларды тудыруы мүмкін.

Түйін сөздер: Орталық Азия, Қытай, халықаралық қатынастар, экология, қоршаған ортанды қорғау.

Omarova M.A.

Candidate's degree in Historical sciences, al - Farabi Kazakh National University,
Department of Sinology, Kazakhstan, Almaty, e-mail: madina74.04@mail.ru

Central Asia and China: cooperation in the field of ecology and environment

Since the declaration of independence, the countries of Central Asia as full members of the international community, on the basis of equality of mutual benefit, develop relations with the states of the world. The development of multilateral ties with China is one of the priorities of the foreign policy of Central Asia. Relationships for a quarter of a century from simple trade have grown to the level of strategic partnership. Despite the fact that bilateral and multilateral relations have reached a high level of development, due to various political and economic factors there appear new problems. Among them, the problem of environmental protection and environmental protection is acute. Attempts to implement projects that are strategically important for the state sometimes lead to situations that are contrary to the interests of neighboring countries.

Key words: Central Asia, China, international relations, ecology, environmental protection.

Омарова М.А.

к.и.н., Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
кафедра китаеведения, Казахстан, г. Алматы, e-mail: madina74.04@mail.ru

Центральная Азия и Китай: сотрудничество в области экологии и окружающей среды

Со времени провозглашения независимости страны Центральной Азии в качестве полноправных членов международного сообщества, на основе равенства взаимной выгоды развивают отношения с государствами мира. Развитие многосторонних связей с Китаем является одним из приоритетов внешней политики Центральной Азии. Взаимосвязи за четверть века от простой торговли выросли до уровня стратегического партнерства. Несмотря на то, что двусторонние и многосторонние отношения достигли высокого уровня развития, в силу различных политических и экономических факторов, появляются новые проблемы. Среди них остро стоит проблема экологии и охраны окружающей среды. Попытки реализовать стратегически важные для государства проекты порой приводят к ситуациям, противоречащим интересам соседних стран.

Ключевые слова: Центральная Азия, Китай, международные отношения, экология, охрана окружающей среды.

Кіріспе

Орталық Азия елдері мен көршілес Қытайдың байланыстары дипломатиялық байланыстар орнағалы бері түрлі салаларды қамти отырып, сапалы деңгейге көтерілді. Тараптар арасындағы сауда-экономикалық, саяси, қауіпсіздік, мәдени-гуманитарлық салалардағы қатанастардың құқықтық-шарттық негізі қаланып, қарқынды дамуға бет алған. Алайда өзара байланыстар дамуын тежейтін өзекті мәселелер де жок емес. Экология мен қоршаған ортаны қорғау бүгінгі таңда әлемнің барлық дерлік елдерінің күн тәртібіндегі маңызды мәселелерінің біріне айналды. Ғаламдық ғылыми-техникалық прогресс, акпардаттық технологиялардың дамуы адамзат дамуының бірден-бір қорсеткіші ретінде саналғанмен, олардың пайдасымен қатар тиімсіз тұстары мен теріс әсерлері де бар екендігін өмір шындығы дәлелдеп отыр. Өндірістік және өнеркәсіптік даму салдары табиғаттың ластануына, ол өз кезегінде адам денсаулығына зор зардабын тигізуде. Соған байланысты экология мәселесі қазіргі кезде бір ғана аймақтың, мемлекеттің ішкі экономикалық мәселесі шенберінен шығып халықаралық, тіпті ғаламдық мәселеге айналған.

Қытайдағы экологиялық ахуал

Орталық Азия аймағы Қытай елімен көрші болғандықтан олар ортақ бір географиялық табиғи ортаны құрайды. Баршага белгілі әлемдік нарықты өз тауарларымен жаулап алған Қытайдың өнеркәсіптік дамуы үлкен экологиялық мәселені тудырып отыр. Қоршаған орта мәселесі бүгінгі таңда Қытайдың ең өзекті мәселелерінің біріне айналған. Олардың қатарында:

- Ауаның ластануы;
- Егістік жерлердің жоғалуы;
- Шөллейттену;
- Сулы-батпақты жерлердің жоғалуы;
- Жайылымдардың тозуы;
- Адам қайраткерлігі нәтижесінде болатын табиғи апаттардың көлемі мен жиілігінің ұлғаюы;
- Өзен ағынын бұлдіру;
- Топырактың тұздануы мен эрозиясы;
- Қалдықтардың жиналуы;
- Су ластануы мен тапшылығы.

Қытайдың кейбір қалаларындағы ауаның ластану қорсеткіші адам денсаулығына қауіпсіз болатын деңгейден бірнеше есе жоғары. 16 қытай қаласы Жердің ең лас 20 қаласының қатарына енген. Ауаны ластайтын азот оксиді және көміртек диоксиді сияқты заттардың

көбеюі автомобилъдер санының артуымен және негізінен көмірмен жұмыс жасайтын электр стансаларының боліп шығаратын электр қуатының мөлшерімен тікелей байланысты. Көмір Қытайдың тұтынатын барлық энергиясының 68,7 пайызын қамтамасыз етеді. ҚХР АҚШ, Жапония және Еуропа бірігіп тұтынғаннан артық көмір жағады. Әлемдік көмір тұтынудың 55 пайызы Қытайдың үлесіне тиеді. Оған қоса ол жыл сайын көмір тұтынуды 10 пайыздан аса көлемде арттырып келеді.

Өзен-көлдер суалып, ормандардың 75 пайызы оталған. Қытай әлемдегі орманы ең аз мемлекеттердің қатарына кіреді, орташа әлемдік қорсеткішпен салыстырғанда адам басына шаққанда 0,3 акр келеді екен, аумағының 16 пайызын ормандар алып жатыр. Ел үкіметі орман алқаптарын ұлғайту мақсатында ағаштардың жекелеген түрлерін отырғызуды қолға алған, алайда орманды жерлердің аумағы өскенімен табиғи ормандар көлемі, әсіресе ескі ағаштар көлемі қысқарған (1).

Су корларының азауы мен су сапасының нашарлауы – Қытайдың экологиялық мәселелерінің бірі. Өзендер мен көлдердің 75 пайызы және жерасты суларының 90 пайызы қатты ластанған. Көптеген өзендердегі судың улы болғандығы сонша, олар тіпті суару жұмыстарына да жарамсыз болып қалған. Сондай-ақ өнеркәсіп қалдықтарынан шыққан ағын сулар Қытай өзендерінің сүйн ішуге және балық өсіруге жарамсыз етті. Көптеген қалалarda жерасты сулары фенол, цианид, сирап, мышьяк қосылыстарымен ластанған. Мұнайдың, ауыр металдардың және басқа да зиянды заттардың тұсуі нәтижесінде теңіз сулары да ластанған. Ағын сулар су тоғандарына тазартылмай, нормаларды бұзу арқылы құйылады. Азияның ең ірі өзені Янцзыға миллиардтаған тонна тазартылмаған су ағындары құяды. Оған қоса жерасты суларының шамадан тыс қолданылуы өзен-көлдердің құрғауына, ал ол өз кезегінде ондаған қалалардың шөгүіне алып келді. Қытайдың көптеген қалаларында, тіпті Бейжің, Шаңхай, Тяньцзин, Хаңчжоу, Сиан сияқты ірі қалаларының өзінде әлемдегі ең ірі жерасты шұңқырлары пайда болған. Кейбір ғимараттар жер астына кетіп жатса, кейбіреулерінде сызаттар пайда болған, көпірлер мен теміржолдар да кираган.

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының дамуы, халықтың тұрмыстық қажеттілігін айтпағанда, су ресурстарының жылдан жылға көп тұтынуға алып келді. Қарқынды экономикалық дамудың нәтижесінде су елден кетіп, көлдер

суалып, өзендер құрғап, мұздықтар еріп жатыр. Сонымен қатар су ағысының қысқаруы және ағын сулардың ластануы Қытаймен көршілес жатқан Орталық Азия аймағының табиги тепе-тендігін бұзып, қайғылы салдарларға соқтыруы мүмкін (Власова, 2013).

Орталық Азиядағы экологиялық жағдай және оның құқықтық реттелуі

Ғаламдық мәртебеге ие болған экологиялық мәселе қазіргі таңда Орталық Азия аймағы елде-рін де толғандырып жүрген маңызды мәселелердің қатарында. Заман озған сайын өзінің өзектілігін арттырып келе жатқан қоршаған ортаны корғау мәселесі адамзат баласының өз қолымен жасап отырган мәселесі екенін ұмытпауымыз қажет. Сондай-ақ аймақтағы экологиялық мәселе Орталық Азияның қауіпсіздігі мәселесімен тығыз байланысты карастырылуда. Аймақ елдері бір географиялық ортаны құрайтындықтан түрлі экономикалық шарттарға қарамастан бір ғана мемлекет емес, бүкіл әлемге қаупін төндіріп тұрған экологиялық мәселе Орталық Азия елдерінің ортақ мәселесі екені айтпаса да түсінікті.

Қазақстан мен Орталық Азияның елдері үшін экологияның ортақ мәселе болуы олардың кенес заманында шикізат бағытындағы өнеркәсіптік және ауылшаруашылық өндірістің кешендік қатары болғандығымен түсіндіріледі. Нәтижесінде негізінен тау өнеркәсібінің миллиардтаған тонна қатты қалдықтары (тек Қазақстанның өзінде 22 миллиард тонна қалдық бар) жинақталған, ол өз кезегінде жер ресурстарының істен шығуына, әуе кеңістігі мен жерусті және жерасты су ресурстарының ластануына алып келді. Мамандардың айтуынша, қазір аймақтың экологиялық жағдайы өте мұшкіл.

Орталық Азия аймағына ортақ экологиялық қауіптер қатарына мыналар жатады: жабайы табиғаттың біртіндеп жойылуы, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне қауіп тену үрдісі, кезіндегі құнарлы жерлердің шамадан тыс химияландырылуы және олардың жер ресурстары жүйесінен шығарылуы, су ресурстарының дәйекті түрде пайдаланылмауы, жерусті және жерасты су ресурстарының, әуе кеңістігінің ластануы. Ғаламдасу жағдайында аймақ халықтарының дәстүрлі мәдениеті қалыптасқан тарихи-этнографиялық экожүйенің біртіндеп жойылу мәселесі алға шығып, Орталық Азияның табиғи-климаттық жағдайында тарихи еңбек бөлінісі рөлінің төмендеуі орын алды. Аймақ қауіпсіздігі үшін Фергана жазығы ерекше тәуекел өнірі болып саналады, өйткені адамның шаруашылық қызметінен мұра ретінде қалған жердің, судың, азық-түліктің жетіспеуші-

лігі экологиялық мәселелермен бірге ол жерде өмір кеңістігіне демографиялық масса қысым жасайды. Жалпы бүкіл әлемде орын алған көмірқышқыл газы, метан және тағы басқа зиянды заттардың бөлінуі нәтижесінде атмосфераның ластануы, осылайша озон қабатының бұзылуынан болатын климаттың жылынуы мен булану әсерлері Орталық Азия аймағының экожүйесіне орасан зор қауіп туғызып тұр. Зерттеушілердің пікірінше, атмосфераға зиянды заттардың бөлінуі мұздықтардың еруіне, қатты қуаныштық, шөлейттегі үрдісіне, өзен ағыстарының қысқаруына, биологиялық әртүрліліктің жойылуына, жауын-шашиң қарқындылығының артуна және шанды дауылдардың пайда болуына және т.б. тікелей қатысы бар. 2030-2050 жж. қарай Орталық Азияда температура 1-3 градуска жоғарылайтыны болжануда. Ауаның жылынуы өз кезегінде мұхиттар, теніздер, көлдер, су қоймаларындағы судың булану қарқынның артуына әкеп соқтырады.

Бұл таулардағы жауын-шашиң түсінін қалыпты денгейін көтеріп жіберуі мүмкін. Тау бөктерлерінің эрозиясы артып, тау көшкіні белсene түседі. Су қоймалары сияқты су объектілерінің шоғу қарқындылығы артады. Артып келе жатқан сұйық және қатты жауын-шашиң ағынын жинақтау мақсатында зерттеушілер шөгүді болдырмау үшін үлкен су қоймалары көлемін арттыруды ұсынады (Арифов Х.О., Арифов П.Х., 2014).

«Лас технологияларды» Орталық Азияға көшіру үрдісі парниктік әсер мәселесімен тығыз байланысты, оған қоса әзірге жаңа мемлекеттердің экологиялық қауіпсіз технологияларды қолдануға қажетті мүмкіндіктері жоқ. Осында жағдайда аймақ болашагы үшін экологиялық зардалтарды бейтараптандыру мақсатында дәйекті түрде ойластырылған экологиялық саясат қажет.

Посткенестік Орталық Азия қауіпсіздігінің маңызды мәселелерінің бірі – радиоактивті қалдықтар. Отken ғасырдың көптеген өнеркәсіптік және ауылшаруашылық нысандарының шикізаттың бағытталуы 22 млрд. тоннадай тау жыныстарының қатты қалдықтарын мұрага қалдырыды, олардың ішіндегі кейбірі аса қауіпті уран рудаларының қайта өндөу қалдықтары болып келеді. КСРО кезінде тау-кен өнеркәсібі жер қойнауынан орасан зор көлемде тау жыныстарын шығара отырып, тек 5-10 пайызын ғана пайдалы шикізат ретінде пайдаланып, негізгі бөлігі қоқыс төгетін өрістер мен қоймаларға жинала берген. Қазіргі таңда қолданылып

жатқан шараларға қарамастан Тәжікстан Республикасының тау-кен өнеркәсібі кәсіпорындарының қоқыс төгетін қоймалары мен өрістері өте мүшкіл жағдайда, қоқыстардың құрамындағы негізгі ластаушы радионуклидтер қатарында уран, радий, полоний, торий, сүрме және сирап бар. Тәжікстанның сейсмикалық белсендігі жоғары аймақ екенін ескерсек, сондай-ақ қатты жаңбыр, несер, көшкіннің тұрақты түрде орын алуды қоршаған ортаның ластану қаупін одан са-йын арттыра түссетіні белгілі (4).

ТМД мемлекеттерінің барлығы ұлттық Конституцияларында қолайлы табиғи ортада өмір сұруғе деген адам құқықтары туралы ережелер бар, Қазақстан да осы елдермен экология саласында ынтымақтастып отыр. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі арасындағы 2004 жылдың 22 желтоқсанындағы Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес тараптар тенденциялық пен өзара тиімділік негізінде тұрақты даму принциптерін басшылықта ала отырып, қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асыруға, табиғи ресурстарды дәйекті түрде пайдалану мен молайтуға міндеттеме алды.

Озбекстан Конституциясы әрбір азаматты қоршаған табиғи ортага қамқорлықпен қарауға, меншік иелерін өз мұліктерін пайдалануда экологиялық ортага зиян келтірмеуге міндеттейді, жерді, оның қойнауын, сулар, өсімдік пен жануарлар әлемін және басқа да табиғи ресурстарды жалпыұлттық байлық деп жариялады. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметі арасындағы 1997 жылы 2 маусымда Алматы қаласында жасалған Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімде тараптар қоршаған ортаның біртұтастығы мен бөлінбейтіндігін, оны қорғау мен тұрақты түрде дамытудағы мұдделердің ортақтығын мойындаиды. Тараптар қоршаған ортага келетін кері әсерлерді ашу, зерттеу, болдырмау, қысқарту мақсатында ынтымақтасу; экологиялық зандарды үйлестіру, қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты қолдануды нормативті-құқықты реттеу; атқарылған жұмыстар жөнінде бір-біріне ақпарат беруге ниет білдірді.

Қырғыз Республикасының конституциясында ел азаматтарының өмір мен денсаулыққа қолайлы қоршаған табиғи ортада өмір сұруғе деген құқықтары белгіленген. Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қырғыз Республикасы Үкіметі арасындағы Қоршаған ортаны қорғау

саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге 1997 жылдың 8 сәуірінде қол қойылған және осы саладағы ынтымақтастықтың көптеген жақтарын қамтиды. Аталған мазмұндағы халықаралық құжаттар басқа да көршілес жатқан мемлекеттермен жасалынған. Оларда тараптар негізінен қоршаған ортаны қорғау саласындағы зандарды үйлестірудің ортақ бағдарламаларын қарастырады, олардың қатарында ережелер, нормативтер мен стандарттар, қоршаған ортаны зерттеудегі ынтымақтастық; тиісті ақпарат алмасу, экологиялық қауіпті жағдайлар туралы өзара ескерту жүйесін құру, өз аумақтарында экология саласындағы негізгі халықаралық құжаттардың жұмыс жасауын мойындау және т.б. қарастырылған. Орталық Азияның ең күрделі трансшекаралық экологиялық су мәселелерінің бірі Аral теңізінің жағдайы. Бұл аймақтың деңгейде өзара тиімді шешімдерді әзірлеуді қажет етеді (Абайдельдинов, 2012).

Жаһандық деңгейге көтеріліп отырған экология мәселесі әлемнің жекелеген елдерінің тек ішкі саясаты ғана емес, ортақ географиялық орта біріктірген аймақ елдерінің сыртқы саяси-экономикалық мәселесіне айналған. Сондықтан атальыш мәселені шешуде мұдделер ортақтығы, тарихи, мәдени тағдырластық басшылыққа алынатыны сөзсіз.

Орталық Азия мен Қытайдың экология саласындағы ынтымақтастығының көрінісі

Орталық Азия елдері тәуелсіздіктерін жариялағалы бері Қытайды өздерінің сыртқы саяси серіктестерінің ішіндегі маңыздылары қатарына жатқызады. Ол көптеген факторлармен шарттасқан. Өзара ынтымақтастық қарапайым сауда байланыстарынан басталып, саяси, экономикалық, қауіпсіздік саласы, тағысын тағы дами келе бүтінгі таңда стратегиялық әріптестік деңгейіне көтеріліп отыр. Өзара байланыстардың қарқындылығы жылдан жылға арта түсіде, өзара сауда айналымы да рекордтық көрсеткіштерге жетіп отыр, алайда мұнын барлығы мүлдем мәселе жоқ дегенді білдірмейді. Дамумен қоса шешуін күтіп отырған мәселелер де барышылық. Солардың қатарында экология және қоршаған ортаны қорғау мәселесі.

Қытай мен Орталық Азияның бес мемлекеттің ынтымақтастығының мүмкіндіктері мен әлеуеті сарқылған жоқ, олар төмендегі 6 жақтан көрініс тапқан:

1. «Бір белдеу – бір жол» бастамасы негізінде Қытай мен Орталық Азия елдері өзара байланыстарды жандандыра түсіде, барлығы

дерлік стратегиялық әріптестік байланыстар орнатты, ол экология мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастығына өте қолайлы саяси және сыртқы орта құрып отыр. Қазақстан – Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» құрылышындағы батысқа салынған жолдын алғашқы аялдамасы, Қытай төрағасы Си Цзинпин 2013 жылғы Қазақстанға сапары барысында «Жібек жолының экономикалық белдеуінің» құрылышы туралы бастаманы ұсынған болатын. Сол кезден бері «Бір белдеу – бір жол» бастамасы біртіндеп ұсыныстан нақты әрекеттерге ұласып, теория практикаға ауыса бастады, сейтіп, бүкіл халықаралық қауымдастық қабылдаған ғаламдық ортақ өнімге айналды. Орталық Азия елдері Қытаймен стратегиялық әріптестік байланыстарды дамыту жөнінде гі декларацияларға қол қоя отырып, өзара ынтымақтастық денгейін өте жоғары дәрежеге көтерді.

2. Орталық Азияның бес мемлекеті, әсіресе Қазақстан экология мен қоршаған ортаны қорғауға және жасыл экономиканың дамуына баса назар аударады. Үнтымақтастық нысандарының шектеулігі мен талаптары тұрғысынан айттар болсақ, бұл бір жағынан шешімі қын мәселе болса, екінші жағынан үлкен мүмкіндік. Бұл тек Қытайдың жасыл өндірісін, жасыл өнімдерін, жасыл технологиялары мен жабдықтарын «шығару» ғана емес, сондай-ақ Орталық Азия елдерінің жасыл экологиялық өнімдерін «кіргізу», Қытай арқылы әлемге шығару мүмкіндігі ретінде қарастырылады. Қазақстан – ТМД елдері ішінде бірінші болып қоршаған ортаны қорғау туралы заң мен жасыл энергияға көшу туралы резолюцияны қабылдаған мемлекет. 2016 жылдың сәуір айында Н. Назарбаев «Жасыл экономикаға» көшу туралы Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу» жобасына қол қойды. Бұл жоба «Жер туралы занға», «Су туралы занға», «Қоршаған ортаны қорғау туралы занға», «Кәсіпкерлік туралы занға», «Салық заңына», «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы занға» және тағы басқа зандарға түзетулер мен толықтырулар енгізді, «Жасыл экономикаға көшуді жүзеге асырудың» 2020 жылға дейінгі іс-қимыл жоспары болып саналады. 2017 жылдың маусым айында Қазақстан Энергетика министрлігінің Ақпараттық кеңесі Астана Экспо көрмесі негізінде халықаралық жасыл технологияны дамыту орталығын құратынын айтты. Орталықтың қызметі негізінен жеті бағытты қамтиды: электр энергиясын тасымалдау, қаланды гүлдендеру, жасыл экономиканы дамыту, жасыл

технологиялар мен тәжірибелерді алға бастыру, жаңартылатын энергия көздерін дамыту және жасыл есім әлеуетін зерттеу. Халықаралық жасыл технологияларды дамыту орталығы ең алдымен, Орталық Азия елдерін, Иранды, Ауғанстанды, Монголияны және Эзербайжанды тартатын болады, содан кейін ЭЫДҰ, ЕО, Ресей, Қытай, Үндістан және Латын Америкасы және басқа да индустріалды өнірлерді ынтымақтастыққа шақыратын болады.

3. Эко-мәдени туризм индустріясы Орталық Азия елдерінің маңызды даму салаларына жатады, ынтымақтастық болашағы өте зор. 2017 жылдың маусым айында Қытай мен Қазақстан ел басшылары «Қытай Халық Республикасы мен Қазақстан Республикасының бірлескен декларациясына» қол қойды, құжатта «Бір белдеу – бір жол» құрылышы мен «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясатын біріктірген ынтымақтастық бағдарламасының зор мәні бар екендігі айтылған. Тараптар жоғарыда аталаған бастама шенберінде өндіріс куаты мен инвестициялық ынтымақтастықты тереңдетуге, өзара байланыс пен өзара іс-қимылды нығайтуға, инфрақұрылымды құру, транспорт пен логистика, сауда, машина жасау, ауыл шаруашылығы, туризм салаларындағы ынтымақтастықты тереңдетуге келісті. Дәл осылай, Өзбекстан Үкіметі де туризм саласындағы ынтымақтастықты дамытып, жақсартуға, туризм сапасы мен қызмет көрсету сапасын біртіндеп арттыруға баса назар аударады. Орталық Азияның жүргегінде орналасқан Өзбекстан ежелгі «Жібек жолында» ерекше рол атқарады. Өзбекстан астанасы Ташкент Орталық Азияның ежелгі әйгілі қаласы ретінде ежелгі Жібек жолындағы маңызды сауда және қолөнер орталығының бірі, Батыс Хань дәуірінің белгілі саяхатшысы Чжан Цянь мен Таң дәуірінің философ-ғалымы Сюань Цзан осы жерде болған. 2016 жылдың 2 желтоқсанында Өзбекстан «Өзбекстан Республикасының туризм саласын қарқынды дамыту кепілдіктері» атты президенттік жарлық жариялады. «Өзбекстанның туризм туралы заңы» да үкімет саясатын жүзеге асыратын маңызды анықтамалыққа айналған. «2017-2021 жылдарға арналған Өзбекстан Республикасының 5 басым даму саласының іс-қимыл стратегиясында» туризм саласына ерекше мән берілген, атап айтқанда, туристік міндеттемелер мен кепілдіктерді қарқынды тұрде дамыту, Өзбекстан экономикалық дамуының стратегиялық саласына айналдыру. 2017 жылдың мамыр айында Өзбекстан Республикасы президенті Ш. Мир-

зиеев Қытайға сапар жасады, екі елдің Туризм министрліктері «2017-2020 жылдары туристік ынтымақтастықты дамыту келісіміне» қол қойды. Бүгінгі таңда Өзбекстан қытай туристеріне ерекше жағдайлар жасайтын жоба ұсынып отыр, бұл жоба Қытайға Өзбекстанның туристік визаларын ресімдеу уақытын қысқартады және женілдететін болады.

4. Орталық Азия елдері егістік жер ресурстарына өте бай, бірақ ауқымды басқару көп мөлшердегі қалдықтардың шығуына әкеледі, жалпы ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықтың әлеуеті зор. Орталық Азияның бес мемлекеттіндегі егістік жерлер көлемі адам басына шаққанда айтارлықтай жоғары, бірақ мемлекеттердің даму деңгейі жоғары емес, жер пайдалану қарқындылығы мен ауыл шаруашылық техникасы төмен деңгейде, жан басына шаққандағы егістік жер әлемнің орташа деңгейінен асып түседі, ауыл тұрғындарының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін егістік жерлердің жалпы ауданы айтарлықтай кеңейді, алайда егістік жерлер көп болғанымен, өнімділік аз. Дүниежүзілік банк жариялаған ресми мәліметтерге сәйкес, Қазақстандағы жан басына шаққандағы егістік жерлер 2014 жылы мол болған (1,7 га/адам), әлемде Австралиядан (1,7 га/адам) кейінгі екінші орында, алайда, Австралия жан басына шаққанда 1,615 тонна астық өндіреді, ал Қазақстанның көрсеткіші тек 0,975 тоннаны құрайды. Ауыл шаруашылығы Қазақстанның дәстүрлі басым саласы болып табылады, бірақ жерді пайдаланудың төменгі деңгейі оның ауыл шаруашылығын дамытуын шектеді, әлем елдері жер игеруді белсенді дамытып, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласын қарқынды дамытуға бет алған бүгінгі таңда Қазақстанда 9 млн гектар жер әлі игерілмеген. Бұл жер аумағының үлкендей, адам санының аздығы және т.б. көптеген жағдайлармен шарттасқан. Қазақстанның ауыл шаруашылығының дамуына инвестициялар тарту Қытай мен Қазақстан ынтымақтастығын нығайтудың бірден-бір жолы болып саналады.

5. Орталық Азияның бес елінде тұшы су ресурстарының жетіспеушілігі және судың төмен өнімділігі өзекті мәселе болып отыр. БҮҰ-ның стандартына сәйкес, аймактағы жан басына шаққандағы су ресурсы 1700 текше метрден төмен, су жетіспеушілігі 1000 текше метрді, су тапшылығы 500 текше метрді құрайды. Дүниежүзілік банк мәліметтеріне сәйкес, 2014 жылы Өзбекстан мен Түркіменстанның жан басына шаққандағы су ресурстары сәйкесінше 531 текше

метр және 265 текше метр болды, бұл су жетіспеушілігінің нақты көрінісі. Әлемде жан басына шаққандағы су ресурстары 5926 текше метрді құрайды, Қазақстанның жан басына шаққандағы су ресурстары 3722 текше метрді құрайды, Тәжікстан – 7650 текше метр, Қыргыз Республикасы – 8 385 текше метрді құрайды, әлемнің орташа деңгейіне жақын, Орталық Азияның 5 мемлекеттің әлемдегі су ресурстары жеткіліксіз елдер қатарына кіргендігін байқауға болады. Сонымен бірге Орталық Азияның бес елінің су өнімділігі әлемдік орташа көрсеткіштен төмен болып отыр (18,28), оның ішінде Қазақстан – 8.71, қалған 4 мемлекет, Түркіменстан – 1.25, Өзбекстан – 0.96, Қыргыз Республикасы – 0.73, Тәжікстан – 0.65, әлем бойынша ондыққа кіріп отыр. Бұдан басқа Орталық Азияның бес елінде көптеген траншекаралық өзендер бар, су ресурстарын игеру және пайдалану мәселесі өте күрделі, су мен топыракты есепсіз, ауқымды пайдалану нәтиже сінде экологиялық проблемалар туындал отыр.

6. Орталық Азияның бес елі таралған көмір-қышқыл газының қысымына тап болып отыр, энергия үнемдеу әлеуеті жоғары. Дүниежүзілік банктің мәліметтері бойынша 2013 жылы Қазақстандағы жан басына шаққандағы көмір-қышқыл газ бөлінуі 15,43 тоннаға жетті, Түркіменстан – 12.77 тонна әлемдік орташа көрсеткіштен жоғары (4,99 мт / адам). Бұл XXI ғасырға аяқ басқаннан кейін жедел индустрияландыру мен урбанизация үрдісімен тікелей байланысты болуы мүмкін – экономикалық даму көмірге деген сұранысты қөтерді, бірақ көміртегі шығарындылары экологиялық проблемаларға көніл бөлу қажеттігін туғызды [6].

Экологиялық мәселелерді шешу жолдары

Экология саласындағы қауіпсіздік саясатын жүргізу үшін мемлекеттерге су-энергетикалық мәселелер бойынша екіжақты және көпжақты форматта жұмыс жасау керек. Атап айттар болсақ, тамшылатып суарудың заманауи технологияларын қолдану, арнайы су себу кондырғыларын пайдалану, қымбат тұратын каналдарды салудың орнына егістік жерлерді суару үшін құбырлар жүргізу және т.б.

2014 жылғы АТЭС саммитінде ҚХР-дың атмосфера ластануын төмендету және энергия көздерін жаңартылатын көздерге ауыстыру бойынша жоспары жарияланды. Атап айтқанда, ҚХР-дың экологиялық бағдарламасының маңызды бөлігі қоршаған ортаны ластамайтын электромобилдер жасауды ұлғайту болып табылады. 2015 жылдың наурыз айында Қытайдың көлік министрлігі елдегі электромобилдер санын

300 мыңға жеткізу, оның ішінде электр қозғалтқыштармен жүретін автобустар – 200 мың, такси – 100 мың болатын жоспарын жария етті. Қалаларда қазірдің өзінде қайта зарядтауға арналған стансалар салынуда. Оған қоса азamatтарды экологиялық таза машиналарды сатып алуға ынталандыратын салықтық шаралар да қарастырылған. Қытайдың билік органдары мен кәсіпорындары өз қажеттері үшін мүмкіндігінше экологиялық автомобилдерді көбірек пайдалану туралы нұсқаулар алған. Сондай-ақ олар үшін қөмірсутектік отынға арналған субсидиялар төмендетілген. Қытайдың өнеркәсіп пен ақпараттандыру министрлігінің хабарлауы бойынша, 2015 жылдың алғашқы жартысында баламалы отындар түрін пайдаланатын машиналар өндірісі 3 есеге артқан. Қытай автомобиль өндіру ассоциациясының болжамы бойынша, 2015 жылы Қытайда 250 мыңға жуық электрокарлар сату жоспарланған – әлемнің басқа елдерінен әлдекайда көп. Осы орайда электроника мен тұрмыстық техниканың негізгі өндірушісі болып табылатын жапондық «Panasonic» корпорациясының электрокарлар мен гибридті автомобилдерге арналған батареялар шығаратын Қытайдағы алғашқы зауытты салу туралы шешімін айтуда керек. Бұл компания әлдекашан гибридті машиналарға арналған батареялардың негізгі жеткізуінен айналған (7).

2017 жылдың мамыр айында Жапонияның «Panasonic» корпорациясы Қытайдың Далян қаласында автомобиль батареяларын шығаратын зауыт салуға 2 млрд. юань инвестиция құйды. Бұл зауыт жергілікті Ляонин кәсіпорнымен ынтымақтасқан 2-ші бірлескен кәсіпорын болып саналады (8).

Қорытынды

Жалпы, Орталық Азия аймағындағы көптеген экологиялық бағдарламалар тек қаржыландырудың жетіспеушілігінен ғана емес, әрине, бұл да ете маңызды, сондай-ақ экологиялық қауіпсіздік мәселесіне келіп тірелетін саяси ұстанымдар есебінен де жүзеге аспай отыр. Алайда экологияны сақтау міндетті және жердегі өмірдің өзі саяси салада да өзара мәмілеле келу қажеттігін талап етеді. Халықаралық қатынастар тәжірибесі кез келген мәселені шешуде, соның ішінде қоршаған ортаны қорғауда екіжақты келісім-шарттардың анағұрлым тиімді екендігін көрсетті. Сондықтан әлемдік қауымдастықтың кез келген мүшесі халықаралық қатынастарда болсын, ішкі саяси-экономикалық қайраткерлікте болсын, өзінің ұлттық мұддесімен қатар келісуші тараптың, әсіресе бір табиғи ортаны пайдаланатын елдердің мемлекеттік мұдделерін ескеру керек деп санаймыз.

Әдебиеттер

- Экологические проблемы Китая // <http://gnoom63.livejournal.com/11731.html>
- Власова Е. Экологическая ситуация в Китае – проблема для всего мира // <http://bellona.ru/2013/03/13/ekologicheskaya-situatsiya-v-kitae-probl/>
- Арифов Х.О., Арифов П.Х. Климатические изменения как фактор угрозы энергетической безопасности региона и необходимость принятия превентивных мер //Мат-лы междунар.конф. «Проблема безопасности государств Центральной Евразии в условиях современного мироустройства: тенденции и подходы к обеспечению стабильности. – Душанбе, 2014, С.173-177.
- Майданова Г.М. Экологическая ситуация в Центральной Азии: проблемы и перспективы решения // <http://www.contur.kz/node/2968>
- Абайдельдинов Е.М. Вопросы обеспечения экологической безопасности в регионе Центральной Азии // Сборник материалов с конференции «Совершенствование института представительства: вопросы правотворчества и правоприменения». – Астана, 2012.
- “一带一路”专题研究报告. 北京师范大学中国市场. 经研究中心太和智库. 2018年1月
- Бокарев Д. Экологические проблемы Китая: есть ли выход? // <https://ru.journal-neo.org>
- 日本松下在大连投了20个亿，创建车载电池工厂// http://www.sohu.com/a/141826100_555290

References

- Ekologocheskie problemy Kitaya //<http://gnoom63.livejournal.com/11731.html>
- E.Vlasova. Ekologicheskaya situatcia v Kitae – problema dlya vsego mira // <http://bellona.ru/2013/03/13/ekologicheskaya-situatsiya-v-kitae-probl/>
- Arifov H.O., Arifov P.H. Klimaticheskiye izmeneniya kak faktor ugrozy energeticheskoi bezopasnosti regiona i neobhodimost' prinyatiya preventivnyh mer //Mat-ly mezhdunar.konf. «Problema bezopasnosti gosudarstv Central'noi Evrazii v usloviyah sovremennoego mirostroistva: tendentcii i podhody k obespecheniyu stabil'nosti.-Dushanbe, 2014, S.173-177.

Maitdinova G.M. Ekologicheskaya situatciya v Central'noi Azii: problem i perspektivy resheniya // <http://www.contur.kz/node/2968>

Abaidel'dinov E.M. Voprosy obespecheniya ekologicheskoi bezopasnosti v regione Central'noi Azii // Sbornik materialov konferencii "Sovershenstvovanie instituta predstavitel'stva: voprosy pravotvorchestva i pravoprimeneniya". - Astana, 2012.

"Yidaiyilu"zhuanzi yanjiu baogao. Beijing Shifan daxue Zhongguo shichang . Jingji yanjiu zhongxin Taihe zhiku. 2018nian 1yue.

Dmitrii Bokarev. Ekologocheskie problemy Kitaya: est' li vyhod? // <https://ru.journal-neo.org>

Riben Songxia zai Dalian toule 20 ge yi, chuangjian chezai dianchi gongchang// http://www.sohu.com/a/141826100_555290

Сағынбек М.¹, Арзыкулов А.А.²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: 1103marjan@gmail.com

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: ajkenamanjol@mail.ru

ҚЫТАЙ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚХР-ДЫҢ ЖАҢА ДАМУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ОРНЫ

Мақалада авторлар жаңа замандағы Қытай мәдениетінің алатын орнын, оның бүгінгі Қытай қоғамындағы ерекшелігі мен келешегі туралы қарастырады. 2017 жылдың қараша айында өткен Қытай коммунистік партиясының XIX құрылтайы кезінде де бұл мәселе назардан тыс қалған жок. ҚХР төрағасы Си Цзиньпиннің мәлімдеуінше, Қытай тек экономикалық қуаттылық жағынан ғана емес, сонымен қатар мәдениет саласы бойынша да жаңа державаға айналуы тиіс. Қытай мәдениетінің қытайлық «жұмсақ қүш» саясатында үлкен рөл атқаратының ескерсек, бұл салаға қытай басшылығының ерекше қөніл бөліп, айрықша назарда ұстайтыны даусыз. ҚХР билігінің бесінші буыны бағдар етіп отырған «Қытайлық арман» тұжырымдамасының жүзеге асуына қытайлық ерекшелігі бар социалистік мәдениеттің қосар үлесі орасан екені айтпаса да түсінікті.

Түйін сөздер: дәстүрлі мәдениет, модернизация, қытайлық ерекшелігі бар социалистік мәдениет, Конфуций институттары, «қытайлық арман».

Sagynbek M.¹, Arzykulov A.A.²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: 1103marjan@gmail.com

²Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: ajkenamanjol@mail.ru

Role of the Chinese culture in modern development of the People's Republic of China

In article authors consider the place of modern Chinese culture, her feature in modern Chinese society and her prospects of development. This question was also considered during XIX of the National Congress of the Communist Party of China. According to the statement of the Chinese President Xi Jinping, China has to become not only the economic, but also cultural new power. If to consider the fact that the Chinese culture plays a large role in carrying out the Chinese policy of "soft power" it is possible to tell confidence that the Chinese leaders will pay much attention on this branch.

Key words: traditional culture, modernization, socialist culture with the Chinese specifics, Confucius's institutes, «the Chinese dream».

Сағынбек М.¹, Арзыкулов А.А.²

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: 1103marjan@gmail.com

²Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: ajkenamanjol@mail.ru

Роль китайской культуры в современном развитии КНР

В статье авторы рассматривают место современной китайской культуры, ее особенности в современном китайском обществе и ее перспективы развития. Этот вопрос также рассматривался во время проведения XIX съезда КПК. По заявлению председателя КНР Си Цзинпина, Китай должен стать не только экономической, но и культурной новой державой. Если учитывать тот факт, что китайская культура играет большую роль в проведении китайской политики «мягкой силы», можно уверенно сказать, что китайские руководители будут уделять большое внимание на данную отрасль.

Ключевые слова: традиционная культура, модернизация, социалистическая культура с китайской спецификой, институты Конфуция, «китайская мечта».

Kіrіспе

Қытай – адамзат өркениетінің ең көне ошақтарының бірі және ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени дәстүрлері бар, тарихи тамыры теренен бастау алатын ел. Бүгінде байырғы мәдениеті мен салт-дәстүрлерін сактай отырып, Қытай осы қазіргі кезеңге тән заманауи үрдіспен де дамып келеді. Қытайда болған адам ол жерден ежелгі өркениеттің үлгілерімен қатар, модернизацияның да өзіндік таңбасын байқай алады. Бес мың жылдан астам тарихы бар Қытай елі мәдени құндылықтарымен де адамзаттың назарын ерікіз өзіне аударып отыр. Қытай өркениетінің озық үлгілерін материалдық және жазба мәдениет ескерткіштері түрінде кездестіруге болады. Жазба ескерткіштері жағынан Қытай өркениеті әлемдегі ең бай елдер қатарына жатады (Алдабек, 2011: 3). Осындай бай мазмұнды Қытай мәдениетінің бүгінге дейін жетуі онай болған жоқ, көптеген қыын-қыстау кезеңдерді басынан өткізді, 1949 жылы Қытай Халық Республикасы (КХР) құрылғаннан кейінгі тарихқа көз салар болсақ, 1966-1976 жылдар Қытай мәдениетінің шектеуге ұшыраған токырау кезеңі болып саналады. «Ұлкен секіріс» секілді шаруашылық реформасы және «Мәдени революция» сынды саяси науқандардың толассыз қайталануы, Қытай экономикасын бұрынғы жеткен жетістіктерінен айырды. Осы кездегі шаруашылық саласына келген токырау, білім мен ғылым, мәдениет пен өнер салаларын да шарпыды (2). Тек мемлекет ішіндегі аласапыран токтаған 1976 жылдан бастап, нақтырақ айтсақ 1978 жылы желтоқсанда ашылған Қытай коммунистік партиясының 11-шакырылымының 3-plenумынан кейінған Қытай мәдениетінің әрбір саласы еркін, тоłyққанды даму мүмкіндігіне ие бола алды, мәдениет саласы қайта жандана бастады.

Негізгі бөлім

1979 жылы қазан айында ашылған VI кезекті мәдениет өкілдер жиналысы қытай мәдениетінің қарқынды дамуына түпкілікті рөл атқарды, әсіресе Дэн Сяопин жолдастың құттықтау соғзі мәдениет саласында да идеяны азат етіп, реформа жасауга үндеді. Осы реткі жиналыстан кейін мемлекеттің мәдениет саясатында ұлкен бетбұрыс орын алды, «жоғары дәрежелі, бай мазмұнды мәдени түрмисты дамыту және социализм рухани өркениетін құру» бағыты жолға қойылды. Дэн Сяопин нарықтық реформалар мен «қытайлық ерекшелігі бар социализмді» құрудың бастамашысы болды, алайда оның қытай

қоғамындағы бауға шақырған үндеуінің нәтижесінде зандар мен адамгершілік арасына сызат түсті. Мысалы, 1995 жылы акпанды «Чжунго вәнъху бао» газетінде, көпшіліктің ашықтық пен нарық жағдайында мораль аясындағы жағымсыз құбылыстарды, жемқорлықтың кең етек алуын және сол сияқтыларды батыстық мәдениеттің енуімен және дәстүрлі этникалық түсініктердің құлдырауымен байланыстыратыны жайлай айтылады. Осылайша жаңа ағым пайда болды, мақсаты – дәстүрлі мәдениетті жандандыру және ұлттық рухты көтеру. Оның ережелері атабабаларды ұмытпауды, адамдардың моральдық және әлеуметтік келбетін жетілдіруді талап етеді.

XX ғасырдың 90-жылдары «сиякан» қоғамын құру туралы ұран тасталды, ол дәстүрлі конфуцийшілдік мәдениеттің түсінігі болып табылады. Фалымдар оған мынадай түсінік береді: «...берік, этикалық айқындалған әлеуметтік тәртіпке сүйенетін, орташа қоғамдық дәүлетке» жету. XX ғасырдың соңында КХР саясатының айрықшылығын жаңа ұлттық мәдениет құрумен байланысты «И во вэй чжу вэй во со юн» («өзіндікі – басты, өз игілігін үшін пайдалан») ұстанымы білдірді.

2000 жылы Цзянь Цзэминь «мемлекетті мораль көмегімен басқару» (и дэ чжи го) ұранын көтерді, кейіннен ол талай рет «социалистік идеологиялық және моральдық құрылышты қүшетту» туралы атап өтті. 2001 жылы қыркүйекте ККП Орталық комитеті «Азаматтық этиканы құру бағдарламасын» шығарды, онда қоғамда насихаттауга қажетті басты моральдық қағидаттар тұжырымдалған.

ККП-ның он алтыншы шақырылымының 6-плenumында және XVII съезде үйлесімді социалистік қоғамның мәдениетін қалыптастыру мақсаты қойылды. Бұл мақсатты алға қою «марксизмді қытайландырудың» маңызды нәтижесі, «марксизмнің идеялық ұстанымы болып табылатын реалистік қарастыруды қытайлық дәстүрлі мәдениетпен органикалық сәйкестендірудің өнімі» екендігі атап өтілді.

Бұл жаңа тарихи жағдай ККП-ның мәдениеттің даму заңдылықтарына деген терең түсінігін, халық бұқарасының мәдениетке деген сұранысының жоғары екендігін көрсетеді (Цай Ву, 2009: 38). ККП-ның XV құрылтайында социалистік жаңғыруда дамыған экономикамен бірге дамыған мәдениетке ие болу керектігі атап көрсетілді. «Ушке өкілдік ету» маңызды идеясы мәдениет құрлысының орны мен рөлін жалпы беттік көтерді. 2011 жылдың қазан айында өткен ККП ОК XVII шақырылымының VI-плену-

мында «алып мәдениетті мемлекет» құру стратегиясын қабылдады.

«Алып мәдениетті мемлекет» құру контекстінде халықаралық аренада қытай мәдениетінің ықпалын арттыруды, халықаралық мәдени байланыстарды терендету және басқа мемлекеттердің озық мәдениетін жан-жақты саралап, өзіне сініру саясатын ұстанды. Сол кездегі ҚКП ОК бас хатшысы, ҚХР төрағасы Цзян Цзэмін ұсынған «прогрессивті мәдениет» бағытын «шетелге шығу» стратегиясымен бірлестіріп жузеге асыруды Конфуций институты жүйесін арқылы атқарып келеді. Нактылап айтқанда, «шетелге шығу» стратегиясы арқылы Қытай сыртқы әлеммен экономикалық және мәдени ынтымақтастырын жан-жақты дамытуда. Қазіргі таңда әлемнің 134 елінде Конфуций институттары белсенді түрде қытай тілі мен мәдениетін оқытумен шүғылдануда. Олардың білім беру жұмысы Қытайдың сыртқы саясатын атқарумен байланыстырылған. Қытай мен Конфуций институттары орналасқан елдердің арасындағы білім беру және мәдениет алмасу саласындағы ынтымақтастық қатынастарды қалыптастыру мен дамытуға, тіпті екі ел кәсіпорындары арасында байланыстарға дәнекер болу миссиясын да қоса атқарып, Қытай жөнінде жағымды көзқарастар қалыптастыруды маңызды рөл атқарып келеді. Олар мәдени дипломатияны дамытып, Қытайдың ұлы державалық позициясын нығайтуға үлес қосуда. Сондықтан Қытай үкіметі Конфуций институттары мен Конфуций сыныптарын көтеп ашуды тиімді жалғастырып келеді. Қазірдің өзінде Конфуций институттары мен сыныптарының жалпы саны 1500-ге жетіп, басқа мемлекеттердің тіл оқыту институттарын саны жағынан артта калдырыды (Керімбаев, 2017: 59). Сондықтанда Қытай мәдениетінің әлемге таралуы Қытай рұхын, Қытай құндылығын, Қытай қуатын анағұрлым ойдағыдай сомдауында жетекші күшке ие.

Елдің сан ғасырлық тарихы бойында Қытай басшылары мәдениеттің мемлекет басқарудағы рөлі мен орнына айрықша қоңіл бөліп келді. Бұл ішкі саясатта, сондай-ақ сыртқы саясатта да көрініс тауып келді. 2012 жылы қарашада ҚКП-ның XVIII съезінде басшылығына Си Цзиньпин сайланған ҚХР жетекшілерінің «бесінші буыны» да осы сара жолды, салиқалы саясатты ұстанып отыр. Қытайды басқару коллегиялық орган – ҚКП ОК Саяси бюросының Тұрақты комитетімен жүргізілетіні белгілі, ол бүгіндегі 7 мүшеден тұрады, олардың әрқайсысы елді басқарудың тиісінше секторына жетекшілік етеді. ҚКП ОК аппаратында Рұхани өркениетті нығайту

саласындағы әрекеттерді басқару бойынша Орталық комиссия жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта Қытайдың жана рұхани мәдениетін құру мәселелері бойынша басты құжат – 2011 жылы қазанда ҚКП ОК XVII шақырылымының арнайы пленумының шешімдері болып табылады, ол ҚКП ОК ұйғарымымен «Мәдениет жүйесінің реформаларын терендету, социалистік мәдениеттің дамуы мен гүлденуін ілгерілетуге қатысты кейбір маңызды мәселелер туралы» деп аталды. Осы пленумның ҚХР мен ҚКП тарихында мәдениет мәселесі алғаш рет осындай жоғарғы деңгейде қарастырылған шара болғандығын атап өттіміз қажет. Пленум жұмысында модернизацияға, бейбітшілік пен келешекке бағдарланған, қытай азamatтарының ұлттық мәдениетке деген түсінушілігі мен сенімділігін арттыруға бағытталған социалистік мәдениеттің дамуына барынша күш салу қажеттігі атап өтілді. Мәдениет елдің қазіргі әлемдегі жан-жақты бәсекеге қабілеттілігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Алайда елдің мәдени қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті барған сайын қын да күрделі болып бара жатыр.

Пленумда сондай-ақ мемлекеттің мәдени «жұмсақ қүшін» нығайту мен халықаралық аренада қытай мәдениетінің ықпалын көтерудің өзектілігі туралы да айтЫЛДЫ. Бұл жерде елдің тек халықтың материалдық сұраныстарын қанагаттандырып қана қоймай, сонымен бірге оны бай және саламатты мәдени өмірге бөлеу керектігі атап өтілді. Мәдениет өндірісінің дамуы халықтың саналуан рұхани және мәдени сұраныстарын қанагаттандырудың маңызды өзегі болып табылады. Қытай басшылығы мәдениет өндірісінің дамуы және мәдени-өндірістік жүйенің қалыптасуында «секіріс» жасауға септігін тигізуі қажет.

ҚКП ОК пленумы қабылдаған Қарапда: «ұлкен даму, ұлкен өзгерістер мен ұлкен реттестірулер кезеңіндегі қазіргі әлемде, көпполярлықтың дамуы, экономикалық жаһандасудың терендеуі, ғылым мен техниканың қарқынды өзгеруі, әртүрлі мәдениеттер мен идеологиялардың өзара әрекеттесуі мен өзара баюы жағдайында, мемлекеттің біртұтас қуаты үшін бәсекелестік куресте мәдениеттің рөлі мен орны едәуір елеулі бола туседі, мемлекеттің мәдени қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеті едәуір қүштейеді; мемлекеттің мәдени «жұмсақ қүшінің» артуы, әлемдегі қытай мәдениетінің ықпалын қүштейту елеулі өзектілікке ие болады. Құжатта ҚКП ОК-нің мәдениет мәселесіне қоңіл бөлуінің сегіз себебі нақты қөрсетілген, олар:

1. Кейбір мекемелер мен аудандарда мәдениет құрылышының маңыздылығына, қажеттілігіне және өзектілігіне қатысты толықтай түсінушілік жетіспейді, мәдениеттің бүкіл ұлттың өркениеттік сапасын арттырудагы стимулятор ретіндегі рөлін күшайту талап етіледі.

2. Кейбір салаларда моральдық азғындық, шынайылықтың жоқтығы байқалады, қоғамның кейбір мүшелерінің өмірге және құндылық бағыттарға қозқарастары шатысып кеткен; жан-жүргі социализм болып табылатын құндылықтар жүйесі жетекші идеологиялық ағым ретінде барынша өзекті бола түсті; партия мен елдің бүкіл ұлттарының бірлігі үшін құрестегі жалпы идеология мен моральды күшайту міндетті қынданың түсті.

3. Қоғамдық пікірді басқару әлеуеті арттыруды талап етеді, ақпараттық жүйелер құрылышы мен оларды басқару нығайту мен реформалауды қажет етеді.

4. Талғампаз өнімнің ықпалы бар күш жеткіліксіз, мәдени өнімдерді шығармашылық өндіру бойынша басқарушы құштер нығайтуды керек етеді.

5. Жалпылық мәдениетке қызмет көрсету жүйесі жетілмеген, қала және ауылдық жерлердегі, сондай-ақ елдің әртүрлі аудандарындағы мәдениеттің дамуын біркелкі емес.

6. Мәдениет өндірісінің көлемі балар-болмас, құрылымы ұтымсыз, мәдениеттің өндіргіш құштерінің дамуын тежеу мәселесі әлі де шешілмеген.

7. «Сыртқа шығуда» мәдениет өте әлсіз, қытай мәдениетінің халықаралық ықпал күши бірте-бірте күшайтуді қажет етеді.

8. Мәдениет саласындағы мамандар шоғырын құруды жедел нығайту қажет.

Осылай қарай отырып және «стратегиялық сараптау және мәдениет реформасына бірте-бірте дайындалу» міндеттін коя отырып, ҚКП ОК бұл реформа келесі мақсаттар үшін қажет деп айқыннады:

- ҚКП XVII съезінің рухын өмірге жан-жақты енгізу, социалистік мәдениеттің ұлы дамуы мен ұлы гүлденеуіне түрткі болу;

- дамудың ғылыми тұғырнамасын өмірге тереңдей енгізу, «12-ші бесжылдық» мақсаттарын жүзеге асыру, сяокан қоғамын жан-жақты құру үдерісін жеделдепу;

- күн санап күрделеніп келе жатқан мемлекеттердің бәсекелестігінде жеңімпаз болып шығу үшін, мемлекеттің «жұмысқ құшінің» мәдени құрамын арттыру;

- қазіргі уақытта мәдениет құрылышында пайда болған мәселелерді шешу.

Мәдениет саласындағы реформаның басты міндеттері ретінде пленум мыналарды ұсынды:

- мәдениет реформасын дамытуда бірте-бірте ынталандырудың маңыздылығы мен өзектілігін түсінуді тереңдепу;

- өзегі социализм болып табылатын құндылықтар жүйесін құруды күшайту, партияның, мемлекеттің бірлігі мен ұлттық бірлік үшін құрестегі ортақ идеология мен мораль базасын нығайту;

- мәдени шығармашылық өндірісті жандандыру, халықтың рухани және мәдени сұранысын барынша қанағаттандыру;

- мәдениет пен мәдениет өндірісінің дамуын жеделдепу, Қытайдың жалпы мәдени құштерін көтеру;

- мәдениеттің жүйелері мен тетіктерін жетілдіру, мәдени дамудың қуаты мен қарқынын күшайту;

- мәдениет саласындағы мамандарды дайындау деңгейін елеулі арттыру, бұл мамандар шоғырын елеулі көңеңтүсінде қарындаштыру;

- партия тарарапынан мәдениет жұмысын басқаруды күшайту және өзгерту.

Мәдениет реформасының мақсаттары мен олардан күтілетін нәтижелер

Мәдениет саласындағы реформаның басты стратегиялық мақсаты – 2020 жылға қарай құрамында мәдени, экономикалық, саяси, әлеуметтік, экологиялық және өркениеттік құрылымы үйлесім тапқан, социалистік мәдениеттегі қуатты держава құру.

Бұдан тыс, Қарар бойынша, «мәдениет саласындағы реформаны дамыту үшін курес» нәтижесінде келесі межелерге қол жеткізілуі тиіс:

- өзегі социализм болып табылатын құндылықтар жүйесін құру, идеология мен моральдың жақсаруы, дәстүрлер мен салттардың бірте-бірте көтерілуі, азаматтардың ожданылышын арттыру;

- мәдениет өнімдерінің байлығын арттыру, тұрғындардың сұранысына жауап беретін елеулі өнімдердің тұрақты пайда болуы;

- мәдениеттің жан-жақты дамуы, тең құқыларынан қорғаудың қолжетімдік ұстанымдарымен жұмыс істейтін қоғамдық мәдени қызмет көрсету жүйесі үшін негіз қалау;

- мәдениет өндірісін ұлттық экономиканың басты құрамдарының біріне айналдыру, мәдениеттің қуаттылығы мен оның халықаралық бәсекелестігін арттыру; меншіктің қоғамдық түрі негізгі, бірақ сонымен бір мезгілде жекеменшіктік түрдегі мәдениет кәсіпорындары да жан-жақты дамиды;

• мәдениетті басқару жүйесі мен мәдени өнімдерді бақылау тетіктерін құру, олар тиімді және саналуан бола түседі; ұлттық мәдениетке басты назар аудара отырып, шетелдік мәдениеттің озық жетістіктерін тарту қажет, мәдени ашықтық пен қытай мәдениетінің әлемге шығу тетіктерін ұдайы жетілдіру;

• мәдениет жұмыскерлерінің отрядтарын кең дамыту және олардың сапасын арттыру, мәдениеттің дамуы мен гүлденуіне ықпал ететін мамандардың әлеуетін қүшетуге кепілдік жасау.

2017 жылы 18 қазанда басталған Қытай коммунистік партиясының XIX құрылтайында Си Цзиньпиннің «Жаңа дәуірдегі қытайша социализм» идеясы жетекші болып танылды, сондақ партия жарғысына енгізілді. «Жаңа дәуірдегі қытайша социализм идеясы» – партия басшылығы табандылық таныта отырып, бастапқы мақсатты ұмытпай, борышты еске мықты ұстаяр арқылы, қытайша социализмнің ұлы туын биік көтеріп, орташа дәулетті қоғам құруды; Қытайды жаңғырған, құдіретті, бай, көркем елге айналдыруды; жаңа дәуірдегі социализмнің ұлы женісіне қол жеткізуі көздейді (5). Қытай басшысы артта қалған бес жылды саралай келе, мынадай бага берді: «Идеялық-мәдени құрылышта елеулі ілгерушілік орын алды. Идеологиялық жұмыста партия басшылығы нығай түсті, партиялық теориялық инновациялар жан-жақты дамыды. Идеология саласында марксизмнің жетекші жағдайы ашық әрі айқын белгіленді. Қытайлық ерекшелігі бар социализм мен қытай арманы адамдардың санасынан терең орын алды. Социализмнің басты құндылықтары мен қытайлық дәстүрлі мәдениеттің ең үздік жетістіктері кең ауқымда тарады, рухани мәдениеттің дамуына мақсатталған бұқаралық іс-шаралар түпкілікті жүргізілді. Мәдениет саласында қоғамдық қызмет көрсету деңгейі үздіксіз көтерілді. Әдебиет пен өнер гүлденуін жалғастырды, бұқіл мәдениет саласы мен мәдениет өндірісі қызу дамуға ие болды. Интернеттің дамуы, оны басқару және пайдалану үздіксіз жақсартылды. Жережердің бәрінде денсаулықты нығайту бойынша жалпыхалықтың шаралар өткізілді, кәсіби спорт жан-жақты дамыды. Басты ұран – айбынды, ал қоғамдағы жагымды энергия – барынша қуатты бола түсіп, біздің өз мәдениетімізге сенімділігіміз жарқын көрініс тапты. Қытайдың «жұмсақ қүшінің» ықпалы мен қытай мәдениетінің әсері едәуір өсті, партия мен қоғамның идеялық ауызбіршілігі мен бірлігі берік бола түсті». Төраганың ойынша: «Өзіндік мәдениет-

ке сенімділік мемлекет пен ұлттың дамуындағы басты, барынша терең әрі тұрақты қүш болып табылады. Марксизмді ұдайы қолдан, коммунизмнің жоғарғы идеалын және қытайлық ерекшелігі бар социализмнің жалпы идеалын табанды қорғай отырып, тәжірибеге социализмнің негізгі құндылықтарын әдетте айналдыру және енгізу қажет, идеология саласында белсенделік пен мен шешуші құқықты қолда ұстая әлеуетін үздіксіз арттыру керек. Қытайлық дәстүрлі мәдениеттің ең тәуір жетістіктерін шығармашылық енгізу мен инновациялық дамытуды арттыру, революциялық мәдениетті мұралану, алдыңғы қатарлы социалистік мәдениетті дамыту қажет. Өзіндік түп-тамырды ұмытпай, өзгенікін игеріп және болашаққа бағдар ұстай отырып, қытайлық рух пен қытай қүшін белсенді арттыру керек, халыққа рухани бағдар бола біletін қытайлық құндылық түсініктерді қалыптастыру қажет» (6).

Мәдениет – бұл ел мен ұлттың жаны. Мәдениеттің дамуы елдің гүлденуін білдірсе, мәдени қүш – ұлттың қуаттылығын білдіреді. Өзіндік мәдениетке берік сенімділік болмаса, мәдениеттің көркеюі мен гүлденуі орын алмайынша қытай ұлтының ұлы қайта өркендеуі туралы айтуга да келмейді. Социалистік мәдени держава құру мақсатында қытайлық ерекшелігі бар социалистік мәдениетті дамыту жолымен берік алға басу қажет, мәдениет саласында бұқіл ұлттың инновациялық және шығармашылық энергиясын ояту керек.

Қытайлық ерекшелігі бар социалистік мәдениеттің қайнар көзі – қытай өркениетінің бес мың жылдан астам тарихы бойында қалыптасқан Қытайдың көрнекті дәстүрлі мәдениеті. Ол революциялар, саяси қурылымын реформалар барысында партия басшылығымен қытай халқы жасаған революциялық және алдыңғы қатарлы социалистік мәдениетке кірігіп кеткен, қытайлық ерекшелігі бар социализм тәжірибесінде берік орын тепкен. Қытайлық ерекшелігі бар социалистік мәдениеттің дамуы дегеніміз – марксизмді басшылыққа алып, қытай мәдениетін сақтау ұстанымын берік ұстана отырып, заманауи Қытайдың реалияларын ескеріп, осы дәуірдің шарт-жағдайларымен бірлесе отырып, модернизацияға, сыртқы әлемге және болашаққа бағдарланған ұлттық, ғылыми және бұқаралық социалистік мәдениетті дамыту, социалистік рухани және материалдық мәдениеттің орайласа дамуына ықпал ету деген сөз.

Ал ол үшін не істеу қажет? Бұл жөнінде былай айтылады: «Халыққа және социализм ісіне қызмет ету ұстанымын ұстану қажет, үз-

діксіз «жұз гүл бүршік атсын, жұз мектеп бәйгеге түссін» бағытын қолдау, қытай мәдениеті үнемі жаңа жетістіктердің жарқылына бөленіп тұру үшін мәдениет пен оның инновациялық дамуының жетістіктерін енгізіп тұруды арттыру керек.

Мәдениет саласы мен мәдениет өндірісінің дамуын қалай ынталандыруға болады? КХР төрағасы бұл жөнінде былай деп атап көрсетті: «Әдемі өмірге апарар жолдағы халықтың жаңа үміттерін қанағаттандыру үшін оны бай рухани қорекпен толтыру қажет. Мәдениет жүйесінің реформасын тереңдету, мәдениетті басқару жүйесін жетілдіру күтіп тұр және ең алдымен әлеуметтік тиімділікке және әлеуметтік және экономикалық тиімділіктерді біртұтас біріктіруге бағытталған институттар мен механизмдерді жедел қарқынмен құру қажет. Мәдениет саласындағы қоғамдық қызмет көрсету жүйесін жетілдіру, халық ігілігіне бағытталған мәдениет даму бағдарламаларын жан-жақты жүзеге асыру, бұқаралық мәдени шараларды түрлендіру қажет. Мәдени ескерткіштерді қорғау мен пайдалану және мәдени мұраны қорғау мен жеткізу бойынша жұмыстардың қарқының арттыру керек. Заманауи мәдени өндірістер жүйесі мен мәдениет нарығы жүйесін салауаттандыру, өндірістік және шаруашылық механизмдеріне жаңа шылдықтар енгізу, мәдениет саласындағы экономикалық саясатты жетілдіру, мәдениет бизнесінің жаңа түрлерін айналымға енгізу. Денсаулықты нығайту бойынша бүкілхалықтық шараларды кеңінен қанат жайғызу, Қытайды спорттық державаға айналдыру. Пекинде өтетін қысқы Олимпиада және Параолимпиада ойындарына лайықты деңгейде дайындалу» (7).

Қытай мәдениетін сақтап қалу және өзгелердің тәжірибесін қабылдау ұстанымын берік қолдай отырып, шет елдермен гуманитарлық алмасуларды нығайту. Халықаралық коммуникациялар саласында әлеуеттерді арттыру, қытай өмірін ұлағатты насиҳаттай алу, Қытайды шынайы, кең қолемде және жан-жақты ашып көрсету, қытайлық мәдени «жұмсақ құшті» арттыра тузы өте маңызды.

Си Цзиньпин өз баяндамасында алдағы бес жылда елдің «қытайлық ерекшелігі бар социализм» идеясының 14 негізгі принципі бойынша дамитынын мәлімдеді. КХР төрағасы ол принциптер арасында «барлық салада партия жетекші рөл атқару» қажеттігі басты орында тұрғанын атап өтті: «Өзінің құрылған уакытынан бастап, Қытай коммунистік партиясы қытай мәдениетінің белсенді ілгерілетушісі және

оны алып жүруші ғана емес, сондай-ақ көрнекті қытайлық дәстүрлі мәдениеттің сенімді мұрагері мен жалғастырушысы болып келе жатыр. Қазіргі заманғы қытай коммунистері мен қытай халқы өз жауапкершіліктеріне жаңа мәдени миссияны алуға, жасампаздық тәжірибеде мәдениетті құруға және тарихи прогрессе мәдени прогресске жетуге міндетті және қабілетті».

Жаңа тарихи деңгейде тұрып, ҚКП-ның XIX құрылтайының социалистік модернизация құрылышы жөнінде жаңа стратегиялық орналастырулар жасауды, сондай-ақ «бесті бір тұлғаландыру» жалпы тұлғалық орналастыруы бойынша Қытайша социализм істерін ілгерілетудің айқын тұрақтандыруы, экономика, саяси, мәдениет, қоғам, экологиялық өркениет сынды 5 жақтан жаңа дәүірде «бесті бір тұлғаландыру» жалпы тұлғалық орналастыруын бір тұтас жоспарлап ілгерілетудің стратегиялық нысанасын белгілеуі – жаңа дәүірде Қытайша социализм істерін ілгерілетудің бағдар картасы, адамды жаппай дамытуды, қоғамды жаппай алға бастыруды анағұрлым ойдағыдай ілгерілетудің міндеттемесі. Жаңа дәүірде «бесті бір тұлғаландыру» жалпы тұлғалық орналастыруын былай деп қарастыруға болады: біртұтас жоспарлап ілгерілету – органикалық тұтас тұлға, экономикалық құрылыш – арқау, саяси құрылыш – кепілдік, мәдениет құрылышы – жантамыр, қоғамдық құрылыш – шарт-жағдай, экологиялық құрылыш – неғіз (Қабылұлы, 2017: 1).

Қорытынды

Корытындылап айттар болсақ, мәдениет – бір елдің, бір ұлттың жаңы. Мәдениет көркейсе – ел көркейеді, мәдениет қүшесі – ұлт қүшінеді. Мәдениеттің қоғам дамуы барысындағы атқаратын рөліне қарасақ, ол қоғамдық болмысты ғана бейнелеп қана қоймай, жалпы қоғам дамуының беталысына ықпал жасайды. Қоғамдық қатынастарды реттейді. Ол ұлтаралық, еларалық қатынастардағы ішкі ынтымақ пен берекебірлікке аса зор ықпал көрсетіп, адамдардың жасампаздық, бәсекелік қуатын арттырып, қоғамның жарасымды дамуын жебейтін ішкі қозғаушы күш. ҚКП-ның XIX құрылтайындағы баяндамаларда мәдениет жөніндегі сенімді бекемдеу, социалистік мәдениеттің гүлденіп көркеюіне қолдау білдіру ерекше атап көрсетілді. Жаңа кезеңдегі дөңгелек дәүлетті қоғам, гүлденген әрі құдіретті ел құру жолындағы атқарылатын іс-шараларда Қытай мәдениетінің алатын орны үлкен маңызға ие.

Әдебиеттер

- Алдабек Н., Түргенбай А. Қытай мәдениетінің тарихы. –Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 2011. 118-б.
Қастер Сарқытқан. Қытай Халық Республикасы шаруашылығының қалыптасуы мен дамуының экономикалық-географиялық тұжырымдамасы (электронды ресурс) // <https://yvision.kz/post/393460> (14.01.2014.)
Цай Ву. Реформа жасап есік ашқан 30 жылда Қытай мәдениетінің дамуы. - Бейжің: «Шетел тілі» баспасы, 2009. 38-б.
Керімбаев Е.Ә. Қытайдың әлемге мәдени ықпалдастық саясаты. // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» № 1(09)
Ахметұлы Бейсен. Ши Жинпин Қытайдың жаңа саяси бағдарын жариялады (электронды ресурс) // <https://informburo.kz/kaz/shi-zhinpi-ytaydy-zhaa-sayasi-baytyn-zhariyalady.html>(24.10.2017.)
http://russian.news.cn/2017-11/03/c_136726299.htm
Жәнъмин жибАО. 03.11.2017. 1-бет.
Қабылұлы Нұрболат. Шинхуа агенттігінің 2-карашада Бейжиңнен берген хабары. // Шинжяң газеті. - 2017,4 караша

References

- N.Aldabek, A.Turgenbay. Kitay madenietinin tarihe. –Almaty: «Kazah universiteti», 2011.118-b
Kaster Sarkythan. Kitay Halyk Respublikasi sharuashuliginin kaliptasui men damuinin ekonomikalik-geografiyalik tuzhiim-damasi (elektrondi resurs) // <https://yvision.kz/post/393460> (14.01.2014.)
Cai Vu. Reforma zhasap esik ashcan 30 zhilda Kitay madenietinin damui. - Beijin: «Shetel tili», 2009. 38-b.
Kerimbayev E.A. Kitaydin alemge madeni ikpaldastyk sayasati. // Elektronni nauchnyi zhurnal «edu.e-history.kz» № 1(09)
Ahmetuly Beisen. Kitaydin zhana sayzsi bagdarin zharialadi (elektrondi resurs) // <https://informburo.kz/kaz/shi-zhinpi-ytaydy-zhaa-sayasi-baytyn-zhariyalady.html> (24.10.2017.)
http://russian.news.cn/2017-11/03/c_136726299.htm
Zhenminjibao. 03.11.2017. 1-b.
Kabiluly Nurbolat. Sinhua agenttiginiin 2-karashada Beijinnen Bergen habari. // Sinjaing gazeti. -2017,4 karasha.

Smagulova K.K., Mukhametkaliyeva G.O.

Candidate of Philosophy, Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: sgulshat72@mail.ru

THE ECONOMIC BELT OF THE SILK ROAD: PERSPECTIVES AND THREATS

The article considers the concept of the "Economic belt of the Silk Road", as well as its prospects and opportunities. The geopolitical aspects of trade and economic cooperation and the expansion of international and regional trade, the formation of international transport corridors through the territory of Kazakhstan and Central Asia from China to Europe and the Middle East, the gradual growth of China's economic presence in Central Asia as a strategically important partner are analyzed. Priority directions are considered, its features, prospects of realization and possible threats are revealed also there are three lines.

Key words: geopolitical aspect, initiative, international transport corridor, security, partner, agreements

Смағұлова К.К., Мухаметқалиева Г.О.

философия ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., е-mail: sgulshat72@mail.ru

Жібек жолындағы экономикалық белгілері: келешегі және сақтандыру

Атапшыл мақалада «Жібек Жолының экономикалық белдеуі» концепциясы, оның болашағы мен мүмкіндіктері қарастырылады. Сауда-экономикалық қауымдастықтағы геосаяси аспектілері, халықаралық және аймақтық сауданың кеңеюі, Қытайдан Еуропага және Таяу Шығысқа дейін, Қазақстан және Орталық Азиядан өтетін, халықаралық көлік дәліздерінің құрылуы, Қытайдың Орталық Азиядағы маңызды стратегиялық серіктес ретінде экономикалық даму жолы саралтады. Сондай-ак, оның ерекшеліктері айқындалып, басым бағыттары және туындастырылғанда қауіппері мен үш бағыттағы құрылуы қарастырылады.

Түйін сөздер: геосаяси аспект, бастама, халықаралық көлік дәлізі, қауіпсіздік, серіктес, келісім.

Смагулова К.К., Мухаметкалиева Г.О.

кандидат философских наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: sgulshat72@mail.ru

Экономический пояс Шелкового пути: перспективы и угрозы

В статье рассматривается концепция «Экономический пояс Шелкового пути», а также ее перспективы и возможности. Анализируются геополитические аспекты торгово-экономического сотрудничества и расширение международной и региональной торговли, формирование международных транспортных коридоров через территорию Казахстана и Центральной Азии из Китая в Европу и Ближний Восток, постепенный рост экономического присутствия Китая в Центральной Азии как стратегически важного партнера. Рассмотрены приоритетные направления, выявлены их особенности, перспективы реализации и возможные угрозы, а также предусматривается существование трех линий.

Ключевые слова: геополитический аспект, инициатива, международный транспортный коридор, безопасность, партнер, соглашения.

Introduction

The concept of the “Economic belt of the Silk Road” (EBSR) is of considerable interest. Today China is one of the largest investors and producers in the global economy, despite a slight decrease, there is developing quite rapidly. This idea opens new prospects and opportunities for investment, trade and economic cooperation of countries that are located along the Silk Road. The project is quite extensive, because it includes numerous projects in the field of industry, infrastructure, trade and services that will provide a safe and permanent environment for the development of the entire center of Eurasia. In general, this is a good chance to stimulate an increase in the economies of all states and the Central Asian region.

The aim of the research is to examine its priority areas, to identify its features, as well as prospects for implementation and possible threats, during the analysis of the strategic concept of the “Economic belt of the Silk Road”.

«Мир обманывает человека, притворяясь невестой, которая на самом деле является злой колдуньей. Тот, кто влюбляется в неё, пьёт щербет из яда».

«Человек, привязанный к миру, мертв, даже если он султан мира».

«Отдавший миру сердце, как тот, кто продал свою веру за один кусок хлеба».

«Те, кто жаждали положения и бегали за счастьем в мире, потерпели поражения перед своими желаниями».

«Человек, очень сильно привязанный к миру, как охотник, отпустивший птицу и охотящийся за ее тенью. У него нет капитала. Он обанкрочен».

«Этот мир смертный, ищи мир постоянный. Твоя внешность превратилась в ни что, примкни к смыслу».

«Первый мир – мир испытаний, а второй мир – это мир, где люди получают воздаяние за то, что они сделали».

«Что такое мир? Это непознание Аллаха. Разве ткани, деньги, торговля – это не мир?».

«Знай, что если вода будет под кораблём, то он поплыёт, доставит его по адресу. Но если вода заполнит корабль, то в этом случае она потопит его».

«Пророк Сулейман был назван бедным потому, что убил в сердце любовь к богатству».

«Кувшин с закрытой крышкой уплыл на поверхности глубокой и бескрайней воды, потому что был заполнен воздухом».

«Именно пока внутри человека есть бедность, он не потонет в море мира. Он останется на поверхности моря».

«Не смотря на то, что весь этот мир находится в его владении, это владение ничто в его глазах».

Мовлана сравнивает эту мирскую жизнь со сном:

«Мир – это сон. Даже если во сне у тебя порежется рука, то ничего страшного в этом нет».

«Если во сне нож порезал твоё горло – не бойся! И голова твоя на месте, и жизнь твоя будет долгой».

«Если во сне увидишь, что ты поделён на две части, то ты проснёшься не больным, а здоровым».

Мовлана сравнивает тех, кто привязан к этому миру, с несозревшим плодом:

«Несозревший плод прикрепляется к ветви крепко. А когда плод созревает, то его привязанность к ветви ослабевает и, наконец, ему

становится совсем нетрудно расстаться с ветвью».

«И зрелые люди не боялись разлуки с этим миром, наоборот, они радовались этому».

Возьми пример с этого и подчинись хадису «Умрите раньше смерти!»

Подчинись, чтобы твоё сердце, очистившись от преходящих качеств, достигло тайны подчинения и море мудрости и тайн, которое ты прожил за всю жизнь, носил тебя на голове. Потому, что моря носят на голове тех, кто подчинился им. Только тех, кто попусту барахтается, не решаясь подчиниться, тянет в удушающее дно и топит его» (Джафаров, 2009:138).

Мовлана был создателем религии человечности и любви. Он больше себя любил Единство, Народ и Священную книгу. Он принимал мир временным местом проживания и очень естественно принимал смерть. Для Мовланы смерть не что иное, как зуб, выпавший изо рта. Смерть – это не исчезновение тела. Это возвращение к Аллаху.

Для справедливых и религиозных людей в смерти есть жизнь.

Смерть приносит чистым душам покой и тишину.

Смерть – это постижение Истины, а не страдание и вражда.

Жизнь без покаяния – это полная отдача души. Смерть, настигающая человека и превращающая его в живого мертвеца, на самом деле это быть в неведомстве и несведущим об Аллахе. Приятна и жизнь, и смерть для Аллаха, даже жизненный эликсир является огнем для человека, если он не встретится с Аллахом.

Источник большинства произведений и рассказов Мовлана – это восточная мифология. В то же время он обращался в своих произведениях к повествованиям о пророках.

В «Коране» о пророке Нухе написано следующее:

Во имя Аллаха, Милостивого, Милосердного!

1. Мы отправили Нуха (Ноя) к его народу: «Предостереги свой народ прежде, чем их постигнут мучительные страдания».

2. Он сказал: «О мой народ! Воистину, я для вас – предостерегающий и разъясняющий увещеватель.

3. Поклоняйтесь Аллаху, бойтесь Его и повинуйтесь мне!

4. Он простит вам ваши грехи и предоставит вам отсрочку до назначенного срока. Воистину, когда срок Аллаха наступает, он уже не откладывается. Если бы вы только знали!».

5. Он сказал: «Господи! Я призывал мой народ ночью и днем, но мои проповеди лишь усекорили их бегство.

7. Каждый раз, когда я призывал их, чтобы Ты простили их, они затыкали пальцами уши и укрывались одеждами. Они упорствовали и надменно превозносились.

8. Затем я призывал их открыто.

9. Затем я обращался к ним всенародно и говорил с ними наедине.

10. Я говорил: «Просите у вашего Господа прощения, ведь Он – Всепрощающий.

11. Он ниспошлет вам с неба обильные дожди, поддержит вас имуществом и детьми, взрастит для вас сады и создаст для вас реки.

13. Почему вы не чтите величия Аллаха?

14. Он ведь создавал вас по этапам.

15. Неужели вы не видели, как Аллах создал семь небес одно над другим, Сделал луну светлой, а солнце сделал светильником?

17. Аллах вырастил вас из земли, словно растения.

18. Потом Он вернет вас туда и вновь выведет оттуда.

19. Аллах сделал для вас землю ковром, чтобы вы ходили по ней широкими дорогами».

21. Нуҳ (Ной) сказал: «Господи! Они услышались меня и последовали за тем, чье богатство и чьи дети приносят им только убыток.

22. Они замыслили тяжкую хитрость и сказали: «Не отрекайтесь от ваших богов: Вадда, Сувы, Йагуса, Йаука и Насра».

24. Они уже ввели в заблуждение многих. Не приумножай же беззаконникам ничего, кроме заблуждения!».

25. За свои грехи они были потоплены и ввергнуты в Огонь. Они не нашли себе помощников вместо Аллаха.

26. Нуҳ (Ной) сказал: «Господи! Не оставь на земле ни одного неверующего жителя! Если ты оставишь их, они введут в заблуждение Твоих рабов и породят только грешных неверующих.

28. Господи! Прости меня и моих родителей и тех, кто вошел в мой дом верующим, а также верующих мужчин и женщин. А беззаконникам не приумножай ничего, кроме погибели!». (6, с.570)

О пророке Адаме (мир ему) в «Коране» в аятах суры «Араф» (11-27 аяты) говорится:

Во имя Аллаха, Милостивого, Милосердного!

11. Мы сотворили вас, потом придали вам облик. Потом Мы сказали ангелам: «Падите ниц перед Адамом!». Они пали ниц, и только Иблис не был в числе поклонившихся.

12. Аллах сказал: «Что помешало тебе пасть ниц, когда Я приказал тебе?». Иблис сказал: «Я лучше него. Ты сотворил меня из огня, а его – из глины».

13. Аллах сказал: «Низвергнись отсюда! Негоже тебе превозноситься здесь. Изыди, ибо ты – один из униженных».

14. Иблис сказал: «Предоставь мне отсрочку до того дня, когда они будут воскрешены».

15. Аллах сказал: «Воистину, ты – один из тех, кому предоставлена отсрочка».

16. Иблис сказал: «За то, что Ты совратил меня, я непременно засяду против них на Твоем прямом пути.

17. А затем я буду подходить к ним спереди и сзади, справа и слева, и Ты не найдешь большинство из них благодарными».

18. Аллах сказал: «Изыди презренным и отверженным! А если кто из них последует за тобой, то Я заполню Геенну всеми вами.

19. О Адам! Поселись в Раю вместе со своей супругой. Ешьте, где (или когда) пожелаете, но не приближайтесь к этому дереву, а не то окажетесь беззаконниками».

20. Дьявол стал наущать их, чтобы обнажить их срамные места, которые были скрыты от них. Он сказал им: «Ваш Господь запретил вам это дерево только для того, чтобы вы не стали ангелами или бессмертными».

21. Он поклялся им: «Воистину, я для вас – искренний доброжелатель».

22. Он низвел их (вывел из Рая или воодушевил на грех) обманом, и когда они вкусили от этого дерева, то обнажились их срамные места, и они стали прилеплять на себя райские листья. Тогда Господь их возвзвал к ним: «Разве Я не запретил вам это дерево и не сказал вам, что дьявол для вас – явный враг?».

23. Они сказали: «Господь наш! Мы поступили несправедливо по отношению к себе, и если Ты не простишь нас и не смилиостивишься над нами, то мы непременно окажемся одними из потерпевших урон».

24. Аллах сказал: «Низвергнитесь и будьте врагами друг другу! Земля будет для вас обителью и предметом пользования на некоторое время».

25. Аллах сказал: «На ней вы будете жить, на ней будете умирать и из нее будете выведены».

26. О сыны Адама! Мы ниспослали вам одеяние для прикрытия ваших срамных мест и украшения. Однако одеяние из богообязненности – лучше. Таково одно из знамений Аллаха. Быть может, они помянут назидание.

27. О сыны Адама! Не позволяйте дьяволу сорвать вас, подобно тому, как он вывел из Рая ваших родителей. Он сорвал с них одежды, чтобы показать им их срамные места. Воистину, он и его сородичи видят вас оттуда, где вы их не видите. Воистину, Мы сделали дьяволов покровителями и помощниками тех, которые не веруют («Коран» и перевод на азербайджанский тюркский язык, 2000:151)

Содержание мыслей Мовлана о судьбе и воле такое: взваливание всех событий на Всеышнего Аллаха, отрицая скрытую волю и уклонение от ответственности, возложенной на него – это ошибочное суждение. Человек по свободной воле должен делать всё, что в его силах, на пути поиска хорошего, истинной красоты, а потом должен подчиниться судьбе и уповать на Аллаха.

Произведения Мовлана раскрывают внутреннее значение Корана. На самом деле все его изречения опираются на Коран и хадисы пророка Мухаммада (да благословит его Аллах и приветствует). Пророк Мухаммад (да благословит его Аллах и приветствует) так отражён в строках Мовлана: «Пока жива моя душа, я – раб Корана. Я – земля под ногами благословенного Мухаммада».

«Будь милосерден! Лицо муллы днём и ночью земля под твоими ногами, о Ахмад, Махмуд, Абдуль-Касым, Мухаммад Мустафа!..».

«Где сегодня есть радость и удовольствие, всё это произведение мудрого Ахмада и благонравного Мухаммада».

«Знай, что этот сияющий свет на лбу у нас, этот свет веры в сердцах влюбленных в Истину, весь этот свет, который виден на лицах праведников как след от поклона, весь этот свет от света пророка Аллаха, Благословленного Мухаммада (да благословит его Аллах и приветствует)».

«О, возлюбленный Аллах! Ты Посланник Единого Создателя! Ты избранный, чистый и неподражаемый раб Аллаха Славного и Всеышнего!»

«Величавый пророк Аллаха, начало и священная полная луна вселенной, свет очей пророков, ты наши глаза и свет!»

«Однажды ночью ты поднялся к небесам при сопровождении Джабраила (мир ему). Ты ступил своей славной ногой на зелёный купол неба!»

«О, Посланник Аллаха! Ты знаешь, что твоя умма бессильна, грешна. Ты предводитель, спаситель безголовых, безногих убогих!» (Джафаров, 2009:70)

Изречения великого Мовлана

Я встречал много людей, у которых не было одежды... И видел много одежды, внутри которых не было людей.

Злые люди не отстанут от своего зла, а вода не устанет смыть их зло.

Тот, кто взращивает цветок из колючки, и зиму может превратить в весну.

Тот, кто поднимает в небеса кипарис с такой свежестью, и скорбь может превратить в радость.

Бей себя кувалдой, раздави, разбей своё высокомерие и эгоизм.

Твои глаза, устремлённые в этот мир, похожи на вату, набитую в ухо.

Трудно держать пост, но оно лучше того, чтобы быть лишённым милости Аллаха, страдать от такого горя.

Не печалься из-за жемчужницы, у которой сломалась раковина, потому что из неё выйдет жемчужина.

Знание – это бездомное море, а жаждущий знания – водолаз, нырнувший в море.

Как может смеяться зелень, если не будут плакать облака?

Соловья заточили в клетку потому, что он красиво поёт. Кто будет держать в клетке ворону или сову?

Даже кислый фрукт кажется сладким, когда его нет.

Если не было бы жажды сердца и слёз влюблённых, то не было в этом мире ни воды, ни огня.

Закрой глаза двумя пальцами. Можешь что-либо увидеть? Мир же существует, если даже ты не можешь его видеть.

О, брат, этот мир как острый меч перед тобой, не выпускай из рук щит покаяния и рабства Аллаху.

Пусть это будет золото или же жизнь, жемчужина или коралл. Какую она имеет ценность, если она не потрачена на любовь, не пожертвована на пути любви?

Сотни глупцов в этом мире покупают у шайтана горе, отдав за неё целый мешок золота.

Завещание Мовлана

Завещаю вам бояться Аллаха тайком и наяву, мало есть, мало спать, мало говорить, оставить грехи и сопротивление судьбе, поститься, продолжать совершать намаз, постоянно оставлять похоть, быть терпеливыми к страданиям, причинёнными всеми существами, избегать глупцов и бродяг, быть с милостивыми и праведными людьми. Самый лучший из людей – это тот, кто полезен людям. Вся хвала принадлежит Аллаху! Мир единобожникам! (Джафаров, 2009:174)

Литература

- Мовлана Джалаладдин Руми. Вопросы нравственности (I книга). – Баку, «Адилоглы», 2002.
Мовлана Джалааддин Руми. Вопросы нравственности (II книга). – Баку, «Мутарджим», 2007.
Мовлана Джалааддин Руми. Избранные из «Месневи». – Баку, Издательско-Полиграфический Центр «Нурлар», 2010.
Мовлана от сердец к сердцам. – Баку: ООО Издательство «Хазар», 2007.
Мухтар Джафаров. Мотылек любви Мовлана Джалааддин Руми. – Баку: Издательско-Полиграфический Центр «Нурлар», 2009.
«Коран» и перевод на азербайджанский тюркский язык. Иран, город Гум, центр перевода «Корана» на все языки, 2000.

References

- Movlana Dzhalaladdin Rumi. Voprosy nравstvennosti (I kniga). Baku, «Adilogly», 2002.
Movlana Dzhalaladdin Rumi. Voprosy nравstvennosti (II kniga). Baku, «Mutardzhim», 2007.
Movlana Dzhalaladdin Rumi. Izbrannye iz «Mesnevi». Baku, Izdatel'sko-Poligraficheskij Centr «Nurlar», 2010.
Movlana ot serdec k serdcam. Baku, OOO Izdatel'stvo «Hazar», 2007.
Muhtar Dzhafarov. Motyljok ljubvi Movlana Dzhalaladdin Rumi. Baku, Izdatel'sko-Poligraficheskij Centr «Nurlar», 2009.
«Koran» i perevod na azerbajdzhanskij tjurkskij jazyk. Iran, gorod Gum, centr perevoda «Korana» na vse jazyki, 2000.

Ахметбек М.¹, Ахат Н.²

¹Шынжан университетінің 3 курс докторанты, ҚХР, Үрімжі қ.,

²доктор PhD, Шынжан университеті, ҚХР, Үрімжі қ., e-mail: Nurgeldi04221@163.com

«БАТЫСҚА САПАР» РОМАНЫНЫҢ ШЕТЕЛГЕ ТАРАЛҒАНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

«Батысқа сапар» – Қытайдың классикалық ірі шығармаларының бірі, ең үздік мифтік роман. Романда Қытайдың Таң әулетінің будда ғұламасы Таң Санзаңының Үндістанға барып, будда тағы-лымын үйренген уақығасын артқы көрініс ете отырып, оның мүриттері Сүн У Құн, Жұ Бажелердің қолдауымен буддизм номын алып келген хикаясын ойдан қыыстырып шыққан. XVI ғасырдың ортасында кітап болып шыққан бұл роман кейіннен төрткіл дүниенің түкпір-түкпіріне кеңінен таралып, көптеген тілдерге аударылған. Мақалада «Батысқа сапар» романының шетелге таралу жағдайын негіз ете отырып, хикаяның мазмұны мен кейіпкерлерге қысқаша тоқталып өтпекпіз.

Түйін сөздер: «Батысқа сапар», кейіпкерлер, шетелге таралу, философиялық мән.

Akhmetbek M.¹, Akat N.²

¹Xinjiang University 3 cours doctors degree, China, Urumqi

²PhD, Xinjiang University, China, Urumqi, e-mail: Nurgeldi04221@163.com

The novel «Journey to the west» and changes after distribution abroad

“Journey to the west” is one of the largest Chinese classical compositions, the mythological roman. The novel tells the story about monk which from the Tang dynasty with his companions’s journey on the Silk Road to India for Buddhist with sutras. The novel, written in the mid 17th century, and widely distributed throughout the world and has been translated into many languages. In the article, we briefly focus on the content of the stories, and the change after the spread in other countries of the world.

Key words: «Journey to the west», character image, overseas communication, philosophical significance.

Aхметбек М.¹, Акат Н.²

¹докторант 3 курса, Синьцзянский университет, КНР, г. Урумчи

²PhD, Синьцзянский университет, КНР, г. Урумчи, e-mail: Nurgeldi04221@163.com

Изменение романа «Путешествие на Запад» после его распространения за рубежом

«Путешествие на Запад» – один из крупнейших китайских классических композиций, лучший мифический роман. Роман повествует о путешествии монаха династии Тан по имени Тан Сюаньзана с его спутниками по Шелковому пути в Индию за буддийскими сутрами. Этот роман написан в середине XVI века, широко распространен во всем мире и переведен на многие языки. В статье мы кратко остановимся на содержании романа и его изменении после распространения в другие страны мира.

Ключевые слова: «Путешествие на Запад», образы, распространение за рубежом, философское значение.

Kіріспе

Қытай елі десек барлығының көз алдына аспанда ұша алатын адамдар, сөйлей білетін жануарлар, тағысын тағы таңғажайып құбылыстарға толы көріністер елестейді. Әрине,

адамға мұндай әсер қалдырып отырған Қытай елінің сан ғасырдан келе жатқан ақыздары, таңғажайып хикаяларға толы әңгімелері. Қытай – ақыз, әңгімелерге бай ел, оның әрбір дәүірінің, жерінің, тау-суының өзіне тән хикаясы бар.

Мин дәуірінен келе жатқан мифтік ірі төрт роман Қытай елінің асыл мұрасы болып саналады. Атап айтқанда: «Батысқа сапар», «Қызыл сарай түсі», «Үш патшалық құссасы» және «Су бойында». Бұл шығармалар Қытай еліндеға емес, Азия мен Европа елдерінде де танымал.

Төменде сөз еткелі отырған «Батысқа сапар» атты ең үздік мифтік романның авторы – У Чыңын. Роман Таң әuletінің сопысы Таң Санзаңның (ары қарай Таңсың) мұриттері Сұн У Құң, Жу Бажелердің қорғауымен бастысқа барып буддизм номын алып келу уақығасы баяндалады. «Батысқа сапар» XVI ғасырдың орталарында кітап болып басылып шығып, кейіннен әлемнің түкпір түкпірінде кеңінен таралып, көп тілдерде аударылған.

Жалпы 100 тараудан құралатын бұл романда Таң сопысы Таңсың мен оның адам бейнесінен айналған киелі ақбоз ат пен Сұн У Құң, Жу Баже, Шаңың атты шәкірттерімен бірге 81 рет азаптозаққа қалған уақығалары әңгімеленеді. Роман басты кейіпкер Сұн У Құңның жеті тарауды қамтитын “Аспан ордасында әлек салудан” басталып, 8-ден 12 тарауға дейін номды әкелуге қажеттілік себептерін аткарады. Сакямуни Будда Онтүстікке көз жіберіп, Бужоу аймағы адамдарының ашқөзденіп, нәпсің тындаусыз кеткесін, Авалокитесвара есімді Bodhisattvadan осы жұмысқа, яғни оның батыстан номды сұрап әкелуін тапсыратын лайықты адам табуды бүйірады. Осыдан кейін барып, Таңсыңның дүниеге келуі тәріздес әңгімелер өрбиді. 14 тараудан соңына дейін оның үш шәкіртінің будда дініне кіруі, Таңсыңның номды әкелуіне қорғаушы болуы, шәкірттерінің көмегімен жол бойында кезіккен жын, албастылардың көзін жойып жетіп, номды алып қайтқаны жазылған.

Шындығында, Таңсыңның номды әкелуі – тарихта болған оқиға. Шамамен алғанда осыдан 1300 жыл бұрын, яғни Таң Тайзұнның кезінде (627 ж.), 25-ке енді шыққан жас сопы Қытайдың алғашқы астанасы Чаң-аннан шығып, салт басы Димдуға (Үндістанға) білім қуып кетеді. Ол Чаң-аннан жолға шыққан соң, Орта Азияны, Ауғанстанды, Пәкістанды басып өтіп, көрмеген қындықты көре отырып, әйтеуір, Үндістанға барып жетеді. Б.з. 645 жылы Таңсың Чаң-анға қайтып оралғанда буддизм номдарынан 657 тоғын өзімен бірге ала келеді. Оның бұл сапарына 19 жыл кетіпті. Кейіннен Таңсың Батысқа сапар барысында көрген-білгендерін әңгімелеп беріп, оның шәкірті Бәнжи реттеп «Ұлы Таңның батыс өңір естеліктері» атты кітап жарық көреді. Бұл

кітапта ешқандай қиял-ғажайыпқа толы хикаялар баяндалмаған, негізінен Таңсыңның сапар үстінде көрген әрбір елдің тарихы, географиясы, сондай-ақ жол қатынасы баяндалған.

Кейін келе оның екі шәкірті «Ұлы Таңның ірі шапағатғибадатханасының ғұламасы Санзаңның өмірбаянын» жазып шықты. Ол кітапта сопының бастан кешкендегі көптеген қиял-ғажайып әңгімелермен байтылды. Осыдан кейін Таңсыңның ном әкелу хикаясы ел ішіне таралып кетті де, «Батысқа сапардың» шығармашылық жұмысына негіз қаланды.

«Батысқа сапар» мифтік романының авторы У Чыңын жайлар айтатын болсақ, ол бұл әйгілі шығармасын У Ю Цзин атты жазушының ұсынысы бойынша жазған (王, 2007:12). Сол заманда будда ғұламасы Таңсыңның басынан өткен ғажайыптары жайлар естелік-тақырыптар, азыз-әңгімелер және басқа да діни хикаялар, халық арасындағы ертегілер қоғамда кең тараған болатын. У Чыңын, міне, осындағы қоғам мен мәдениет астарындағы естеліктерді негізге ала отырып, яғни бастан аяғына дейін қиял-ғажайыпқа толы осындағы керемет мұраны қолымызға жеткізіп отыр. Оқырмандар автордың ұлан-асыр әрі батыл көркемдік қиялдана қайран қалады.

Кейіпкерлер бейнесі

«Батысқа сапар» романы десе ел аузына романдағы төрт басты кейіпкер ілігеді. Ол төртеуін де бөліп-жарып айтуға келмейді, әрбіреуінің өзіндік ерекшелігі бар. Қазіргі қытай халқы момын, нәзік ер адамдарды қалжың ретінде Таңсыңға, мықты, қолынан бәрі келетін, көзі өткір адамды Сұн У Құңға, ал денесі толық, тамаққа тоймайтындарды Жу Бажеге тенеп жатады. Алайда, халықтың бәрі олардың бұл романдағы ұмытылmas көркем әрі сәтті образдарын жақсы көреді.

Таңсың – Батыстан будда номын әкелуші сопы. Ол – ішкі дүниесі нәзік, қорқақ, айтқан сөзге сеніп қала беретін анғал жан. Бірақ баар жолында қаншама қындықтарды басынан кешірсе де, номды алып келу мақсатынан тайған емес. Романда Таңсыңның сапарға шығар көзінде Таң императорына: «Мен осы кеткеннен бар ынтыммен, бар күшіммен Батысқа жетуге сөз берем, егер жете алмай, номды ала алмайтында жағдай болса онда елге оралмаспыш» деген антынан оның дінге деген адал ниеті мен мақсаты үшін барлығына дайын екенін анық көрсеткен (张, 1984:148).

Сұн У Құң – романдағы бас кейіпкер. Аса таңғажайып қаһарман, ол балық болып жүзіп,

құсқа айналып ұшып кетеді, ал бір тоңқалаң асса, 180 мың шақырымға ұшып баратында 72 рет құбыла білетін өнері бар. Бұл ғаламда оның түршігетін, қорқатын ешнәрсесі жоқ. Оның рухы тайсалмай қарсы тұруға жаралған. Оның көзі қыран көзіндегі қырагы, бейне рентген сәулесі тәріздес аржағынан өтіп тесе көреді. Дегенмен оның мактау-марапат сүйетін жағы да жоқ емес. Өзі парасатты да жаужүрек, сөз-эрекеті құлдіргі де ойнақы. Оның ең үлкен ерекшелігі сайыстан тайсалмай, беделі зорлардан қаймықпай соғыс ашатындығында жатыр. Алда-жада бір албасты адам бейнесіне кіре қалса, ол бір қарағанда-ақ ежелгі кейіпін танып, адам еместігін бірден біле қояды. Оның құлагының арт жағына қыстырып қоятын «Алтын таяғы» оның жалғыз құралы.

Сұн У Құңды романда тастан жарып шықкан ерекше болмысы бар мешін деседі. Ол аспан еліне ұшып барып астан-кестенін шығарады. Ол онда қария ұстаздың өлмestей күш беретін дәнін ұрлап жеп, бойына өлмес касиет жинайды, байқаусыздан сол ұстаз қарияның өлмес дәнін дайындастын ыстық пешке түсіп, алауы бар өткір көзді болады (张, 1987:15).

Соңында оны аспан елін астан-кестенін шығарып қиратқаны үшін жаза ретінде Сакямуни Будда тау астына 500 жылға басып таставды. Алайда біраз жылдар өткен соң Таңсың ном әкелуге жолға шықкан шағында жолдан Сұн У Құңды кездестіреді де, сол мезетте Сакямуни Будда алдыларынан шығып, Сұн У Құңды босатып Таңсыңың мұриті болуды және онымен будда номын әкелуді бұйырады.

Ал Жу Баже (сөз мағынасына қараганда “сегіз түрлі істен тыйым көрген шошқа” дегенді мензейді) – комедиялық образ. Сұн У Құңың ажырамас қолғанаты. Қытай халқы ежелден аспан еліне, ондағы құдайларға табынған. Ал Жу Баже сол аспан елі патшалығының бір мүшесі болады (胡, 2006:68). Алайда ол өзінің нәпсісін тыя алмаушылығының кесірінен аспан патшасының бүйрүғымен жерге түсіріледі. Жерге түскен ол сол ұсақ пайдаға бой ұрғыш, әйел-құмар, жалтаққой, кейде өтірікті де соғып жіберетін әдетін қоя алмай, соңында тағы да күнәға батып, денесі адам, ал басы шошқа кейпіне түседі. Бірақ оның аспанда ұша алатын және күші мығым екенін байқаган Таңсың өзімен ала кетеді. Дегенмен аузы тойымсыз, өтірікті де ебіне келтіре алмайтынымен қатар тықыштап жүретін болымсыз жеке ақшасы болады, онысын қалқан құлағына қыстырып қояды. Оның бойында кемшиліктер толып жатыр, бұлар ұсақ меншік иелерінде болатын қасиеттер. Дегенмен Жу Баженің

бұл сапардағы үлесі көп. Оның албастылармен батыл сайыса білуі, ұстазының сөзін екі етпей орындаумен қатар ададығы романда айқын суреттелген. Автор Жу Баженің кемшиліктерін жаны аши отырып жазады, ол жай ғана терістей салатын кейіпкер емес, сосын да шығар, адамдар Жу Бажеден мүлде жиреніп кетпейді, қайта айрықша шынайы әрі жағымды санайды.

Үшінші мұриті Шасыңға (ШаУ Жың, Ша Хә Шаң деп те атайды) келетін болсақ, ол өте салмақты, әрі батыл, жауапкершілігі мол өте сенімді кейіпкер. Батысқа сапар жолында негізінен жүктер мен ақбоз атқа жауап беретін осы – Шасың. Ол аспан мен жер императорының нөктері болады. Кейіннен ол байқаусыздан әйнек шамды қолынан түсіріп алғаны үшін жаза ретінде оны жерге түсіреді. Кейіннен ол балшық өзенін астына өмір суретін болған. Таңсың мұриттері жолдарында сол балшық көлден өту керек болады. Сонымен олардың алдарынан балшық көлдің “иесі” Шасың көлден өткізбеудің амалын ойлап бұларға қарсы тұрады. Сол мезетте аспаннан Авалокитесвара Бодхисаттва түсіп Шасыңға ары қарайғы жолда Таңсың мен оның шәкірттерінің қатарына қосылуын бұйырады. Міне, сөйтіп Таңсың ақбоз аты мен үш шәкірттің өртіп хикаяларға толы Батысқа сапарын бастайды.

Роман жайлы көзқарас

Романның тақырып аясы көптеген әдебиет саласындағы зерттеушілер мен ғалымдардың қызығушылығын арттырып, олардың көкейкесті мәселесіне айналды. Ғалымдар тақырыпты зерттеу барысында үш бағытта өз көзқарастарын білдіреді:

Философиялық тұрғыдан алғанда, «Батысқа сапар» романы өмір философиясын қамтып көрсеткен. Бірақ роман нақты философиялық көзқарас жайлы ортақ пікір жоқ. Біреулері «Батысқа сапар» романы адамның өмірлік даму тарихын көрсеткен дейді. Негізінен Сұн У Құңың алдыңғы мен кейінгі образ өзгерісінен адамзаттың өміріндегі екі саты көрсетіледі: біріншісі, толық есіп жетілмеген жасөспірім кезең; екіншісі, орта кезең (吴, 1991:124). Міне, романның философиялық мәні осында, яғни адамзаттың өмір жолындағы дамуы, қындықтарға төтеп беруді үйренуі, арманына деген ынталасы. Ал енді біреулер, бұл романда азап пен бейнетке қарсы құрес және қыншылықтарды еңсеріп, барлық қыншылықтарды жену жолында тырысады дәріптейді деген пікір айтады. Ғалымдардың бұл тақырыпқа байланысты

көзқарастының қайсысы болмасын барлығын бір оймен қорытындылауға келеді, яғни алдыға қойған мақсат үшін кездескен қандай да бір қыншылықтарға мойынсұнбай, қыншылықты жеңуге талпыныс, күрес.

Саяси көзқарас. Қытайдың жазушысы, ойшылы Ху Шы: «Батысқа сапар» романындағы Сун У Күңның Аспан елінің астаң-кестенің шығарып қиратуында терең саяси мағына жатыр, шындығында мұны бір үлкен революциямен теңеуге болады» десе, Бейжік университеттінің ғалымдарының пайымдауынша, «Батысқа сапар» романындағы Сун У Күңның Аспан елін қиратуы жайлы шығарманың желісінде бүлікшіл жаның күресі, бұлдіргіштігі көрсетілген, яғни шынайы өмірдегі қарапайым шаруалардың феодолизмге қарсы төңкөрісін бейнелеп отыр. Роман барысы әр түрлі құрестерге толы, бұл қытай халқының жан-жақтан келген зұлымдықты жеңе білуін, қабілетtelігін көрсетіп тұр.

Діни көзқарас. Будда дінін зерттеуші Чын Юан Жының роман жайлы ғылыми журналға жазған мақаласы негізінде халық «Батысқа сапар» романынан Даосизм мен Дэн теориясының бір-бірімен байланысып тұрғанын байқайды. Юань Үй Линнің «Батысқа сапар жазбасы» атты мақаласында “Конфуцийшілдік, Буддизм, Даосизм, үш дін бір бүтін” деген сөзі бар. Юань Үй Линнің бұл айтқан пікірін Лю Имин, Жаң Ханжаң сияқты дінтанушылар құптаған. Философ Ли Ан Гаң: «Батысқа сапар» бүкілдей даосизмді қамтып кеткен, негізінен алғанда бұл бір діни кітап» деген пікір білдіреді (黄, 2006:43).

«Батысқа сапар» романының шетелге таралуы

«Батысқа сапар» тек Қытай елінде ғана емес алыс-жақын шетелде қызығушылық танытып келеді. Азия мәдениетінде Будда дінінің таралуының әсерінен бұл роман Азия мемлекеттерінде Европаға қараганда ерте таралған. Роман кітап болып басылып шыққаннан бері, әсіресе XIX ғасырдан кейін тез арада 20 шақты мемлекет тіліне аударылып үлгерді. Дегенмен, бұл аудармалардың әрқайсысын мұқияттылықпен салыстыра қарасақ, айырмашылықтар көп. Азия мен Европа елдерінің «Батысқа сапар» деген түсінігін екіге бөліп қарауға болады: діни ерекшелік пен сиқыр. Ал романдағы кейіпкерлердің образына келетін болсақ, әр ел өзінің мәдениетіне байланысты олардың образы да өзгеріске ұшыраған.

Азия елдеріндегі аударма нұсқаларының бір ұқсастығы діни мәселені негіз еткен. Жапо-

нияда, Таң мен Сұң әuletтері кезінде «Батысқа сапарды» аудару жұмысы сопыларға жүктелген болатын. Мин мен Цин кезеңдерінде коммунистік партия мүшесі Ван Дао Ханның «Батысқа сапар насиҳат кітабында» терең құпиялар жазылған және бұл кітап Жапонияда өте танымал болды (杨, 1991:212). XX ғасырда романын аударма саны шамамен 10-ға жетті. Олардың көбі Ван Дао Ханның жазған нұсқаларын негіз етеп отырып аударылғандар.

Шығыс Азиядағы монгол халқында да «Жалғыз адамның хикаясы» ел арасына таралып кеткен, бұл кітапта Санзаң сопының батысқа сапары туралы анызы баяндалған. 1721 жылы Алана тілі маманы тарапынан аударылған монгол тіліндегі алғашқы нұсқасы оқырмандар үшін будда уақыты саналды.

Қытай орталық телеарнасы 1981 жылы «Батысқа сапар» романының түпнұсқасының желісімен телесериал түсіріп, оны 1982 жылы халыққа ұсынады. 1986 жылы телесериал жаңартылып, қайта түсіріледі. Сол жаңа нұсқасы қазірге дейін қытай елінде жаз сайын теледидардан көрсетіледі (高, 2008:47).

Ал Жапонияда 1978 жылы алғаш рет 26 бөлімнен тұратын «Батысқа сапар» телесериалы көрермендер алдына ұсынылды. Жапония еліндең мәдениет индустрисының қарқынды дамуы халықтың талабын қанағаттандыру мақсатында көптеген мәдениет өнімдерін шығара бастады, мысалға айтсақ, роман кейіпкерлерінен құралған электронды ойындар, суреттері бар кітаптар, кинолар т.б. солардың әсерінен романың көп сюжеттері мен кейіпкерлер бейнесі де өзгеріске ұшырап отырды. Айталық, 1920-1970 жылдардан бастап жапон телеарналарында көрсетілетін «Батысқа сапар» телесериалында Таңсынды әйел бейнесінде шығарды.

Жапондықтардың қытай тіліндегі класикалық шығармаларымен жетік таныс болмағаннан кейін, олар тек өз елінде шығарылатын өнімдер, аударма кітаптар, кинолар арқылы танып білген. Жапондықтар Таңсың бейнесін бірде мінезі мен сыртқы келбетін әйелге ұқсатса, бірде кейіпкер мүлдем әйелге айналған. Содан болар роман барысы өзгеріске түсken (戸, 1991:21).

Әрине «Батысқа сапар» Азиядағы тек Жапон елінде ғана емес Корея, Малайзия, Тайланд, Үндістан сияқты мемлекеттерде де өзіндік ерекшеліктермен танылып отыр.

XIX ғасырда «Батысқа сапар» романы толығымен тай тіліне аударылғаннан кейін, роман халық арасына тез арада таралып кетті.

Тайлықтар Сұн У Құндың такуа санағ, оған ерекше табынған. Тіптен Банкоктағы тоғыз гибадатханада оның құрметіне мүсінін қойған. Халық арасында қытай құнтізбесі бойынша қазанның он екісі күні Мешін патшасының туған күні атап өтіледі. Бұл да «Батысқа сапар» романының ықпалынан туындаған салт-дәстүр. Мешін патшасы тайлықтар үшін байлық, күш алып келетін құдайға айналған. Қытай халқының өзі мешін патшасын тек алып хикаяның баға жетпестей кейіпкері ретінде көрсе, тайлықтар оны қызыншылықта қомек сұрайтын пірі ретінде көреді. Бұл «Батысқа сапар» романының тайлықтарға әсер еткен ықпалы десек болады.

Малайзия еліне де бұл хикая бірден діни ұғымда түсіндіріліп келеді. 1937 ж. «Батысқа сапар түсіндірмесі» атты мақаланың аудармасы ай саянығы ғылыми журналға басылып шығарылған. Малайзия, Таиланд секілді будда діні кең тараған елдерде хикаяның сан алуан жан түршігерлік оқиғалары емес, діни жағы басым болып отыр.

Үнді халқы «Батысқа сапар» бізден тараған деп, яғни ішіндегі мешін патшасы Сұн У Құн негізінен үнділердің мешіні деген аңызға сенеді. Тек қытай халқы оның атын өзгерткен пікірді ұстанады. Үнді мешіні деп отырганымыз олардың мешін құдайлары – Хануман. Оның төрт жақта төр жүзі бар, сегіз аяғы бар. Сұн У Құнның тапқырылығы, мықтылығы мен сан алуан қасиеттері осы Хануманға ұқсайды (李, 2001:65). Сұн У Құнның негізі қайdan шыққаны жайлы талас-тартыстардың болып жатқанына 60-70 жылдардың көлеміндегі болды. Бейжің университетінің профессоры, әйгілі жазушы, ақын Ху Шэ 1923 жылы «Батысқа сапардың зерттелуі» атты кітапта Батысқа сапар романы «Ұлы Таң Санзанның ном әкелу хикаясы» кітабын негіз ете отырып жазылған деген пікір айта отырып, сол кітапта ұлы құдіретті мешін жайлы сөз етілгенін және ол мешіннің накты Қытайдан тараған ба әлде шетелден тараған мешін екенін ұл-кен сұрақ дей келе, былай деп жауап қайтарған болатын: «Мен өзім бұл құдышретті мешіннің Қытайдан шыққанына күмәнім бар, мешін ғана емес, аңыз да үндінікі. Қоңтеген зерттеулер мен ғалымдардың кітабына сүйене отырып үндінің Хануманы, біз айтып отырган, Сұн У Құнның түп-түбірі». Алайда, Ху Шэ мырзаның бұл пікірі қоңтеген қытай зерттеушілерінің, ақын жазушыларының қарсылығын тудырды.

Батыс елдерінде бұл роман Шығыс елдеріне қарағанда кеш тарады, бірақ Самуэль Вудбрайд (Samuel I. Woodbridge), Джэймс Вар (James Ware), Ричард Вильхэм (Richard Wilhelm), Ар-

тур Валей (Arthur Waley) сынды ғалымдардың аудармалары арқылы батыс халықтары да роман желісімен танысқан. 1942 жылы Артур Валей (Arthur Waley) өзінің аударған нұсқасын «Мешін» («Monkey») деп атайды (A. Waley 1942 : 4). Ол өз сөзінде былай деген: «Бұл романмен танысқанда маған өте терен әсер қалдырыған, ол-мешін».

Батыс елдерінде де роман желісі мен кейіпкерлерін тани бастап, өздерінің нұсқасымен телесериал, кітаптар, әртүрлі өнімдер шығара бастады. Телесериал, кино түсіру барысында жапондықтар Таңсынды әйел ретінде көрсе, батыстықтардың кино желісі тіптен ерекше әрі қызық болып шықты. «Жоғалған патшалық» атты бұл фильмде Таңсың сопы емес америкалық ғалым болып шығады, ал Жу Баже шошқа бейнесінде болса қабыргасын санарлықтай арық болып өзгерген. Ең қызығы, Авалокитесвара Bodhisattva шарап ішуге әуес болып сонында Таңсыңның сүйікті әйеліне айналады (Anthony C.Yu 1983 : 67). Романың бұл европалық нұсқасы түп нұсқадан айырмашылығы жер мен көктей болса да көрермендердің көнілінен шыққан.

«Мешін патшасы» атты фильм – америка мен неміс режиссерларының бірігін түсірген еңбегі. Фильм желісінде америка саудагеріне аспан перісі қомек сұрап келеді, егер де ол «Батысқа сапар» романын тауып алып келмese, әлем жойылатын болады. Әйткені «Батысқа сапардың» әлемді сақтап қалатын ұлы құшші болады. Әбігерге түскен саудагер кенеттен роман кейіпкерлерінің арасына түсіп қалып, сонында солармен бірге әлемді құтқаруға кіріседі. Бұл фильм 2009 жылы Германияның Супер РТЛ арнасында көрсетілген.

Ресей зерттеушілерінің «Батысқа сапар» романына қызығушылығы 1950 жылдардан басталған. Орыс жазушылары бұл романға ерекше қызығушылықпен қараган, әсіресе басты кейіпкер Сұн У Құн қоңтеген зерттеушілердің назарын аудартты. 1959 жылы Алексей Петрович Рогачевтің «У Чэнъэнь и его роман “Путешествие на Запад”: очерк» атты төрт томдық аударма кітабы Мәскеу қаласында жарық көрді. 1987 жылы Л.К. Павловская аударған «Таң Сан Заңының батысқа сапары» атты кітабы Мәскеудегі «Ғылым» баспасынан жарық көрді. Бұл кітапта жалпы Будда діні мен Таң Санзаның мүріті Сұн У Құн жайлы жазылған. 1997 жылы Мәскеудегі ACT баспаханасының «Все шедевры мировой литературы в кратком изложении» атты орыс тіліндегі кітабы шықты, кітапта «Батысқа сапар» романы үш белілкке белініп, таныстырылған.

Әр мемлекет «Батысқа сапарды» өзінің түсінігі бойынша халықта жеткізе білген, олардың әрбіреуінен өз ерекшеліктерін көруге болады. Алайда, романның түпнұсқасы бірегей туынды болып қала береді.

Корытынды

Қорыта айтқанда, «Батысқа сапар» романының өзін бір философия десек болады. Бұны тек кана ұстаз беренше оның үш шәкірттерінің бет-әлпет ерекшеліктері мен символикалық мағынадаған емес, өмірдегі тәжірибеде көруге болады. Біз адамзаттың бойындағы кемшилікті түзетіп, алдымызға қойған мақсатқа жету үшін құресуіміздің өзін осы роман желісінен көруге болады. Романдағы барлық кездескен жын, албастылардың барлығы шынайы өмірімізде кездесетін киындықтар мен зұлымдықтардың бейнесі. Ал кейіпкерлердің бойынан көрінген еріншектік, суайттық, жауызыдықтар адамзаттың түзету керек кемшиліктері; мейірімділік, батылдық, сыйластық адам бойындағы ең жақсы қасиеттер, бұлардың барлығы романда кейіпкерлердің бойынан, олардың жын, албастылармен шайқасу барысынан көруге болады. «Батысқа сапар» бізге үйрену, тәжірибе жинау және құресу арқылы ғана өзіңе тән жайлар өмір сыйлай аласың дегенді дәріптейді. «Батысқа сапарда»

ізгі құлқіні, аңы сықақты, қатаң шенеуді көркем ұштастыра отырып, көптеген қызығылықты әңгімелер арқылы, терең тамырлы идеялық мазмұнда және автордың туы айқын махаббат пен қарғысын қапысыз бейнелеп береді. 81 қызын пен азап ішіндегі 41 кішкене хикаят монахтар, буддизм құдайлары, албастылар ортасындағы шым-шытырық қатынастар арқылы бейнеленеді.

Қандай бір көркем әдеби туындының бәрі де қоғамдық өмірдің сәулемесі. Миғтік романың үздігі саналып отырған «Батысқа сапар» да одан сырт қалмақ емес. Бейне Лушун мырзаның «Қытай романдарының қысқаша тарихында» атап көрсеткенідей: «Сықақ – ажуаны сол тұстағы заман ауқымына туралап, асыра суреттеп жазады да, дию-перілерге адами қасиет бітіріп, жын-албастыларды да жол-жосын білгіш етіп көрсетеді».

У Чыңынның романға қайтадан ой жүгіртуі, жинастыруы және құрастырып жазуы арқылы «Батысқа сапар» бұрынғы таралып жүрген аныз-әңгімелерге, ертегілерге қарағанда, мазмұны мен көркемдігі тұрғысынан байи түсті. Уақығалығы онан әрі кемелденді, сонымен бірге, кейіпкер образдары анағұрлым жаңарып-жанданды. Қиял бұрынғыдан арман қиялидана берді, тілі де қарапайым әрі жатық бола түсті. «Батысқа сапар» кейінгі ұрпаққа жойылмастай ескерткіш ретінді орнатылып кетті.

Әдебиеттер

- 王澧华《中国古代文学》商务印书馆出版社 2007
 张天翼:《西游记札记,张天翼文学评论集》,北京,人民文学出版社, 1984-148
 张锦池 论孙悟空形象的演化与《西游记》的主题 学术交流》1987-15
 胡适:《西游记考证,中国章回小说考证》,安徽教育出版社, 2006-68
 吴圣昔:《关于西游记的祖本和主旨问题》,南都学坛, 1991-124
 黄霖:《中国古代小说与当今世界文学》,文汇报, 2006-43
 杨俊 《西游记在国外》世界知识 1991 -212
 高晨 《西游记》日本动画中变异 贵州师范大学出版社 2008-47
 刘勇强《西游记论要》文津出版社 1991-21
 李舜华:《东方与西方:异域视野中的<西游记>》,《学术交流》2001-65
 Arthur Waley《猴》(Monkey),年伦敦乔治艾伦出版有限公司出版1982-4
 Anthony C.Yu «Journey to the West» Skyhook Press 1983-67

References

- Wang Li Hua 《ZhongGuoGuDaiWenXue》 ShangWuYingShuChuBanShe 2007-68
 Zhang Tian Yi 《XiYouJZhaJi, Zhang Tian Yi WenXuePingLunJi》, Beijing, RenMinWenXueChuBanShe, 1984-148
 Zhang Jin Chi, 《Lun SunWuKongXiangDeYanHuaYu 《XiYouJi》 deZhuTiXueShuJiaoLiu》 1987-15
 Hu She 《XiYouJiKaoZheng, ZhongGuoZhangHuiXiaoShuoKaoZheng》, AnHuiJiaoYuChuBanShe, 2006-68
 Wu Sheng Xi 《GuanYuXiYouJiDeZuBenHeZhuZhiWenTi》, NanDuXueTan, 1991-124
 HuangLin 《ZhongGuoGuDaiXiaoShuoYuDangJinShiJieWenXue》, WenHuiBao, 2006-43
 Yang Jun 《XiYouJiZaiGuoWai》 ShiJieZhiShi 1991 – 212
 Gao Che 《《XiYouJi》 RiBenDongHuaZhongBianYi》 GuiZhouShiFanDaXueChuBanShe 2008-47
 Liu Yong Qiang 《XiYouJiLunYao》 WenJinChuBanShe 1991 -21
 Li Shun Hua 《DongFangYuXiFang: YiYuShiYeZhongDe<XiYouJi>》, XueShuJiaoLiu 2001-65
 Arthur Waley《Hou》(Monkey), LunDunQiaoZhiAiLunChuBanShe, 1982-4
 Anthony C.Yu «Journey to the West» Skyhook Press 1983 – 67

Әмірқұлова Ж.А.¹, Рысқиева А.Ә.², Құранбек Ә.А.³

¹доцент, филос.ф.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: zh.amirkulova@gmail.com

²филос.ф.к., I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті шетел тілдері және аударма ісі кафедрасының менгерушісі, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: abuaymjan@gmail.com
³I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің кауымдастырылған профессоры, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: assetabaiyly2017@gmail.com

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ РУХАНИ БАСТАУЛАРЫ

Халық даналығы мен мәдени-философиялық танымын танытатын фольклорлық туындылар қазақ философиясы мен мәдениеттануын зерттеудің негізгі қайнар бастауарының бірі. Қазақ фольклорында халқымыздың тағдыр-талайы, өмір мәні, мақсат-мұрраттары, ойлау жүйесі көрініс тапқан. Сол арқылы ұлттық дүниетанымың бітім-болмысын зерделеуге болады. Фольклордағы философиялық ой кешу үрдістерінде ұлттық мәдениеттің рухани мазмұны байыпталған, соның арнасында мәдени-философиялық және ғылыми ой-тұжырымдарды жасауға да әдіснамалық негіз бола алады. Осы тұрғыдан алып қарағанда да мақаланың қаншалықты өзекті проблемалардың біріне арнағанына құмән келтіре алмаймыз.

Талай қоғамдық, әлеуметтік құбылыстарды басынан өткерген қазақ халқының көнеден келе жатқан өзіне тән ойлау жүйесі, әдет-ғұрпы, дүниетанымы барлығын айғақтайдын фольклорлық мәдени мұралары халықтың рухани қазына тірепі болары анық. Мақаланың өзектілігі фольклордағы философиялық идеялардың маңыздылығын айқындау мен оны теориялық негіздеуде де көрініс тапқан. Осыған орай фольклордағы философиялық толғаныстың терендігін негізге алсак, халық шығармашылығын философиялық-дүниетанымдық тұрғыдан саралау өзекті.

Түйін сөздер: фольклор, рухани мәдениет, дәстүрлі дүниетаным, миф, этнофилософия, өмір философиясы, этика, эстетика.

Amirkulova Zh.A.¹, Ryskieva A.A.², Kurambek A.A.³

¹Associate Professor of al-Farabi Kazakh national university, Candidate of Philosophy.s., Kazakhstan, Almaty, e-mail: zh.amirkulova@gmail.com

²Head of the Department of Foreign Languages and translation of Zhetysu State University named after I.Zhansugurov, Candidate of Philosophy.s., Kazakhstan, Almaty, e-mail: abuaymjan@gmail.com

³Associate Professor of Zhetysu State University named after I. Zhansugurov, Candidate of Philosophy.s., Kazakhstan, Almaty, e-mail: assetabaiyly2017@gmail.com

Spiritual Origin of Kazakh Folklore

One of the main sources of research of the Kazakh philosophy and cultural studies is the study of folklore as the basis of folk wisdom and the form of cultural and philosophical knowledge. The Kazakh folklore reflects the life, the meaning of existence, the purposes and nation mindset, the world outlook of the people is revealed. Philosophical problems that contained in folklore, help to know the spiritual content of national culture and are the methodological basis for cultural, philosophical and scientific conclusions. Accordingly, we can affirm the relevance of this article.

The worldview of the people is determined by the degree of development of its spirituality. The spiritual heritage of the people includes "folk wisdom", reflected in folklore. The relevance of the article is to identify the importance of philosophical ideas in folklore and in their theoretical justification. In this regard, in the studies of folklore, taking into account the depth of philosophical thoughts, the most important is the philosophical and ideological analysis of folk art.

Key words: folklore, spiritual culture, traditional worldview, myth, ethnophilosophy, philosophy of life, ethics, aesthetics.

Амиркулова Дж.А.¹, Рыскиева А.А.², Куранбек А.А.³

¹доцент, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, к.филос.н.,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: zh.amirkulova@gmail.com

²заведующая кафедрой иностранных языков и переводческого дела
Жетысуского государственного университета имени Ильяса Жансугурова, к.филос.н.,
Казахстан, г. Таңдыкорған, e-mail: abauaytjan@gmail.com

³ассоциированный профессор Жетысуского государственного университета имени
Ильяса Жансугурова, к.филос.н., Казахстан, г. Таңдыкорған,
e-mail: assetabaiuly2017@gmail.com

Духовные истоки казахского фольклора

Одним из главных источников исследования казахской философии и культурологии является изучение фольклора как основы народной мудрости и формы культурно-философского познания. В казахском фольклоре отражаются жизнь, смысл существования, цели и мышление нации, раскрывается мировоззрение народа. Философские проблемы, содержащиеся в фольклоре, помогают познавать духовное содержание национальной культуры и являются методологической основой для культурно-философских и научных выводов. Исходя из этого, можно утверждать очевидную актуальность данной статьи.

Мировоззрение народа определяется степенью развития его духовности. К духовному наследию народа относится «народная мудрость», отраженная в фольклорном творчестве. Актуальность статьи заключается в выявлении значимости философских идей в фольклоре и в их теоретическом обосновании. В связи с этим в исследованиях фольклора, принимая во внимание глубину философских мыслей, наиболее важным представляется именно философско-мировоззренческий анализ народного творчества.

Ключевые слова: фольклор, духовная культура, традиционная мировоззрение, миф, этнофилософия, философия жизни, этика, эстетика.

Кіріспе

Фольклорлық туындыларда халық өзінің өмір сүру құбылыстары мен ойлау табигатының, болмыс-бітімінің сипатын танытуымен тіршілігінің мәні мен мақсатын көрсетеді. Осыған орай фольклордағы философиялық мәселелер көрінісі халық рухани танымының ерекшелігін анықтап, оған мәдени-философиялық, ғылыми тұжырымдар жасауға методологиялық негіз болары айғақ. Қазақ халқының мәдени-философиялық таным негізін айқақтайтын фольклорлық туындылардың ерекшелік жақтары мол. Халықтың азыз-әңгімелері, жырдастандары, ондағы халықтың дүниетанымы мен көзқарастарының күрделілігі арнайы зерттеулер жасап, сараптауга лайықты.

Халық өзінің өнерімен түрлі таным-түсініктер қалыптастырылған. Бұл танымдық түсініктер өзінің ойлау жүйесімен сәйкес келіп, халықтың мәдени өмір тіршілігін танытудағы негізгі қуат көзі ретінде анықталады.

Мәдени мұра бағдарламасы аясында жарық көрген «Қазақ халқының философиялық мұрасы» атты кітаптың жетінші томында белгілі ғалым Ж. Молдабеков «Қазақ халқының өркениеті фольклордан, қол өнерінен, ойынсауықтан, шипагерлік емнен, жұлдызнамалық болжамнан құрылады. Бұл факторлар күнде-

лікті тәжірибелік түсініктен тарихи-көркемдік сананың қалыптасуына, ұрпақтың біртұтас тарихи тамырларын танытуға үйіткі болды» (Қазақ халқының философиялық мұрасы, 2006:25) – деп қазақ фольклорын халық рухани санасының қалыптасуына қаншалықты маңызы бар екендігін баса айтып көрсетеді.

«Көшпелі қазақ дүниетанымына ақыз әңгімелердің атқарған ықпалы түптей және тоқи келгенде, өтімді, жалпылама жиі болды» (Қазақ халқының философиялық мұрасы, 2006:25). Сондай-ақ «Көне дәуірден қалған түрлі таңба-белгілер, руналық хаттамалар, әрміздер халықтық сезімді серпілтті, рухани дамудың деңгейін көтермеледі» (Қазақ халқының философиялық мұрасы, 2006:25) деп көне дәуірден қалған халық мәдени мұраларының халық рухани дүниесіне әсерін ғылыми тұрғыда зерделеп көрсетеді. Ғалымның бұл тұжырымдамасынан қазақ фольклорын танып білу оның мәдени-философиялық арқаулары мәселесінің бүгінгі таңда қаншалықты өзекті екендігіне көз жеткіземіз.

Іә, халықтың танымдық дүниесі рухани дүние деңгейлерінің дәрежесімен анықталады. Халықтың рухани дүниесі «халық даналығы» деп аталағын фольклорлық туындылар. Фольклорлық туындылардағы философиялық ойтанымдарды жаңғыру, оған ғылыми дәйекті тұжырымдар жасау өзекті мәселе. Осыған

байланысты фольклорлық шығармалардағы философиялық ойдың терендігін, өзектілігін ескере отырып, халықтың ойлау табиғатына талдау жасау қажеттілігі де өзекті. Осының бәрін ескере отырып, көне дүние көзі болған фольклорлық дүниелерді қазіргі заман талабына орайластыра қарастыру тарихи-жадтық әдісті қолдануға жете-лайді. Бұл әдіс методологиялық танымға сүйенуді қажет етеді, яғни тарихи-жадқа сүйену әдісі зерттеу өрісін кеңейтіп, халықтың дүниетанымдық өрісін танытуда ғылыми дәлелді анықтама жасауға көмектеседі әрі ізденісіміздің көкжиегін кеңейтеді деп ойлаймыз.

Қазақ халқының көне дүние туындыларын философиялық ойлау деңгейінде сараптау, оның рухани мұра үлгісінің дүниетанымдық түсінігінің ерекшеліктерін анықтау көзделінді. Бұкіл адамзаттың, рухани кеңістік тұтастығындағы халықтың өз орны, оның философиялық ойлау дәрежесінің терендігі мен қуат-қарымын анықтап сараптау да өзекті. Сондықтан да ізденісіміздің негізінде рухани мұраларымызды таныту арқылы ондағы халықтық дүниетаным мен көзқарас мәселесі жөніндегі ой-пікірімізді сабактастыру мақсатында айтылған өзекті мәселелерді қалыптастыру объективті қажеттіліктер деген ой-түйінді тудырып отыр.

Мақаламыздың зерттеу тақырыбының өзектілігі соңғы кезде ұмытыла бастаған халықтық таным мен ойлау жүйесін қайта жаңғырту. Тәуелсіздік туын тіккен халықтың өзінің ұлттық болмысын айғақтайтын рухани дүниелеріне қайта оралуы, рухани жаңғыруы заңдылық. Осыған орай ұлттық дүниетаным негізін орнықтыратын көне дүниелер туындыларындағы халықтық таным бүгінгі күн талабы. Фольклорлық дүниелердегі халықтың ойлау мәселесі ұлттық негізді орнықтыратын қуат көзі. Осы түрғыдан қарастырғанда көне дәуір дүниелеріне жүгінбей халықтың дүниетаным мен ойлау жүйесін қалыптастыру мүмкін емес. Сондықтан да халықтың өзіне тән дүниетаным мен ойлау жүйесіне өзімізді тану нысанасы ретінде ерекше мән береміз.

Әдебиеттерге шолу

Халықтың таным-түсініктерінің негізі ойлау жүйесінің нәтижесі қарапайым халықтың ойлау жүйесі негізінде қалыптастанылған – ол дүниені рухани игеру нәтижесіндегі өзіндік болмысын танытатын құбылыстар.

Фольклор туындыларындағы халықтың таным-түсініктер негізі: өмір, тіршілік, қоғам,

табиғат жайлары. Халық өзінің болмыстық ойлау тегінен басталып өрістейтін дүниелік таным-түсініктерін құнделікті тұрмыс-тіршілігіне лайықты қалыптастырған.

Халықтың ой-сана көріністері философиялық ойлаудың негізгі ұғымдары болып саналатын бақыттылық, батырлық, сұлулық, адамгершілік түсініктермен қалыптасып отырған. Мұның барлығы философиялық ойдың көрінісі ретінде халық арасына кең тараған аныз-әңгіме, әпсана мен жыр, әпостарда айқын байқалады. Бұл дүниелер халықтың дүниетанымдық көзқарастарының қалыптасуында ерекше орын алады. Халық шығармашылығының өзегі ретінде қалыптасып орнықкан бұл дүниелер халықтың тәрбиешісі ретінде танылғанын көрсетеді. Кез келген фольклорлық туындылардың негізін үш түрлі қасиетін саралауға болады. Ол фольклорлық таным, фольклорлық ақпарат және тәрбиелік қасиеттері.

Өмір сүру мен тіршілікті шынайы бейнелеу арқылы адам дүнесінің мәнін ұғындыру арқылы ақпараттың дерегі көрсетіледі, сонымен қатар, таным-түсінік берумен тәрбиелік қызметтің де анықтайды.

Ежелгі дүниетаным туралы қарастырғанымызда тарихшылар мен өнертанушылар, тағы басқа ғалымдардың бұл мәселе төңірегінде айттылған ғылыми дәйектемелеріне де мән беруді ұмытпадық. Бұл мәселеде әсіресе әдебиетші ғалымдардың еңбектерін ескерген жөн.

Фольклортану саласында зерттеушілер қатарында отандық ғалымдар Ш. Үәлиханов, М. Әуезов, С. Аманжолов, С. Қасқабасов, Ш. Ыбыраев, Р. Нұрғалиев, т.б. еңбектерінің маңызы зор.

Ал қазақ халқының фольклорлық дүниелері мен мәдениетін зерттеуде археологтар А. Бернштам, С. Киселев, Ә. Марғұлан, К. Ақышев сияқты ғалымдардың еңбектерінен толымды мағлұматтар алуға болады.

Қазақ халқының фольклорлық туындыларында тарихи танымдық, әлеуметтік, рәміздік-идеялық көркемдік ерекшеліктеріне қатысты жазылған еңбектердің барлығы белгілі. Әсіресе соңғы жылдары философиялық таным мәселесіне қатысты мазмұнды еңбектерін жариялаған ғалымдардың қатарында А. Қасымжановтың, М. Орынбековтың, А. Қасабектің, Ғарифолла Есімнің, Т. Фабитовтың, Ф. Ақманбетовтың, Д. Кішібековтың, Н. Байтепековтың, Ж. Молдабековтың туындылары жатады.

Көптеген ғалым-философтардың қай-қайсысы болмасын халықтың дәстүрлі көшпе-

лі тіршілігінде фольклорлық шығармалардың айрықша рөлі болғанын айтады. Ұлттық таным мен әлеуметтік-рухани тағдырына ықпал еткен фольклор туындыларының қуатын, ондағы ойлау жүйесінің тереңдігін анықтап, іргелі зерттеулер жүргізілгенін ерекше атауға болады.

Нактылы халық шығармашылығына қатысты зерттеу жұмыстары жүргізіліп, батырлық жырларға, аныз-әңгімелерге талдау жасалынып, ондағы философиялық ой-тұжырымдарды түстеп танып, халықтың өзіне тән табиғатын ұғындыруға тырысқан еңбектердің мән-магынасы ерекше.

Халықтың ойлау табиғаты мен танымдық табиғатын зерделеуде А. Қасымжанов, Фарифолла Есім, С. Мырзали, Т. Бурбаев, Д. Кішібеков, М. Орынбеков, А. Қасабек, Ж. Молдабеков, Т. Ғабитов, Д. Раев, Н. Байтенова тағы басқа ғалым-зерттеушілер еңбектерінің мәні зор. Олар қазақ философиясы және мәдени рухани мұралардағы философиялық ойдаң түп-төркінін, ішкі қайнарын анықтап, қазақ халқының ойлау жүйесінің «философиялық қуатын» танытуда өзіндік ғылыми улестерін қосып келеді.

Халық фольклорының өзіндік төл сипаты жөнінде оның тарихи деректілігіне қатысты Х. Аргынбаев, Ә. Марғұлан, М. Әуезов сияқты ғалымдардың толымды еңбектері де ерекше.

Фольклорлық-этнографиялық танымдар арқылы әлеуметтік тіршілігіне қатысты тұжырымдар жасауда В. Пропп, М. Бахтин, А. Лосев, Ә. Марғұлан, Дж. Вруннер, Р. Бауман, Л. Вагнер, А. Дундес, Л. Массон (2-10) еңбектерінің құндылығын айтуға болады. Бұл ғалымдардың еңбектерінде халықтың рухани әлемін, дүниетанымын танытуда теориялық бағыт-бағдар болатын дүниелердің барлығын айту қажет.

Қазақ фольклорының тарихи танымдық, идеялық, көркемдік ерекшеліктеріне қатысты Ш. Уәлиханов, В. Радлов еңбектерін атауға болады.

Оның ішінде фольклорлық мұраларды филологиялық зерттеулер жасап, келелі тұжырымдар жасап қалдырган С. Сейфуллин, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Қ. Жұбанов, Е. Ісмайлолов еңбектерінің кезеңдік мәні ерекше. Сонымен қатар олар халықтың өзіне тән төл сипатын анықтап саралауда да таптырмас дүниелер F. Есім, А. Қасабек, М. Орынбеков, Д. Раев, Т. Ғабитов, Т. Бурбаев, А. Қасымжанов, Д. Кішібеков сияқты философ ғалымдардың қай-қайсысы болмасын, халықтың фольклорлық мұрасын тудырған ортаның түп төркінін танытуда айтарлықтай еңбек етіп келе жатқан ғалымдар. Дүниелік

таным мен халықтың төл қасиетін түстеп тану үшін де, әрі берілген тақырыпқа байланысты тұжырымдар жасау үшін де жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектерінің методологиялық негіз болары сөзсіз.

Сондай-ақ терминдерді саралау арқылы философиялық ой-танымдарды орнықтыруға оның ұғымдық деңгейін анықтауда да септігін тигізері анық.

«Фольклор» терминінің түп нұсқасы туралы алғаш 1846 жылы ағылшын тарихшысы Уильям Томс, 1875 жылы Франция, Испанияда, Италияда кейін Ресей ғалымдарында қолдау тапқан.

Көптеген елдерде «фольклор» терминін халық туындысының «қарабайыр» көрінісі деп түсіндірген.

Франция ғалымдары фольклорды этнографиямен байланыстыра зерттеген. Л. Томм, П. Куаро, т. б. фольклорды «көпшілік қолды туынды» деп ұғындырады. Ал Америка ғалымдары Р. Уотермен, Д. Форстер фольклорды «халықтың ауызша шығармашылығы» деп айтқан.

В.Я. Пропптың айтуынша, «фольклор» деп, «дамудың қандай деңгейінде болғанына қарамастан халықтардың әлеуметтік тіршілігіне тән шығармашылығы» – дейді (11).

Ал қазақ халқының фольклортану ғылыминда М. Әуезов бастаған ғалымдардың еңбекінде «фольклор» ол – «ауыз әдебиеті» деген тұжырымға келгендерін көреміз.

Сонымен «фольклор» деген терминнен түйетін ой ол бір ғана ұғымды, бірқалыпты ғана білдіретін құбылыс емес, әркілі кезеңдердегі әртүрлі жағдайларға байланысты өсудің, дамудың үрдісіне лайықты оның сан қырлы түрі мен үлгісінің болғанын айтуға болады.

Танымал орыс фольклоршысы А.Н. Веселовский: «Фольклор туындыларының өзіндік ерекшеліктері болады. Ең алдымен, фольклор – өнер» – деген айта келіп, оның бойында халықтың тұрмыс-салты, театр, сөз, би және ән-күй өнері, бір-бірімен дараланбай тұтас күйінде көрінетін-дігін жазады (12).

Ғылымда халық поэзиясын «фольклор», ал оны зерттейтін ғылым саласын «фольклористика» деген атайды. Неміс ғалымы И.Ф. Кнафльдің (13) анықтауынша бұл атау халық даналығы деген ұғымды білдіреді. Осы пікірді жоғарыда да айтып өттік. Ағылшын ғалымы У. Дж. Томас та дамыта түсіп, фольклорды ел арасында туған өлең-жыр, ертегі-аңыз, турлі наным-сенімдерді жинақтайтын термин ретінде ұсынған (14). Жалпы фольклор (халық даналығы) ағылшын сөзі.

Осыдан келіп туындастын ой, яғни әрбір халықтың фольклорына тән тарихилығы, мәдениеті, философиясы бар. Фольклор әр елдің тұрмыс-тіршілігімен, рухани өмірімен тығыз байланыста болған. Әр ел өз басынан өткен оқиғаларды құмарта жырлайды. Сондықтан да өзінің тарихилығы жағынан фольклор шығармалары авторлық сипаты бар кез келген туындыдан анағұрлым шыншыл, әсерлі де көркем. Сол жылдарға қарап, елдің әдет-ғұрпын, ой-санасы мен түрлі сезімдерін дәл танып білуге болады. «Қазақ халқының фольклорында табигат, қоғам, өмір жайында түсініктер өрістей келе бүкіл халықтың ой санаға айналған. Халық құнделікті тұрмысқа қажетті қарапайым нәрседен бастап, күрделі құбылысқа дейін сөз етеді» (Алтаев, Қасабек, 1996: 44). Осы жерде ғалымдар А. Қасабек пен Ж. Алтаевтың «... қандай бір фольклорлық шығарманы алсаңыз да, онда философиялық дүниетанымдық қызметі таным процесіндегі білмеуден білуғе, қарапайымнан күрделіге, абстрактылықтан нақтылы шындыққа ұмтылған құбылыстарды байқаймыз. Бұл қазақ фольклорындағы философиялық ойлардың даналығының жетістігі» (Алтаев, Қасабек, 1996: 44) деп айтқан пікірлерін қолдауға болады.

Яғни, «фольклор» халықтың ойлау жүйесінің, санасының өзіндік ерекшелігімен әлеуметтік тіршілігіне орай дүниелік көзқарастарының жиынтығы деген тұжырым жасалынады.

Талқы

Қазақ фольклорының бастау бұлағы көне түркі жазбаларынан басталып, халық өмірімен біте қайнасып, оның рухани дамуына, мәдени-философиялық ой-санасының қалыптасуына мол азық берді. Фольклор өзінің тарихи деректілігімен, дүниетанымдық әрекеттілігімен, ауыз әдебиеті үлгілерінің молдығымен, мұндағы халықтың дәстүрлі сөз бен ән-күйі, тұрмыс-салты, бар табиғаты, өрнектеліп, халқымыздың рухани болмысында айырықша орын алады.

«Фольклордың халық өмірімен, құнделікті тіршілігімен, өткен тарихымен, мындаған жылдар бойы қалыптасқан сана-сезімімен, дүниеге көзқарасымен біте қайнасқандығы соншама, оны халықтың бүкіл тұрмыс тіршілігінен, тарихы мен сана-сезімінен тұтастай қалпында ажыратып алу былай тұрсын, иненің ұшымен шұқылап отырып, босатып алу бос әурешілік. Иненің ұшына ілінген түйнек-түйнек бөлшектерді қанша ұқыптылықпен қайта құрастыра білгенізбен, қаны-сөлі бар фоль-

клорлық тұтас организмді қайта тірілту ешкімнің қолынан келе қоймас» (Турсунов, 2001: 132).

Сондықтан да қошпелілер мәдениетін, философиясын, фольклорын зерттеу ісін халқымыздың тұрмыс-тіршілігінің, оның рухани табиғи болмысының аясында қарастырганымыз дұрыс сияқты.

Әрбір халық өзінің өткен тарихын, ауыз әдебиеті мен фольклорын оның рухани бастау бұлағын танып білмейінше ешқандай мәдениеттің дамуы да мүмкін емес деп түсінеміз. «Мұнан фольклор туралы ғылымның өткенін білмей тұрып қазіргі зерттеу әдістерін айтартытайтада деңгейде игеру мүмкін емес» – деген (Ыбраев, 1993: 3) белгілі фольклортанушы Ш. Үбраевтың пікірімен қосыламыз.

Қазіргі философиялық әдебиеттерде қазақ фольклорының бастауы, ондағы мәдени-философиялық мәселелер көрінісі мәселесі өте аз қамтылған, әлі толық зерттелінбеген тың тақырыптардың бірі болып отыр. Қазақ фольклорының шығу тегін, генезисін танып білмей оны түсіндірмей фольклордың философиялық аясын, орны мен мәнін, өзіндік ерекшелігін анықтау айтартытайтындыққа түсер еді.

«Фольклор, негізінен, халықтың дәстүрлі сөз бен ән-күй өнері болғандықтан және ауыз әдебиеті үлгілерін жазып алу, жарықта шығару ісімен көбінесе әдеби шығармашылықпен айналысқан адамдар болған себепті, өткен ғасырдың аяғы – жиырмасыншы ғасырдың бас кезінен бастап, фольклористика саласындағы зерттеулердің басым көпшілігі әдебиеттану ғылыминың әдістері зерттеулердің басым көпшілігі әдебиеттандыру ғылыминың әдістері мен тәсілдері негізінде жүргізіле бастады» (Турсунов, 2001: 11) – деп фольклор зерттеуші ғалым Е.Д. Тұрсынов фольклор зерттеуші ғалымдар әуелде әдебиетшілер болды деуі өте орынды. Дегенмен қазіргі таңда бұл мәселелер төңрөгінде философ мамандарда өз зерттеулерімен көрініс бастады. Мәселен профессор М. Орынбеков, Ж. Молдабеков, Гарифолла Есім, Д. Раев, Т. Бурбаев, А. Қасабек сынды ғалымдардың еңбектерін атап өтуге болады (18).

Бұл мәселені әрі қарай жалғастыра түсіп профессор Е.Д. Тұрсыновтың – «Бұл да занды нәрсе, өйткені, әдеби процеске тән көптеген құбылыстардың көзі фольклорда жатқаны белгілі. Алайда, фольклор мен әдебиеттің халықтың дәстүрлі тұрмыс-салты мен сана-сезіміне, өткен тарихы мен дүниеге көзқарасының қалыптасу тарихына жақындықтары бірдей емес. Әдебиет – тарихи көзben қарағанда, жас-

өнер. Фольклор өнері адамзаттың әлеуметтік құрылышының пайда болып, даму процесімен қатар дамып отырды. Жоғарғы палеолит (ко-не тас) дәүірінде әлеуметтік құрылыштың қалыптасуымен бірге мифология, сурет салу өнерлері өркен жая бастады» (Турсунов, 2001: 132-133) деген пікіріне әбден қосылуға болады. «Алғашқы әлеуметтік құрылыш дәүірінде қазіргі заманымызға дейін жеткен негізгі фольклорлық жанрлар қалыптасты. Түркі тайпаларының тарихи өлеңдерінің қағазға түсген алғашқы нұсқалары Хун дәүіріне жатады (б.э.дайнгі III ғ.) батырлар жыры, айтыс, толғау, лирикалық ән жанрларының қалыптасу дәүірі де осы» (Турсунов, 2001: 133). Міне, фольклор тарихы бастауының өте ерте негіз алатынын көріп отырымыз.

Фольклор, ауыз-жазба әдебиеті, тарих және философия әрбір халықтың өзіндік ерекшеліктерін білдіреді. Мәселен қазақ философиясының мәдениетінің тұп тамырын фольклор туындыларынан табамыз. Өйткені оның дүниетанымдық негізі, рухани қазынасы байырғы ауыз әдебиеті, аңыз-ертеғілер, мифология эпостық жырлар болып табылатыны бізге анық.

Бірақ олар кай кезде, қай уақытта дүниеге келді? Оның ұлттық сыр-сипаты, табиғи болмысы ерекшелігі қандай? Біздің зерттеу нысанымыз болып отырған қазақ фольклоры қалай тұған, байырғы ауыз әдебиетін кімдер жасады? Мұның бәрі философиялық пайымдауды, ғылыми ізденіс пен зерттеулерді қажет етеді. Біздің басты мақсатымыз да қазақ фольклорына философиялық, мәдениеттанулық талдаулар жасай отырып, мәселенің басында фольклордың шыққан тегін, бастау бұлағын шамамыздың келгенінше анықтап алу. Біздің философиямыз бен мәдениетіміздің бастауын халық фольклорынан іздел өзіміздің ұлттық ерекшелігіміз бен қасиетімізді жоғалтпай, оны кейінгі ұрапакқа жалғастыру. Бұл ең басты мәселелердің бірі деп санаймыз. Өйткені ана сүтінің дәмін білмеген бала сияқты, өз елінің рухани мол мұрасынан, әдебиеті мен философиясынан, мәдениетінен рухани азық алмаған адамды толыққанды ұлтын сүйер азamat деп тану да қын болса керек. Қазақ философиясы мен мәдениетінің бар дәм берер нәрі осы қазақ фольклорында, ауыз әдебиеті мен эпостық жырларда жатыр десек қателеспейтін сияқтымыз. Бірақ ең басты мәселе осы қазақ фольклорының рухани бастау бұлағын танып білуде оны зерттеу барысында біз исі түркілік тұтастықты, түркілік рухты, әлемді методологиялық негіз етіп алуымыз бірден бір тұрағылыми жолға алып барады. Фольклордың шығу-

тарихын өзіміздің тарихи болмысымыздан, атабабаларымыздың рухани тіршілігінен іздестіргеніміз жән сияқты. Өйткені, ғылым дәлме-дәл дәлледеуді қажет етеді, жәй ой-жобамен айта салу біздерді қателікке алып келері сөзсіз.

«Ақын жырау, сал сері т.б. осы сияқты ауыз әдебиеті өкілдерінің қалыптасуы – жалпы өнер дәстүрінің мындаған жылдар бойында сатылап дамып, жетіліп, сала-сала болып өзгеруді әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың дамып, өзгеруімен тығыз байланысты» (Тұрсынов, 1976: 6).

Бұл жерде біздің пайымдауымыздың қазақ фольклорын, шығу тарихын, оның өкілдері мен ерекшеліктерін, қалыптасуын жалпы түркітік адамзаттың құндылықтар түрғысынан қарастырып зерттеуіміз керек сияқты. Бұдан шығар тұжырым қазақ фольклоры мен ертегі-аңыз, эпос-жырларынан төл философиямыз бен мәдениетімізге рухани арқау таусылмас мол қазына таба аламыз. Мәселен, тұрмыс-салт жырлары, аңыздар (қала, дала аңыздары, Қорқыт ата аңыздары, Асан қайғы, Алдар көсе мен Жиренше шешен, жануарлар мен жер аттары туралы т.б.). Ертегілер, Қазақ эпосы батырлар жыры (Алпамыс батыр, Қобланды батыр, Қамбар батыр, Ер Тарғын) Лиро-эпостық жырлар; («Козы Қорпеш-Баян сұлу ең байырғы жырлардың бірі», «Айман-Шолпан» жыры, «Мақпал қызы» т.б.) дәлел бола алады.

Біздің тағы бір айтарымыз фольклортану ғылымының әуел бастан-ақ этнография, әдебиет тарих ғылымдарымен тығыз етене байланысты болғанын естен шығармауымыз керек.

Әрине, біздің бұл шағын зерттеуімізде қазақ фольклорының бар шығу тегін, бастау бұлақтарын толық мазмұнын ашып жеткізу өте қыын, сондықтан да біздің алға қойған мақсатымыз қысқаша фольклордың философиялық тарихи үғымын және қазақ фольклорының дүниетанымдық негізі мен бастауын, философиялық пайымдаулар жасай отырып, шағын көлемде аз ойымызды пікірімізді ортаға салу зерттеу нысанына айналдыру.

Қазақ фольклорының бірден-бір бастау бұлағы Қорқыт туралы аңыз десек кателеспейміз. Бұл аңыздардан көптеген философиялық сырға толы жалпы түркі дүниетанымының ішкі табигаты мен болмысын, оның көрегендігін өзектілігін танып біле аламыз.

«Қорқыт туралы аңыз және Қорқыттың бейнесі түркі фольклорымен айналысқан зерттеушілерді толып жатқан сырларымен, философиялық теренділігімен қызықтырып жүр. Фольклоршылардың күні бүгінге дейін

бір корытындыға келе алмай, шешімін таба алмай жатқан мәселелерінің бірі – Қорқыттың мифтік әлде тарихи кейіпкер болғандығы. Түркілердің орта ғасырлардағы «Кітаби дедем Қорқыт» атты жырында Қорқыт ел ағымы алыстағаны болжағыш дана карт есебінде суреттеделі» (Турсунов, 2001: 133-133) – дейді белгілі фольклортанушы ғалым Е.Д. Тұрсынов. «Ол дүниедегі бар нәрсені білген, оның айтқан сезінің барлығы келетін. Ол болашақта болатын, өзгелер үшін құпия сырларды құдай тағламнан естіп, жұртқа жеткізіп жүрді» (Книга моего деда Коркута, 1962: 11).

В. Бартольд «Кітаби дедем Қоқыттағы» Қорқытты, негізінен, жаршы деп атайды. «... Бірақ ол ақы үшін бектердің көңілін көтеретін озан емес. Ол қыын-қысталан жағдайларда ақыл сұрап келетін ханның, бектердің және халықтың дана ақылшысы; кейде ол жорыққа аттанатын батырға өситет айтады; батырдың семсеріне бата беретін де ол; түркітің «Аталар сезі» деп аталағын жинағында да ол дәл осылай суреттеделі: мұнда халықтың ақылшысы, ата-бабалар салтын, ру құрылышын сақтаушысы» (Книга моего деда Коркута, 1962: 11).

Қорқыт халық ұғымынша болашақты көре білетін сәуегей философ, қобызышы ол табиғаттың дүлей күшіне қарсы қурескен, өліммен алысқан алып жанды танытады. Нагыз экзистенциализм философиясы, яғни адам мен ажалдың, өмір мен өлімнің қуресін баяндайтын терең философияны біздер Қорқыттың бойынан табамыз. Қорқыт туралы аңыздарда кездесетін үлкен философиялық мәселе өмір философиясы Еуропада тек XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындаған өмірге келгеннін ескерсек, біздер оны Қорқыт аңыздарын дүниеге алып келген түркілік ата-бабаларымыздың асқан көрегендігіне, олардың ойларының аса тереңдігіне таң қаламыз. Иә, бұл түркі дүниетанымы мүмкіндігінің әлемге дәлелі, табиғаты мен болмысы. Тек бізде жетіспейтін нәрсе осындай керемет ойларды болған, айтылған нәрселерді дер кезінде айтып жазып жеткізе алмауымыз біздерге үлкен ой салады.

«Қорқыт жырларында батырлық пен әсемдік, нәзіктік пен сұлулық қобыз сарынымен үндесіп, үлкен бір философиялық ой арнаға алып келеді. Табиғаттың тылсым құштерін, адам жанының көңіл-күйлерін, сезімін ұлы бабамыздың қобыз шегімен аса бір нәзіктікпен жеткізе білген-дігіне қайран қалып отырамыз. Қорқыт иісі түркі халықтарына ортақ философ, музикант ретінде ғана болып қойған жоқ, ол Шығыс ренессансы

үшін де көрнекті тұлға болды» (Алтаев, Қасабек, 1996: 60).

Қорқыт философиясының басты концепциясы адам өмірін мәңгілік ету, өліммен қарсы құрнесу, қорқынышты жену және содан құтылудың жолдарын іздеу өте бір философиялық астары бар ұғым.

Заманымыздың занғар жазушысы ұлы Мұхтар Әуезов «Қазақ музыкасының атасы «Қорқыт туралы әпсаналардың» мазмұны өте терең. Ажалды тоқтату мүмкін еместігін мойындағысы келмеген Қорқыт жұрттан безіп айдалаға, табиғат аясына кетеді, бірақ таулар да жазықтар да, ормандар да оған өлім күтіп тұрғанын айтады. Содан қорқып шығрайдан бірінші рет қобыз жасап, жер бетінде бірінші болып күй тартады. Сөйтіп, өлмеудің амалын өнерден табады» (Ауезов, 1994: 15) – деп жазады.

Бұл аңыз-ертеғілерде, эпостық жырлар, фольклорда өте сирек кездесетін құбылыс. Өлімді жену қандай бір сыртқы құштердің әсерінен емес өзіңнен өз күшінен, өз әрекетінен іздеу. Сіздер көріп отыргандай қазақ аңыздарындағы Қорқыт бейнесі енді өлімнен қашқан шаман емес, керісінше, өмір сүрген және өмір үшін қурескен, өлімнен құтылуды қандай бір құдіретті құштен емес, өнерден іздеғен ажалмен айқасқан алып рухани тұлға.

Осы жерде Қорқыт туралы аңыздың философиялық, эстетикалық мәдени ролі мен мәнін айта отырып, белгілі шығыстанушы ғалым, Г.Н. Потаниннің: «Қазақ халқы өмірге тек өнерғана сән береді, тек өнерғана біздерге ерте үйірлөтін сары уайымнан құтқарады» – деп жазған ойын орынды деп білеміз (Потанин, 1968: 300).

Қазақ фольклоры бастау бұлағының көзі болған Қорқыт туралы аңыздарды тұжырымдар болсақ, қазақ философиясы мен мәдениетінің оның дүниетанымдық негізін, ондағы мәдени-философиялық көріністер мәселесін бәрімізге ортақ түркілік фольклор, мәдени мұраларымыздан ізделесек қателеспеген боламыз.

Белгілі философ ғалым М. Орынбековтің «ұлттық сананың өсуі, мәдениеттің қайта өрлеуі (халықтың рухани бастауларына зор көңіл аудару) 25 ғасырлық тарихы бар халықтың рухани бастауларға көңіл аударуын туыннатуы заңды еді», – деп айтқан ойларын орынды деп санап, қазақ фольклорының халықтың рухани бастауларының бірі екендігін дәлелдей, оны ғылыми зерделеуге ұмтылыс жасау, бүгінгі күн талабының негізгі мәселелерінің бірі деп санаймыз.

Даuletбек Раев: «Қазақ философиясына үңіletін болсақ, оның ежелгі қазақ этностары мен тайпаларының материалдық және рухани мәдениетінің негізінде өніп-өскендігіне күмән жоқ. Демек, қазақ философиясы – ол қазақ халқының жалпы мәдениетінің логикалық жалғасы және негізгі рухани мұрасы, құндылығы. Қазақ даласындағы философиялық дүниетаным, ең алдымен, қазақ елін құраған алғашқы тайпалардың тіршілігі барысындағы дүниені тану бағыт-бағдарларына, әдет-ғұрыптарына, өмір сұру стильдеріне, наным-сенімдеріне сүйенеді. Яғни, қазақ философиясының қалыптасуының тарихи алғышарттарына қазақ мифтерін, дінді, ұлттық фольклорды, поэзиялық құбылыстарды жатқызуға болады» – дей келіп, қазақ философиясының бастау бұлағы миф, аңыз, қазақ фольклоры, поэзия, шешендейк сөз өнері деп есептейді (Раев, 2001: 7).

Яғни, қазақ халқының ежелден келе жатқан рухани мәдениеті, наным сенімдері, дүниетанымы, поэзия шешендейк өнер мен ұлттық фольклор философия бөлінбейтін тұтастық ретінде карастырылады.

Қазақ фольклорының ең бай саласы – эпостық жырлар. Олар ежелгі замандардан бері ұзақ даму жолдарынан өтті. Ауыз әдебиетінің түрлі жанрларымен тығыз байланыста өрбіді. Қоғамның әлеуметтік дамудың алмасуына байланысты олардың ішкі-сыртқы белгілері де өзгеріп отырды.

Фольклортанушы ғалым Ш. Ыбраев «Қазақ фольклор жырларының ішінде қазақтың қаһармандық эпосы өзінің көл-кесір молдығымен де, көркемдік-естетикалық қуат-теуірінімен де, тарихи деректігімен де халқымыздың рухани болмысында айырықша орын алады» (Ыбраев, 1993: 3). – деп осынау рухани мол мұра қөшпелілер әлемінің бар ғұмыр тіршілігін айқын көрсете біліп, біздің ой-танымымыздың өсіп-өркендеуіне үлкен әсер етті дейді.

«Қазақ эпосы бірде ерлікті, батырлықты дәрістеп ел корғау, отаншылдық сарынға құрылса («Қобыланды», «Алпамыс»), бірде қоғамдағы әйел тенсіздігін арқау етіп, махаббат тақырыбына негізделеді. Енді бірде өмірдеболған нақты тарихи оқигаларды жырлайды. («Бекет», «Досан батыр»), эпостық жырлар барлық елдерде болған. Ежелгі гректердің «Илиада», «Одиссея» сияқты көлемді дастандарының эпопеялық сипаты басым болса, ондай сюжеттер қырғыз (Манас), қазақ халықтарында да жоқ емес» (Алтаев, Қасабек, 1996: 70-71). Бұдан біздің пайымдауға мол рухани азық болары анық.

тіршілігіміз, дүниетанымымыз, тарихи шындықтар, әлеуметтік жағдай, елге, жерге деген үлкен сүйіспеншілік, патриоттық сезім тұнып тұр. Эпостық жырлар рухани бастау бұлағының көзі, сондықтан да қазақ болмысын, табиғатын, оның рухани дүниесін танып білуде қазақ фольклорындағы эпостық жырлардың атқарар қызметі мол демекпіз.

Мәселен, қазақтың лиро-этностарының ішінде Шоқанның ең жақсы көріп, ел аузынан жазып алған ғылыми аса бағалылары «Едіге» жыры «Қозы Қөрпеш Баян сұлу», «Қоңыrbай, Ер Нұра» (Манас тобына кіретін ерлік жыры), «Күмісхан яки Карабас ұлы Манас», мақал сөздер, жұмбактар тағы басқалар.

«Мұндағы Шоқан жазып алған «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу» жыры қазақ даласындағы ең тұңғыш дүниеге келген жырларының бірі болып саналады. Бұл жырдың ең құндылығы – тіл байлығында. Ол өткен дәуірдің ең күрделі әлеуметтік мәселелерінің бірі – адам еркіндігі, әйел тендігі мәселесіне арналған өте мазмұнды, шыншыл проблемалы этностиң бірі» (Алтаев, Қасабек, 1996: 73). Ойымызды дәлелдей тұсу үшін акеадемик Фариғолла Есімнің пікірін келтірейік: «Қозы Қөрпеш – Баян сұлу» жыры біздің ұлттық тарихымыздың, жер тарихының, рухани мәдениеттің және дүниетанымыздың қайнар көзі» – деп, «Қозы Қөрпеш-Баян сұлу» жыры ұлттық дүниетанымының бастауы дей отырып, мұнда тек қыз бен жігіттің махаббаты емес, үлкен әлеуметтік мәселелердің жер және Ел туралы мәселелерге тікелей қатыстыры бар дейді.

Иә, қазақтың қайсыбір эпос жырларын олардың өзіндік құндылықтары жоғары мазмұны өте терең, онда халықтың ойы, табиғи болмысы, философиялық көріністер, ел, жер тағдыры Отанды сую, адамгершілік, эстетикалық талғам, тіл байлығы көрсетіледі. Бұл кейінгі үрпақтарды тәрбиелеуде, рухани мәдениетімізді игеруде өзінің он септігін тигізері сөзсіз. Ұлттық философиямыз бен мәдениетіміздің негізгі бастауын оны фольклордан, эпостық жырлардан, аңыз әнгімелерден, шешендейк өнер мен поэзиядан табамыз. Мұндағы көріністер философиялық пайымдауға мол рухани азық болары анық.

Көшпелілер рухани дүниесін Т. Бурбаев «Көшпелілер ойлау жүйесі олардың тұрмысымен, өмір салтымен де байланысты. Мәселен, олар сөздің қадір-қасиетін жақсы білген, сөзге тоқтаған. Шындық пен Ақиқатты, Әділетті ту етіп көтерген. Философиясы абстрактылы емес, керісінше тіршілікке бейімделген, даналыққа толы, тәрбиелік және тағылымы мол өмірдің өзі-

нен туындал отырған. Қөшпелілердің дәстүрлі ойлау әдісі символдарға, ардақты сыйлауға, тыбымдар мен әдеттерге, мақал-мәтелдерге толы болған. Философиясы мәдениет пен өнерден, салт-дәстүрден, фольклор мен мифтерден ажырамаған тұтас күйінде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп отырған» – (Бурбаев, 2001: 21) деп жазады.

Фольклор сан ғасырлар бойы әр дәуірдің көркемдік талап-тілектеріне жауап беріп, ұзак эволюциялық процесті бастаң өткеріп келе жатқан өнер. Сондықтан да қазак фольклорын, әсіресе әпостық жырларды ғылыми зерттеуде жүйелі талдау әдісімен үштастыру қазіргі күн тәртібінде тұрған айрықша мәселе.

«Қазіргі зерттеу еңбектердің нәтижесіне үнілетін болсақ, ең алдымен байқалатыны – көне әпостық синкреттік сипатының басым екендігі. Атап айтқанда, мұнда фольклордың өзге жанрларының үлкен рөл атқаратындығы: әсіресе, мифтің, ертегінің, азыз-әңгімелердің, тұрмыс-салт жырларының тұтас көрінуі байқалады. Оның үстіне ежелгі замандардағы ру мен тайпалардың әдет-ғұрпы, салты, дүниетанымы да көне әпоста олардың көркемдік ойлау тәжірибесімен астасып кеткен» (Ыбраев, 1987: 37).

Ж. Молдабеков «Халықтық сана-сезімнің алғашкы тұрларі мифтен, фольклордан, діни нағым-сенімнен нәр алды... Образдық-поэтикалық тұрғыдан алсақ мифтің, фольклордың, діни нағым-сенімнің құрылымдық стильдік ұқастығын оңай пайыздаймыз», халық ой бастауының бастамасы мифтен, фольклор, нағым-сенімдерден басталады» деп жазады (Молдабеков, 2006: 149).

Оз ойын әрі жалғастыра түсіп профессор Ж. Молдабеков «фольклорда талдау зердесі стихиялы түсініктен гөрі тұтас көркемдік санаға айналып, алдымен ұрпақ пен тайпаның даналығын және біртіндеп халықтың әдеби-философиялық мұрасын құрайды» – дейді (Молдабеков, 2006: 151).

Өйткені, «ауыз әдебиеті – халық шығармашылығының нәтижесі және халықтың рухани байлығының берік қоймасы, фольклор дүниетанымының көне, ерекшелігі ортақ түрі» деп, халық рухани бастауының төркінін фольклордан табамыз деген тұжырым жасайды.

Біз қазак фольклорының философиялық ясасының тамыры өте теренде жатқанына келтірмейміз. Бұл жерде тағы бір мән беретін нәрсе қазак фольклоры мәдениеті өз алдына жеке дамыды деп айтудан аулақпыш. Ол өзге халықтардың ауыз әдебиетімен өте тығыз байланысты

болғанын да біздер ескергеніміз жөн. Мәселен, «Ежелгі римдіктер, гректер, скифтер, қытайлар сияқты халықтардың әдет-ғұрпы, фольклоры түркі-монгол халықтарының этнографиясымен өте ұқсас. Қыргыздың «Манасын», гректің «Илиадасын», финнің «Калеваланы», қазақтың «Алпамыс жыры», бұларды салыстырганда көп халықтардың поэзиясымен ұқсастықтарын ерекше байқаймыз» (Алтаев, Қасабек, 1996: 74).

Біздің пайымдайтынымыз, жалпы адамзаттың рухани ойынан туған мәдени құндылықтар мәдениет, фольклор және оның қол жеткен жетістіктері бәріне бірдей ортақ.

«Қөшпелілер жасаған мәдениет, рухани мұралар – тарихи шындықтың көрінісі. Себебі қөшпелілер мәдениетінің рухани дүниетанымының болмысының ерекшелігінің өзі қөшпелі халық болғандығында. Оның бар болмысы табиғатпен етене жақын. Басқа халықтың тілін, психологиясын, тұрмыс-салтын, дәстүрін, ішкі дүниесін түсінбей, қөшпелі мәдениет туралы пікір айту сөз жоқ түсінбеушілікке алып келер еді. Мұндай пікір айту Еуропа ғалымдарының талайын сүріндіргені біздерге тарихтан белгілі» (Алтаев, Қасабек, 1996: 74).

Белгілі бір халықтың тарихи-әлеуметтік ерекшеліктерін, әрбір нақтылы жағдайдағы ішкі даму процестерін ескерген дұрыс. Олай болмаған жағдайда ізденіс нәтижесінің берері аз болары сөзсіз. Бұдан туындастын ой қазак фольклорын, мәдениетін өзімізге жақын туыс түркі халықтарының мәдени-мұраларымен салыстыра отырып ғылыми зерттеулер жасау.

«Өткен ғасырдың соңына таман қазак фольклорын түркі халықтарының мұрасымен салыстырып зерттеуде А. Диваев елеулі еңбек сіңірді. Ол Қазақстан мен Орта Азия елдерінің ауыз әдебиеті үлгілерін жинай жүріп, олардың нақтылы әдет-ғұрыппен, тұрмыс-тіршіліктің ерекшеліктерімен байланысты екенін жақсы түсінді» (Ыбраев, 1987: 37). Яғни қазак, өзбек, қырғыз халықтарының фольклорындағы ұқастықтарды белгілеумен катар, олардың тұрмыс-тіршіліктен туындастын өзгешеліктерінің бар екендігін де ескертті.

Біздер қазак фольклорындағы мәдени-философиялық мәселелер көрінісін зерттеп-зerdeлей отырып, қазак философиясына негізгі рухани арқау болған қазақ әпос-жырларынан төл философиямызға арқау таба білу. Қазақ фольклорындағы философиялық ой-пікірдің философ мамандар тарапынан әлі де болса зерттеу нысанына айналдыру мәселесін күн тәртібіне қою.

«Қазақ философиясы ұлтымыздың бүкіл ішкі рухани әлемін, тіршілік философиясын, сайып келгенде қазақтың ұлт, ел ретіндегі макро-микродүниедегі алатын орнын, болмыс-жаратылысын бейнелейді және қазақтың өзін-өзі түсіні үшін рухани негіз, методологиялық құрал. Сондықтан қазақ дүниетанымын ғылыми-философиялық тұрғыдан зерттелмейінше қазақ ұлтын жан-жақты тану мүмкін емес» (Раев, 2001: 5).

Осы пікірді қолдай отырып, қазақ философиясының өзіндік төл ерекшелігі адам, бақыт, көркемдік, тән, сұлулық, өмір және өлім, дүние әлем, болмыс, батырлық, адам мен табиғат үйлесімі мәселелері қазақтың фольклорында өзінің молдығымен, көркемдік, сұлулығымен тарихи деректілігімен, сыршылдығымен ерекше орын алады. Осы тұста қазақ фольклоры, әпостық жырлар, ақын-жыраулардың, би-шешендердің қайталанбас философиялық ой-пікірлері ұлттық философиямызға негізгі арқау болғандығын айттып өткеніміз дұрыс. Қазақ фольклорының рухани бастау бұлағы бұл қазақ философиясының да негізгі арқауы. Мұндағы мәдени-философиялық көріністер, оны философиялық тұрғыдан пайымдау зерттеу жұмысымыздың мазмұнына нәр беріп, ғылыми құндылықтарын арттыра түсеп сөзсіз. Рухани бастау бұлағын іздеу мәдени-философиялық ой-өрісімізді кеңейте түсеп ақықат.

Қорытынды

Ғылыми қорытындылар жасау, сонын барысында сан ғасырлар қалыптасқан дүниетанымдық тұжырымдарды танып түстеге күрделене де, терендей де түсуде. Жасалынып жатқан зерттеу жұмыстары философиялық ойдың іргетасын шындаі түсіп, қалықтық зерденің қо-мескілене бастаған күре тамырына нәр беріп, жаңғыртуда. Қалықтың әлеуметтік-тарихи болмысын саралау оның рухани бітімін танып білүмен сабактасып жатыр.

Дүниетанымдық тұжырымдар дәйекті дәлелдермен өткен дәуірдегі ондағы ойдың жасаған пайымдауымен, халқымыздың болмысымен қайнақсан оның тіршілігінің идеялық арқауын зерделетеді.

Халықтық зерде оның дүниетанымдық көзқарасы, сезімдік, түйсіктік сатыларынан, уақыт сынынан сүрінбей өткен тыныс диапазонын анғартатын философиялық ойдың негізі.

Философиялық ойдың көрінісі халық шығармашылығында ойдың сөзге, көркем тілге

айналуында. Халықтық ойлау табиғаты оның кеңістігі өзгеріп жатқан қоғамдық формациялармен шектелмейді. Сондықтан да халық арасынан шыққан ақын-жырышларының шығармаларындағы халықтық таным сол халықтың ойлау табиғатымен сабактасып, ұлттық қасиет-қарымдарын анықтай түсуде.

Фольклорлық зердеге философиялық көзқарас танымдық қызметін аткаруда. Себебі, әрбір ғалым, зерттеуші өзінің шама-шарқына қарай ондағы халықтың рухани кемелденуіне бастаған дүниетанымдық түсініктеріміз жөнінде ғылыми қорытындылар жасап, халықтық сипатта қалыптасуын таным-түсініктердің мән-мағынасын талдап жеткізуге тырыстық.

Сөзіміздің соңында фольклор – көне заманның дүниетанымдық бастауы. Ол халықтың ақыл-ойы, іс-әрекеті, дүние туралы көзқарас дей отырып, ол өмір сүрудің әдіс-тәсілдерін үйретуші болуымен дүниені рухани игерудің философиясы дейміз.

Қорытындылай келе мақалада алға қойылған мақсат-міндеттерді зерттеу барысында төмендегідей қорытынды пайымдаулар мен тұжырымдар қалыптасты.

Біріншіден, мақала қазақ фольклорының рухани бастаулары мәселесіне арналғандықтан, қазақ фольклорының мәдени-философиялық арқаулары, халық даналығындағы рухани ой-кешу сабактастықтары, фольклортанудағы мәдени-танымдық үрдістер мәселелеріне қатысты мәдени-философиялық пайымдаулар жасалынды. Қазақ фольклорының рухани бастау бұлағы аныз-әпсаналар мен әпостық жырлар, Қорқыт және т.б. туралы аныз-әнгімелерге мәдени-философиялық негізде тұжырымдар жасалынды. Сондай-ақ фольклор туындылары арқылы қазақ халқының тегі мен болмысы, оның дүниетанымы мен рухани өміріне, ежелгі мұраларына ғылыми-философиялық талдау жасалынып, осыған орай бұл мәселелер кеңінен қолдау тауып, отандық философия ғылымында өз орнын таба бастағандығы қарастырылды.

Екінші, фольклор мәдени-философиялық пайымдаудың маңызды сатысы екендігіне зерделі зерттеулер жүргізіліп, фольклордың мәдени-философиялық аясына ерекше көніл бөлінді.

Үшінші, мақалада халық даналығындағы ой-кешу сабактастықтары фольклорлық туындылардың негізіндегі халықтың таным үрдістерін, ондағы рухани тұтастықтың өзіндік санаасын білдірген шығармашылықтағы көркем ойдың көрінісі талданды. Халықтың рухани мәдениет негізін орнықтыратын ұлттық ойлау дәстүрінің

ерекшелігі және әлеуметтік мәдени таным негізіндегі қалыптасқан қоғамдық бейнелердің көркем суреттелуі сарапталынды.

Аталған мақала аясында зерттеудің мақсаты мен міндеттерін барынша толық ашуға талпыныстар болғанымен, бұл проблема әлі де терең, барынша ары қарай зерттеуді қажет етеді.

Халықтық таным, философиялық ойлау қазіргі кездегі ұлттық қалыпты сақтап зерделеудегі қажеттілік, түрлі аныз-әңгімелер мен жырдастандардағы астарлы ойдың ойлау жүйесіндегі ерекшелік және қанатты сөздерімен берілген өнерінің мазмұны келешек буынға ұлгі-өнеге болуға тиісті.

Әдебиеттер

Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Астана, 2006. – 7 т. – 544 б.

Propp V. Theory and History of Folklore. 1984.

Bahtin M., Bahtin M. Эстетика словесного творчества. – М., 1979.

Losev A. Философия. Мифология. Культура. – М., 1991.

Margulan A. Ежелгі жыр-аныздар / Құраст. Р. Бердібаев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.

Bronner Simon J. American Folklore Studies: An Intellectual History. – Lawrence, KS: University Press of Kansas, 1986.

Bauman R. Differential Identity and the Social Base of Folklore // The Journal of American Folklore. – 1971. – №84 (331). – p. 3-41.

Propp V. Wagner L. Morphology of the Folk Tale. 1968.

Dundes A. Interpreting Folklore. Bloomington and Indianapolis: Indiana University Press, 1980.

Mason B.L. The Orality and Literacy Issue Revisited. Oral Traditions. Columbia, MO: Center for Studies in Oral Tradition, 1998.

Пропп В. Я. Фольклор и действительность. – М., 1976. – 366 с.

Веселовский А.Н. Синcretism древнейшей поэзии и начала дифференциации поэтических родов: В кн. Историческая поэтика. – Л., 1940. – 595 с.

Аникин В.П. Русский фольклор. – М., 1987. – 280 с.

Коныратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, 1991. – 288 б.

Алтаев Ж., Қасабек А. Қазақ философиясы. – Алматы, 1996. – 184 б.

Тұрсунов Е.Д. Истоки тюркского фольклора Корқыт. – Алматы, 2001. – 168 с.

Ыбраев Ш. Қазақ эпосы. – Алматы, 1987. – 76 б.

Орынбеков М. Ежелгі қазактың дүниетанымы. – Алматы, 1996; Молдабеков Ж. Қазақ халық философиясы // Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Астана, 2006. – 7 т. – 544 б.; Раев Д. Қазактың шешендік өнері: философиялық пайымдау. – Алматы, 2001; Қасабек А., Алтаев Ж. Қазақ философиясы. – Алматы, 1996; Фарифолла Есім. Қазақ философиясының тарихы. – Алматы, 2006; Бурбаев Т. Ұлт менталитеті. – Алматы, 2004.

Тұрсынов Е.Д. Қазақ әдебиетін жасаушылардың байыргы өкілдері. – Алматы, 1976. – 200 б.

Книга моего деда Коркута. Огузский георический эпос / Пер. В.М. Бартольда – Л., 1962. – 300 с.

Ауезов М. Казахский эпос и дореволюционный фольклор. – М., 1994. – 216 с.

Потанин Г.Н. В юрте последнего киргизского царевича // Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. В 5-ти томах. – Алматы, 1968. – Т. 4.

Раев Д.С. Қазактың шешендік өнері: философиялық пайымдау. – Алматы, 2001.

Ыбраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы, 1993.

Бурбаев Т. Ұлт менталитеті. – Алматы, 2001.

Молдабеков Ж. Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Астана, 2006. – 7 т. – 544 б.

References

Qazaq halqynyn filosofiyalyk murasi. – Astana, 2006. – 7 t. – 544 b.

Propp V. Theory and History of Folklore. 1984.

Bahtin M. Estetika slovesnogo tvorzhhestva. – M., 1979.

Losev A. Filosofia. Mifologiya. Kyltyra. – M., 1991.

Margulan A. Ejelgi jyr-anyzdar / Qurast. R. Berdibaev. – Almaty: Jazushy, 1985. – 368 b.

Bronner Simon J. American Folklore Studies: An Intellectual History. – Lawrence, KS: University Press of Kansas, 1986.

Bauman R. Differential Identity and the Social Base of Folklore // The Journal of American Folklore. – 1971. – №84 (331). – p. 3-41.

Propp V. Wagner L. Morphology of the Folk Tale. 1968.

Dundes A. Interpreting Folklore. Bloomington and Indianapolis: Indiana University Press, 1980.

Mason B.L. The Orality and Literacy Issue Revisited. Oral Traditions. Columbia, MO: Center for Studies in Oral Tradition, 1998.

Propp V. I'a. Folklor i deistvitelnost. – M., 1976. – 366 s.

- Veselovski A.N. Sinkretizm drevneisei' poezi i nazhala diffentsiatsi poetizheskih rodov. V kn. Istorizheskaia poetika. – L., 1940. – 595 s.
- Anikin V.P. Rysskii folklor. – M., 1987. – 280 s.
- Qonyratbaev A. Qazaq folklyrnyн tarihy. – Almaty, 1991. – 288 b.
- Altaev J., Qasabek A. Qazaq filosofiasy. – Almaty, 1996. – 184 b.
- Tyrsynov E.D. istoki tiyrskogo folklora Qorqyt. – Almaty, 2001. – 168 s.
- Ybraev S. Qazaq eposy. – Almaty, 1987. – 76 b.
- Orynbekov M. Ejelgi qazaqtyn dunietanymy. – Almaty, 1996; Moldabekov J. Qazaq halyq filosofiasy // Qazaq halqynyn filosofialyq murasy. – Astana, 2006. – 7 t. – 544 b.; Raev D. Qazaqtyn sesendik oneri: filosofialyq paimday. – Almaty, 2001; Qasabek A., Altaev J. Qazaq filosofiasy. – Almaty, 1996; Garifolla Esim. Qazaq filosofiasynyn tarihy. – Almaty, 2006; Byrbaev T. Ult mentaliteti. Almaty, 2004.
- Tursinov E.D. Qazaq adebietin jasawshylardyn bayırğı okilderi. – Almaty, 1976. – 200 b.
- Kniga moego deda Korkyta. Ogyzski georizheski epos / Per. V.M. Bartolda – L., 1962. – 300 s.
- Ayezov M. Kazahski epos i dorevoliysionnyi folklor. – M., 1994. – 216 s.
- Potanin G.N. V iyrite poslednego kirgizskogo tsarevica // Valihanov C.C. Sobr. soc. V 5-i tomah. – Almaty, 1968. – T. 4.
- Rayev D.S. Kazaktyn sheshendik oneri: filosofialyq paimdau. – Almaty, 2001.
- Ybrayev Sh. Epos alemi. – Almaty, 1993.
- Burbayev T. Ult mentaliteti. – Almaty, 2001.
- Moldabekov J. Qazaq halqynyn filosofialyq murasy. – Astana, 2006. – 7 t. – 544 b.

Бұркітбаева Ш.Д.

1-курс докторанты, Тюркской кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ.

ҚАЗАҚСТАН ҰЙҒЫРЛАРЫ: ТАРИХИ ТАҒДЫР ЖӘНЕ ОНЫҢ ПОЭЗИЯДАҒЫ ЖЫРЛАНУЫ

Мақалада Қазақстандағы үйғырлардың тарихи Отандарынан еріксіз қазақ жеріне көшірілуі, біресе Қытай империясы, біресе Ресей империясы тарарапынан езгіге, зорлық-зомбылыққа үшіншауы, үйғыр халқының ауыр тағдырының поэзиядағы жырлануы жайында баяндалады. Тәуелсіз Қазақстанда өмір сүріп жатқан үйғыр диаспорасы ақындарының тарихи атамекенге деңген сағынышы арқау болған шығармалары талданады.

Түйін сөздер: Қазақстан, үйғырлар, тарих, көшу-қону, поэзия.

Burkitbayeva Sh.

Doctoral student 1 course, Al-Farabi Kazakh National University,
Faculty of Oriental Studies Chair TURKSOY, Kazakhstan, Almaty

Uighurs of Kazakhstan: historical destiny and its poetry

The article deals with the movement of Uighurs from their historical homeland to Kazakh lands, to the Chinese empire or to the murders of the Russian Empire, violence and poetry of the great destiny of the Uighur people. The works of Uighur diaspora poets, who are living in independent Kazakhstan, are criticized for their lack of respect for historical attitudes.

Key words: Kazakhstan, Uyghurs, history, transitions, poetry.

Буркитбаева Ш.Д.

Докторант 1 курса, факультет востоковедения, кафедра ТЮРКСОЙ,
Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

Уйгуры Казахстана: историческая судьба и ее поэзия

В статье рассматривается перемещение уйголов со своей исторической родины на казахские земли, в Китайскую или Российскую империи, убийства и насилие, а также поэзия великого уйгурского народа. Стихи поэтов уйгурских диаспор, живущих в независимом Казахстане, характеризуются воздержанием от истории.

Ключевые слова: Казахстан, уйгуры, история, переходы, поэзия.

Kіріспе

Қазақ халқының ықылым замандардан бұгінге жеткен салт-дәстүрі, мәдени жәдігерлері мемлекетіміздегі түбі бір түркі текстес халықтар диаспоралары мұраларымен үндес, текстес сипатымен бағаланады. Біртұтас түркі мәдениеті ұғымының ғасырлардан жеткен жолын Қазақстанның жаңа тарихын, жаңа дәуірін бірге өркендетуге атсалысып келе жатқан бауырлас, қандас халықтардың да жалғастыратыны анық. Байырғы сақ, ғұн, түркі мәдениеттері-

ниң қара шаңырағы Қазақстан болғандықтан ғаламның барлық құрлықтарында өмір сүріп жатқан түбі бір қандас халықтардың барлығы да біздің отанымызды, қазақ даласын мәңгілік тірек, медеу тұтып келгені – тарихтың шындығы. Елімізде өмір сүріп жатқан үйғырлар да сондай халықтардың бірі. Қазақстандық үйғыр ақындары шығармашылығы ұлттық және жалпытүркілік сөз өнері дамуы жалғастырының көрсеткіші.

Үйғырлардың тарихи атамекені – қазіргі Қытай Халық Республикасы. Үйғырлар XIX жә-

не XX ғасырларда болған саяси және әлеуметтік оқиғалар нәтижесінде батысқа да шығысқа да ағылып көшуге мәжбүр болған халық. Бірсы-пұрасы Таяу шығыс пен Еуропаға да көшкен. Көштің басым бөлігі көрші жатқан Қазақстан мен Қырғызстанға бағытталған.

Негізгі бөлім

Қазақ топырағына көшу мәселесіне келсек, 1864-1867 жылдары болған көтеріліс нәтижесінде Шығыс Түркістанда екі сұлтандық Жетішаар және Іле сұлтандығы құрылады. XIX ғасырдың орта шенінде Қытай елінде дикандар көтерілісі етек алып, Қытай империясы Шығыс Түркістандағы көтерілісті басуға әлі келмеді. Ал, Ресей империясы бұл өлкеде ұйғырлардың дербес мемлекет болып салтанат құруының басқа туысқан түркі халықтарға әсер етуінен шошынды. Ресей неше түрлі айып, сылтаулар тауып 1871 жылы Іле өлкесін басып алды. Қытай империясы өз ішіндегі дикандар көтерілісін басқаннан кейін, 1877 жылы Йәттәшәр хандығын қиаратты. Іле өлкесінде орыс әскерлері тұргандықтан оны дипломатиялық жолмен алуға тырысты. 1881 жылы 24 ақпанда Қытай мен Ресей арасында Ілені Қытайға қайтарып беру жөніндегі келісімшартқа қол қойылады. Келісімнің екінші бабында бұқара халықтың өз қалауды бойынша Ресей империясы территориясына, яғни Қазак жеріне көшуге рұқсат берілуі көрсетіледі. Ондағы мақсат Жетісу өнірін игеру үшін (диканшылықты дамыту үшін) арзан қол күші керек болған еді. Йәттәшәр хандығын басып алушадағы Қытайдың жауыздығынан хабардар болған халық орыстың патшасын Қытайға қарағанда әділетті деп ойлап Жетісу өніріне көше бастаған. Сол жылдары көшкен халықтың саны 45 мыңдан астам еді. Қытай үкіметі көшкісі келмегендерді ауыр жазаларға тартқан. Ал, Ресей тарапы, патша үкіметі болса, өз кезегінде көшіп келгендерді құл ретінде қолданған. Халықтың зорлық-зомбылыққа, надандыққа қарсы шығуы, бостандықты ансауы жырларына арқау болды. Бұл дәуірдегі ұйғыр поэзиясы негізінен осы тақырыптарды қозғап, шебер жеткізе білді. «Көш-көш» дастанында орыстардың езгісі, халықтың оларға деген жеккөрініш, жиіркеніш сезімі, жанайқайы, өз отандарын сағынуы, көш барысында көрген азаптары, қазақтың жеріне келіп орналасулары былай суреттеледі:

Ag padısa leşkeri, Aқ патша әскери,
Altun kolap taş kesti. Алтын ізден тас кесті.
Dixanlarnı köç köç dep, Егіншілерге көш, көш деп,
Qılıç bilen baş kesti. Қылышпенен бас кесті.

‘Almutığa köç’ deydu, «Алматыға» көш дейді,
Barar yerimiz qumluq. Баратын жеріміз құмды.
Ras geپini eytmaydu, Шындықтарын айтпайды,
Közi kök, beşi yunluq Кезі көк, басы жұнді... (Çağdaş uygur edebiyatı tarihi, 2017:2-3).

Жоғарыда келтірілген шумақтардан Алматыны жерсінбей, жері құмды еken деп, өз тұған жерлеріне жетпейтіндігін айтып, Алматыны қорашсынып, қонілдері толмағандығын байқаймыз. Сол жерге алып келген орысты («көзі көк, басы жұнді») шындықты айтпай әкелді деп налиды.

Bu yolda tola mandım, Бұл жолда ұзақ жол жүрдім,
Bu yol minin yolduşum. Бұл жол маған жолдас болды.
Herip eçip kelgende, Қалтырап, аш келгенінде,
Su berdi bir qolduşum. Су берген бір кісі болды...,
(Çağdaş uygur edebiyatı tarihi, 2017:2-3).

— деп жаяулап, жалпылап, арып-ашып, аш-жалаңаш жеткендерінде жергілікті халықтың, қазақ қандастарының қөмек қолын созып, ішерге ас, киерге киім бергенін жазады. Ал, төмендегі шумақтардан тұған жерге деген сағыныш, Іленің сұлулығын әспеттеп, әр талын тұнған маржанға тендейді. Бөгде елде жұмыс істеп қажыдық, шаршадық деп Ресей империясының қара жұмысқа жегіп, жер жыртқызып, егін еккізіп, құл есебінде пайдаланғанын ашина жырға қосады. Жарытып тамак бермей, жұмысқа салғандарына қорланып, тағдырларына лағнет айтады.

İli yolda tallar, Іле жолында талдар,
Her tallarda marcanlar. Әр талда маржандар.
Xeqnîn şehrîde işlep, Басқаның қаласында жұмыс істеп
Urap ketti bu canlar. Қатты шаршады бұл жандар.

Xoymu xar bulup kettiq, Мұншама көп қорландық,
Yaqa yurtlarda işlep. Өзге елде жұмыс істеп.
Yar xalta evetiptü, Әйелім қалта жіберіпті,
'Yisun' dep toqaç çișlep. «Жесін» деп бір тілім нан...
(Çağdaş uygur edebiyatı tarihi, 2017:2-3).

Алматы қаласының маңындағы Алматы облысына қарасты Шелек елді мекеніне әкеліп, орналастырғанда, «Шелек керемет, Шелекке баrasындар» деп еді, Шелектің мактайдыңдай ештенесі де жоқ, жап-жасыл тұған жер артта қалды, Шелегің шаңы бұрқыраған жер еken деп, тағдырларына өкпе артады. Жыр жолдарынан жайқалған тұған жерлерімен салыстыра алмай Шелекті жерсінбеген ұйғыр халқының көшпесек залымның қолында ойыншық боламыз деген қорқыныш сезімдері де анық байқалады.

Çilek, Çilek deyidiken, Шелек, Шелек дейді,
Maxtىيۇچىلىك يوق çilek. Маңтайтында түгі жок,
Шелек(тің).

Kelgiçe yayaq keldi, Келерде жаяу келдік,
Tetür iken bu pelek. Тағдырымыз терісіне айналғандай.

Köçmen bolğan ademler, Көшпенді болған адамдар,
Qılvige qarap mandi. Кұбылаға қарай жүрді.
Köçmey kalğan ademler, Көшпей қалған адамдар,
Zalim qulida qaldi. Залымның қолында қалды
(Çağdaş uygur edebiyatı tarihi, 2017:2-3).

Ұйғырлардың басым бөлігі Алматы облысының Жаркент елді мекенін қоныстанды. Дастанда Жаркент деген жерге қошіп кетіп жатыр деп, елдің сол жаққа үдере қошкенін де, елден естігендері бойынша Жаркент жақта қарағаш көп дейді деп, Жаркентке барсак құніміз қандай болады деген алдағы құндеріне алаңдаушылықтары да жыр жолдарынан көрінеді.

Osekke baramiz dep, Осекке барамыз деп,
Ösekçi xiyal qıldı. Жалған қиял болды.
Yarkent digen yerlerge, Жаркент деген жерге.
Köçüp barğanlar boldi. Көшіп кеткендер болды.

Yarket digen yerlerde, Жаркент деген жерде,
Qara yağış köp iken. Қарағаш көп дейді.
Ğeriqliq esir qilsa, Сүргінге тұтқын болса,
Xeq dertlik bolar iken. Халық қапалы болады
(Çağdaş uygur edebiyatı tarihi, 2017:2-3).

Басымызға түскен бұл жағдайға қарсы қолданар шара жоқ, қошпейміз десек те одан пайда жоқ, Атақоныс – Құлжа залымдардың қолында қалды, туған жерде дұшпанның ойран салуы жанымызды жегідей жейді, қолдан келер қайран жоқ, деп жырлайды.

Ketmeyim digen bilen, Көшпейміз десек те,
Bu işqa nime çare. Бұл іске бар ма шара.
Gulcini besip aldi, Құлжаны басып алды,
Dilimiz sunuq pare. Құлазыған жанымыз парам-парша...
(Çağdaş uygur edebiyatı tarihi, 2017:2-3).

Корытынды

Корыта келе айтарым, Қазақстанға ұйғырлардың олай-бұлай қөшуі кейін де, XX ғасырда да болып тұрды. 1918 жыл қызылдардың ұйғырларды ату жылы деп аталады. Сол ату жылы және азамат соғысы жылдары 20 мыңдай ұй-

ғыр қырылып, біраз ұйғыр тағы да Құлжа жаққа көшіп кеткен.

Қазақ жеріне ұйғырлардың соңғы ұлken көші 1962 жылы Құлжадағы қанды оқиғадан кейін болды. Өз заманында орыс империясы мен Қытай империясы орнатқан шекарадан халықтарымыздың осылай арылы-берілі өтүі – тарих тауқыметінің көрінісі ғана емес, туысқан қазақ пен ұйғырдың арасындағы бауырластықтың, достықтың да ерекше көрінісі. Қазақстан тәуелсіздігін алғанда ұйғыр ағайын да ерекше қуанды. Өйткені, қазақ жеріндегі ұйғырлар жерін мекен етіп, нанын жеп отырған Қазақстанды өздеріне мәңгілік екінші Отан етіп қабылдап, ұдайы амандығын тілейді. Қазақ елінде өмір сүріп жатқан ұйғыр зиялышарының бірі, көрнекті ақын Махмут Абдурахмановтың «Қазақстан» атты өлеңінен Қазақстанды мәңгілік Отан сезінген ақын жүргегінің лұпілі сезіледі:

Тұғулған құтлук диярим,
Әзизсөн маңа анамдәк...
...Бағдиди әркін күшлириң,
Тағлириң, чәксіз даларин –
Барчиси һаят хушлугум,
Қазақстан, құтты мекенім (Абдурахманов, 2004:269)

Тұылған құтты мекенім,
Әзизсің маған анамдай...
...Бақтағы әркін құстарың,
Тауларың, шексіз жайлауың –
Баршасы өмір құштарым,
Қазақстан, құтты мекенім (Аударған автор)

Ұйғырлар қазақ топырағында басқа ұлттармен терезесі тен, еркін тыныстап өмір сүріп жатқанын туысқан қазақ халқының кең пейілінің арқасы деп біліп, әрдайым қазақтарға ризашылығын білдіріп, поэзияға арқау етті. Қазақстандық ұйғыр ақыны М. Абдурахмановтың «Қазақ досыма» атты өлеңінен үзінді келтірсек:

...Ұйғыр өзін бұл жақта ток санайды.
Жылайды қарт жырақта ақ самайлы.
Қайырылса қанаты қыран елдің,
Сай-сүйегің қалайша қақсамайды?!

Менің үшін кейде аспан қаралы аспан.
Көңіл жүйрік алайда ала қашқан.
Келгендеймін бәйгеден сен келгенде,
Қалсамдағы байлаулы мама ағашта
(Абдурахманов, 2004:150) (Аударған Қ.Мырзалиев)

Әдебиеттер

Çağdaş uygur edebiyatı tarihi, Hazırlayan Dr. Neşe Harbalioğlu, Dr. Raile Abdulvahit Kaşgarlı, Gazi kitapevi, 2017. –Ankara: – 347 б.

Абдурахманов М. Тугулләр. – Алмута: Білім, 2004. – 472 б.

Литература народов Казахстана. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2004. – 352 с.

Современная литература народа Казахстана. – Алматы: Evo Press, 2014. – 488 с.

Уйгур совет әдебиетинин тарихи. – Алмута: Наука, 1986.

Алимжан Тиливалди-Хамраев. Уйгурская поэзия Независимого Казахстана. – Алматы, 2014. – 256 с.

Абдурахманов М. Жиллар садаси. – Алмута: Жазушы, 1999. – 222 б.

References

Çağdaş uygur edebiyatı tarihi, Hazırlayan Dr. Neşe Harbalioğlu, Dr. Raile Abdulvahit Kaşgarlı, Gazi kitapevi, 2017. – Ankara: – 347 b.

Abdurahmanov M. Tugunlar. – Almuta: Bilim, 2004. – 472 b,

Literatura narodov Kazakstana. – Almaty: NITS “Gilim” 2004. – 352 s.

Sovremennaya Literatura naroda Kazakstana. – Almaty: Evo Press. 2014 – 488 s.

Uigur Soviet adebiyetinin tarihi, – Almута: Nauka, 1986.

Alimcan Tilivaldi-Hamraev. Uygurskaya poezya Nezavisimogo Kazahstana. – Almaty, 2014. – 256 s.

Abdurahmanov M. Jillar sadasi. – Almута: Jazushi, 1999. – 222 b.

Гусейнова Л.

Азербайджанский Университет Языков, Азербайджан, г. Баку, e-mail: elvancafarov78@mail.ru

«二老» (er lao), «Екі қарт» бұл сөз де көне дәуірде кең қолданылған. Өсіреке Конфуций дәуірінде, оның мағынасы ата-анаға деген құрметті атау болып саналған. «二仪» (er yi), «Екі әлем» ол – аспан және жер. Қытай халқы екі санын жақсы көреді, әрі бұл санды «жұық» сан деп есептеп, әрқашанда жақсы іс жұбымен болады деп білген.

«Екі» санымен «уш» саны және «сегіз» саны бірге келгенде, онда олардың дыбыстық оқылуына байланысты өте жақсы мағына білдіреді. Егер кім телефон нөмірін осылай алғысы келсе, онда шынымен бақытқа кенеледі деп санаган. Ал бұл сияқты нөмірлерге қол жеткізу өте қыын, әдетте мұндай нөмерлер ашық түрде сатылады, егер осындағы нөмерге қол жеткізгін келсе, онда акша жұмсайды.

Қытай тіліндегі сөз тіркестерінде «екімен» бірге келетін сөздер де өте көп. Егер екімен сөз құрағысы келсе, адамдар үнемі екі атақты адамды бірге қойып сөз құрайды, ал «уш» саны мен «төрт» саны бұлай болмайды.

Адамдар телефон номерін, үйленетін күнін, сағатын белгілегендеге, үнемі «алты», «сегіз», санынан тыс «екі» санын да көп таңдайды. Егер телефон номерінің ең соңында «бір», «екі», «уш» сандары тұрса онда сөзсіз «екі» санын таңдайды.

Бұл негізінен Гонконгтықтардың сөзінен шыққан, олар «екі» деген санды оқығанда «易» (yi), оңай деген сөздегі оңаймен жақын оқиды. Сондықтан «екі» мен «уш» бірге келгенде «易生» (yi sheng) оңай өмір деген мағынаны білдіреді. «Екі» саны мен «сегіз» саны бірге келгенде «易发» (yifa) оңай баю, ал, 23 пен 28 бірге келгенде оның мағынасы «易生易发» (yisheng yifa) өмірің жесеңіл болып, оңай бай бол дегенді білдіреді. Егер кімде кім телефон нөмірін осылай алғысы келсе, онда шынымен бақытқа кенелу деп санаган (12).

Қытай тіліндегі сөз тіркестерінде екімен бірге келетін сөздер де өте көп.

Мысалы: «二龙» (er long), *Eki aйдаhar* – Шығыс Хан дәуіріндегі Chu Biao мен Chu Zhao. Ол екеуі білімді, мықты адамдар болған, сондықтан оларды *Eki aйдаhar* деп атаған. «二老»

(er lao), *Eki қария* Bo Yi мен Lu Shan осы екі үлкен кісіні атаған, кейін келе бұл сөз тіркесін жасы үлкен екі кісіні айту үшін қолданылатын болған.

«二宋»(er song) *екі сұң* бұл екі адамның фамилиясы бірдей болғанда, екі сұң деп атаған. Бұл Сұң дәуіріндегі көп адамдарды атау белгісі т.б.

Қытай халқы екі санын бір жұп деп білген, мысалы: «一双筷子» (yi suang kuaizi) бір жұп сақбы, «一双鞋» (yi shuang xie) бір жұп аяқ киім, «一双脚» (yi shuang jiao) екі аяқ, «一双袜子» (yi shuang wazi) бір жұп шұлық, «一双眼睛» (yi shuan yan jing) қос жаңар, «双手» (yi shuang shou) екі қол, «双手套» (yi shuang shou tao) бір жұп қолғап, «一双眉» (yi shuang mei) жұп қас, «一双肩» (yi shuang jian) қос иық, «一双星» (yi shuangxing) бір жұп жұлдыз, «一双鱼» (yi shuang yu) қос балық, «一双鸟» (yi shuang niao) жұп құс, «一双鹅» (yi shuang e) жұп тырна, «一对枕头» (yi dui zhen tou) қос жастық, т.б. Бұлардың бәрі бір-бірімен үлкен кішілігі бірдей, түсі де бірдей, бірі-бірінен ажырамайтын нәрселер, саны жұп болатын заттарға қаратылып айтылған. Егерде екі санының орнына бір санын қойсак, онда олардың беретін мағынасы да өзгереді. Мысалы: бір аяқ, бір қол, бір көз десе, енді біреуі қайда деп адамдар ойлауы мүмкін бұл адамның денсаулығы нашар, яғни ауру, мүгедек екен деп, тіпті театрдағы қойылымдарда да болсын, кинода болсын жағымсыз кейіпкерлердің ролін дene мүшесінің біреуі кем болып ойнайды. Мысалы: көзі соқыр, бір қолы жоқ, бір аяғы жоқ кейіпкер ретінде бейнеленеді. Сондықтан екі санының орнына бір санын алмастырып қоюға болмайды. Сондықтанда адамдар жұп санды және жұп нәрселерді жақсы көреді.

Корытынды

Корыта айтқанда, қытай лингвомәдениетіндегі екілік, жұптық сипаттардың тақ сандық маңызben қатынасын қазақ лингвомәдениетімен салғастыра саралай келе, онда тақтық сипатқа қарағанда жұптық сипаттың басымдыққа ие екенін пайымдадық. Қазақ тілдік мәдениетінде жұп пен тақ сандардың арасалмағына аса мән берілмесе, қытай дүниетанымы бойынша жұптық дүниелерге ерекше мән бергенін байқауга болады. Қытай мен қазақ халықтарында жалпы шығыстық таным-түсінікке жататын ортақтық бар секілді. Демек, ежелден аралас-құралас келе жатқан көрші жатқан екі елдің дүниетанымында,

философиясында, мәдениетінде мұндай жақындықтың барлығын табиғи заңдылық деп қарауға болады. Сандардың сырын қазақ халқының да қытай халқының да ұғымында қалыптасқан көне мәдениет құбылысы деп айтуға болады. Бұл

құбылыстың екі халықта да байқалуын ежелден көрші халықтардың бір-біріне тигізген әсерімен қатар әр халықтың өзіндік дүниетанымынан туындаған ортақ сәйкестік деп қарастыруды жөн санаймыз.

Әдебиеттер

- 催枢华。汉字起于《一》论。北京师范大学学报。—2003。—№5。—頁. 107-108。
Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкоznанию。—М., 1963. — Т.2. — 392 с.
Абакан Е. Тілдің мәдени философиясы: монография. — Алматы: «Айкос», 1999. — 184 б.
Қалиев С., Оразов М., Сmailova M. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. — Алматы, 1994. — 222 б.
Васильев Л.С. История религий Востока (религиозно-культурные традиции и общество): учеб. пособие для вузов по спец. «История». — М.: Выssh. shk., 1983. — 368 с.
Смертин Ю.Г. Китайская классическая поэзия в контексте языка, истории и культуры: учеб. монография. — Краснодар: Кубан. гос. ун-т, 1999. — 402 с.
现代汉语词典。—上海: 华东师范大学出版社, 2004 年。—2500 页。
Кобзев А.И. Учение о символах и числах в китайской классической философии. — М.: Наука-ВЛ, 1994. — 432 с.
常雁。硬汉数字词语文化内涵的比较研究。哈尔滨学院学报。—2002。—№2。—頁 78-79.
Васильев Л.С., Фурман Д.Е. Культы, религии, традиции в Китае. — М.: «Наука», 1970. — 484 с.
司马云杰绵延论: 关于中国文化绵延之理的研究。—陕西: 人民出版社, 2003 年。—599 页。
<http://www.51lunwen.net/hanyuyan.com>. 孙新爱. 汉语中的数字文化。—2012.

References

- Cui Shuhua. Hanzi qiyu «yi» lun. Beijingshifandaxuemuebao. — 2003. — №5. — ye. 107-108.
Boduen De Kurtene I.A. Izbrannye trudy po obshemu yazykaznaniyu. — M., 1963. — T.2. — 392 s.
Abakan E. Tilding madeni filosofiyasy: monografiya. — Almaty: «Aikos», 1999. — 184 b.
Kaliev S., Orazov M., Smailova M. Kazakh halkyning salt-dasturleri. — Almaty, 1994, — 222 b.
Vasilev L.S. Istoriya religii Vostoka (religiozno-kulturnye tradizii I obshestvo): ucheb. Posobie dly vuzov po.spez. «Istoriya». — M.: Vyssh, shk. 1983. — 368 s.
Smertin U.G. Kitaiskaya klassicheskaya poeziya v kontekste yazyka, istorii I kultury: ucheb. monografiya. — Krasnodar : Kuban. gos. university, 1999. — 402 s.
Xian dai han yu ci dian. — Shanghai: Huadong shifan daxue chubanshe, 2004 nian. — 2500 页。
Kobzev A. I. Uchenie o simvolah I chislakh v kitaiskoi klassicheskoi filosofii. — M.: Nauka- VL, 1994. — 432 s.
Chang Yan. Ying han shu zi ciyu wenhua neihan de bijiao yanjiu. Harbin xueyuan xuebao. — 2002. — №2. — ye 78-79.
Vasilev L.S., Furman D.E. Kulty, religii, tradizii v Kitae. — M., «Nauka», 1970. — 484 s.
Simayunjiemianyanlun: guanyuzhongguowenhuamianyanzhilideyanjiu. — Shanxi: renminchubanshe, 2003 nian. — 599 ye.
<http://www.51lunwen.net/hanyuyan.com>. Sun Xinai. Hanyu zhong de shuzi wenhua. — 2012.

Елеуова А.С.¹, Зинедин А.С.²

¹филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Қазақстан, Атырау қ., е-mail: e-mail: aksaule@mail.ru
²«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Қазақстан, Атырау қ., е-mail: e-mail: aksaule@mail.ru

СӨЙЛЕМНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ МЕН ҚҰРЫЛЫСЫ

Мақалада ізденуші зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, сөйлемнің семантикалық құрамы мен сөйлем мүшесі деп аталатын синтаксистік категориямен арақатысы, айырмашылықтарын айқындайды. Сөйлемнің синтаксистік бастауышы, баяндауышы, толықтауышы, анықтауышы және пысықтауышы сөйлем семантикасының субъект, предикат, объект, атрибут және конкретизатор категорияларымен үнемі сәйкес келе бермейді. Сондықтан да сөйлемді семантикалық аспекттіде талдаудың қажеттілігі туындаиды. Ол қазақ тілінің нақты мәліметтері негізінде дәлелденеді.

Түйін сөздер: сөйлемнің семантикалық құрамы: субъект, предикат, объект, атрибут және конкретизатор, сөйлемнің синтаксистік мүшелері.

Eleuova A.S.¹, Zinedin A.S.²

¹Candidate of Philology, Associate Professor
of Atyrau State University named by H. Dosmukhamedov, Kazaschtan, Atyrau, e-mail: e-mail: aksaule@mail.ru
²Master of 2 course in the specialty "Kazakh language and literature" of Atyrau State
University named by H. Dosmukhamedov, Kazaschtan, Atyrau, e-mail: e-mail: aksaule@mail.ru

Semantic structure and structure of the sentence

The article, based on the works of researchers, determines the features of the intrasemantic composition of the sentence and the grammatical category of its components. The author notes that such syntactical parts of the sentence do not always coincide as the subject, predicate, complement, definition and circumstance and such semantic notions of the sentence as the subject, predicate, object, attribute and concretizer, and proceeding from this, concludes that it is necessary to implement semantic analysis of the sentence. All these phenomena are also characterized by the material of the Kazakh language.

Key words: intrasemantic structure of the sentence: subject, predicate, object, attribute and concretizer, syntactic parts of the sentence.

Елеуова А.С.¹, Зинедин А.С.²

¹кандидат филологических наук, доцент, Атырауского государственного университета
им. Х. Досмухамедова, Казахстан, г. Атырау, e-mail: e-mail: aksaule@mail.ru
²магистрант 2 курса специальности «Казахский язык и литература», Атырауского государственного
университета им. Х. Досмухамедова, Казахстан, г. Атырау, e-mail: e-mail: aksaule@mail.ru

Семантический состав и структура предложения

В статье с опорой на труды исследователей определяются особенности внутрисемантического состава предложения и грамматической категории его составляющих. Автор отмечает, что не всегда совпадают такие синтаксические члены предложения, как подлежащее, сказуемое, дополнение, определение и обстоятельство, и такие семантические понятия предложения, как субъект, предикат, объект, атрибут и конкретизатор, и исходя из этого, делает вывод о том, что необходимо осуществить семантический разбор предложения. Все эти явления аргументируются и материалом казахского языка.

Ключевые слова: внутрисемантический состав предложения: субъект, предикат, объект, атрибут и конкретизатор, синтаксические члены предложения.

Сөйлемнің семантикалық құрылымы мен құрылышын қарастырган зерттеушілердің түйін-тұжырымдарын, пікір-корытындыларын саралтай келіп, сөйлемнің семантикалық құрылымы мен құрылышы – денотаттық және сигнификаттық мағыналардың бірлігі, тілдік таңба ретіндегі сөйлемнің шындықпен және ойлаумен тұтастығы деп пайымдауға мүмкіндік береді. Сөйлем – сонымен қатар айтылу тұрғысы (план выражения), мазмұндық тұрғысы (план содержания) бар құрделі предикатты тілдік таңба. Жалпы сөйлеу тілінің, оның құрылымдық бірліктері фонема, лексема, морфема, синтагма, период, текстердің осы 2 тұрғыдан құралатыны лингвистика тарихында XX ғасырдың I жартысында Прага, Копенгаген, Лондон, АҚШ-тағы структуралық мектептерден бастау алады (Жалмаханов, 1999:152-169). Бұл мәселені түбекейлі текстсерген – Копенгаген (глоссематика) лингвистикалық мектебінің басты теоретигі Луи Ельмслев. Ол тіл – таңбалар жүйесі, таңба форма мен субстанциядан тұрады. «Мен үйге барамын» деген форма жазумен, Морзе әліппесі, ымдаунаңқау, жалауша сияқты субстанциялармен берілуі мүмкін, бір субстанция бірнеше формамен де берілуі мүмкін. Мәселен, «үй» деген қазақша атау – таңба, орысша «дом», ағылшынша «house» деген формалармен беріледі. Осыдан келіп, глоссематиктер тілді форма, субстанция, мазмұн (содержание), айтылу (выражение) деп 4 қабатқа, деңгейге бөледі. Осының негізінде айтылу формасы, айтылу субстанциясы, мазмұн формасы, мазмұн субстанциясы пайда болатынын тапты. Тілдің де өзіне тән субстанциясы мен формасы бар. Тілдің мазмұндық тұрғысы мен айтылу тұрғысы болатынын айқынадады. В. Гумбольдтша айтқанда, мазмұндық тұрғы формасы – тілдің сыртқы формасы. Форма – тұрақты, айқындаушы, субстанция – құбылмалы, тәуелді. Айтылу тұрғысы мен мазмұн тұрғысының байланысы – комутация, яғни айтылуда болған өзгерістердің мазмұнға әсер етуі. Мысалы, пайда болған дыбыстары ауыстырылса, пай, бай, ж/ш дыбыстары ауыстырылса, жай, шай болады. Ал айтылудағы өзгеріс мазмұнға әсер етпесе, субSTITУЦИЯ деп аталады. Мәселен, қаһарман қаһарман болып (h/x), молда молла болып (d/l) айтылса, сөз мағынасы сол күйінде түсініле береді. Жекелеген сөздердің айтылу және мазмұн тұрғылары осындай құрделі элементтерден құралып тұрғанда, бірнеше сөзден құралатын «сөйлем» деп аталатын предикаттық бірлік – бірнеше есе құрделі деген сөз. Барлық ғалымдар көзге көрініп, қолға ұсталынбайтын нысандардың құрделі

құрылым екендігін барлығы мойындаиды. Оған жаңа тіл біліміндегі сөйлем мазмұнын белгілейтін терминдердің өзі де дәлел: «терен құрылым», «семантикалық құрылым», «құрылым негізіндеғі мазмұн», «предикатты тіркес» және т.б.

Енді сөйлемнің мазмұндық құрылымымен шұғылданған лингвистердің, мәселен, Б.Ю. Городецкий тілдің мазмұндық семантикалық бірліктер және семантикалық құрылымы, тар және кең деген 2 типтен тұрады десе (Городецкий, 2009:131), Л. Ельмслев құрылымды ішкі «бағыныштылықтағы автономиялы құбылыс» (Мусаев, 1968:122), Н.Ю. Шведова семантикалық құрылым дегеніміз – мазмұнның дерексіз элементтері арасындағы қатынастардың жүйесі дейді (Солнцев, 2001:113). Жоғарыдағы пікірлерді түйіндей келіп, сөйлемнің семантикалық құрылымына семантикалық компоненттердің құрделі арақатынасының нәтижесі және тілдік элементтер мен тілдік емес қындықтың дерексіз элементтерінің өзара байланысы, предикаттық негізде информациялық мазмұнның берілуі және үйимдасуы деген анықтама беруге болады.

Сөйлемнің семантикалық құрылымының қалыптасуында семантикалық компоненттердің құрделі арақатысы да ерекше рөл атқарады. Семантикалық құрылымның ұйымдасуы иерархиялық сипатта екендігін лингвистер бағзы замандардан бері айтып та, жазып та келеді. Мәселен, дәстүрлі грамматикада сөйлем мүшелерінің тұрлаулы мүшелер, тұрлаусыз мүшелер болып бөлінуі – осының көрінісі. Дегенмен де сөйлемнің қай компоненті сөйлемнің құралуында қандай рөл атқарады деген сауал дәстүрлі грамматикада да, жаңа заман лингвистикасында да даулы мәселе болып келеді. Бұл сауалдың жауабы сөйлемдер моделін құрылымдық-семантикалық класификациялауда ерекше мән-маңызы бар. Сондықтан да бұл мәселенің зерттелу тарихына қысқаша тоқталайық. Зерттеу әдебиеттерді талдай келгенде, бастауыш пен баяндауыш сөйлемнің тұрлаулы мүшелері ретінде сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері арқылы түсіндірледі. Сөйлемде толықтауыш пен пысықтауыш баяндауышқа, анықтауыш бастауышқа, толықтауышқа және есім баяндауышқа, баяндауыш бастауышқа бағынады деген пікір қалыптасқан. Демек бастауыш – сөйлемнің басқа мүшелеріне бағынбайтын, тәуелсіз жалғыз мүшесі деген сөз. К.М. Мұсаев бастауыш өзіне сөйлем мүшелерінің бәрін бағындырады, ерекшелігі бірі тікелей, екінші біреулері жанама бағынышта болады дей келіп, «Бастауышқа тіке-

лей бағынатын баяндауыш пен анықтауыш, ал толықтауыш пен пысықтауыш баяндауыш арқылы бағынады» (Мусаев, 1968:27) дейді. Татар лингвисті Г. Алпаров сөйлемде басқа сөйлем мүшелерінің барлығын басқаратын бастауышпен қатар баяндауыш та аткарады дейді. Қарашай-балқар тілінің маманы И.Х. Ахматов мұндай пікірлердің тузы орыс тіл білімінің тарихынан бастау алады. XIX ғасырдың 60-70-жылдарында И.И. Дмитриев сөйлемдегі бастауыштың қызметтің басқа септіктердегі сөздер де атқара береді, бірақ оларды сөйлемнің тұрлаусыз мүшесіне, толықтауышқа жатқызу керек дейді (Ахматов, 2000:80-81). Бұл пікірге кейінгі заман зерттеушілері қарама-қарсы дәлелдер келтіреді. Мысалы, М. Балақаев: «Кейбір зерттеушілер, мәселен Ж.Дени, баяндауыш қызметтің сан қырлылығын сипаттаумен әуестеніп кеткені соншалық, тіпті бастауышты тұрлаусыз мүшеге жатқызуға дайын тұрады. Эрине, бұл пікірмен келісуге болмайды, себебі сөйлемдегі баяндауыштың қызметі мен мағынасы бастауышқа қарым-қатынасы арқылы айқындалады. Баяндауыш бастауышқа тәуелді сөйлем мүшесі ретінде бастауыштың қимылын, іс-әрекеттің және т.б. заттық-сапалық қасиеттерін білдіреді» (Балақаев, Қордабаев, 1976 :121) дей келіп, өз ойын бастауыш логикалық түрғыда, сөйлемде маңызды, ұйымдастыруши қызмет атқарса, грамматикалық түрғыда баяндауыштың бастауыштан гөрі синтаксистік қызметі әлдеқайда кең көлемді, сондықтан да баяндауыш сөйлемнің ең басты, шешуші қызметтің рөлін атқарады деп түйіндейді. Бұл мәселе жөнінде М.З. Закиев: «ен дұрысы – сөйлемнің ең басты және шешуші рөл атқаратын мүшелері бастауыш пен баяндауыш» деген тұжырым жасайды (Закиев, 1954:6). Н.А. Басқаков қаракалпак тіліндегі сөйлемнің баяндауышына сөйлемнің басқа мүшелерінің сипаттары жинақталады, мәселен, «минди» деген сөздің бойына «ол бір нәрсеге отырды» деген кең мағына сыйып тұр (Басқаков, 1961:61). Н.З. Гаджиева баяндауыштың грамматикалық мағынасын есімді сөйлем, етістікті сөйлем деген типтер айқындауды, сондықтан да түркі тілдері сөйлемдерінің генезистік баяндауыштың болмысымен тығыз байланысты екенін баяндауды (Гаджиева, 2003:155).

Жалпы айтқанда, бастауыш пен баяндауыш – сөйлемнің предикаттық өзегі болумен қатар адамның ойлау жүйесінде сөйлем ретінде көрініс беретін екі мүшелі пайымдаудың да негізі. Баяндауыштың сөйлем құрылымын ұйымдастырудагы ерекше орнын түркітанушылар ғана емес, басқа жүйедегі тілдерді зерттеушілер де біршама

сөз еткен. Айталық, О. Есперсен: «Етістік сөйлемге тіршілік береді, сондықтан сөйлем құрылымы үшін мәні зор» (Есперсен, 2008:95) десе, В.Г. Адмони неміс тілінің тарихи синтаксисін зерделеудің нәтижесінде баяндауыш – сөйлем құрылымында ең қажетті компонент деген қорытындыға келеді (Адмони, 1963:24). Поляк лингвисті Е. Курилович бастауыш пен баяндауыш бірін-бірі бағындыратын, басқаратын сөйлем компоненттері (Ломтев, 1969:48) дейді.

Зерттеушілердің жоғарда баяндалған пікірлерін 3 бағытқа топтауга болады: алғашқылары сөйлем мүшелері арасындағы байланыстың грамматикалық типін басшылыққа алса, келесі бір лингвистер сөйлем мүшелерінің сөйлем құраудағы рөліне баса назар аударады, үшінші топтағылар сөйлемнің екі белгісін де негізге алады. Профессор Н.Д. Арутюнованың пайымдауына сүйенсек, жоғарыдағы 3 бағыттағы пікірден бір-біріне қарама-қарсы үш қорытынды жасауға болады: 1) сөйлемнің құрылымдық иерархиясын бастауыш пен баяндауыш жасайды, 2) сөйлемнің басты тұрлаулы мүшесі ретінде баяндауыш, 3) бастауыш – сөйлемнің тірегі (Арутюнова, 2002:40). Бұл баяндап отырғанымыздың бәрі дәстүрлі грамматикада қалыптастан ойлар.

Бастауыш пен баяндауыштың сөйлемдегі орны мәселесі сөйлемге семантикалық талдау жасауға арналған ізденістерде қалай қарастырылып жүр, соған келейік. Сөйлемге семантикалық талдау жасауға арналған ізденістерді екінші көзқарас, яғни сөйлемнің басты тұрлаулы мүшесі баяндауыш деген пікір белен алған. Лингвистикалық әдебиеттерде бұл концепцияны, яғни бастауыштың сөйлемде толықтауыш секілді қызмет ететінін алғаш айтушы Л. Тенъер деген ой қалыптастан. Дегенмен де Л. Тенъердің концепциясының қалыпты грамматикамен ортақ тұстары басым екенін байқауға болады.

Орыс лингвисті Б.А. Белошапкова сөйлемдегі зат-құбылыс атауларының арақатысы сатылды сипатта болады да, семантикалық субъект сөйлемдегі оқиғаның басты иесі болып, предикаттың қатынастың өзегіне айналатынын айтады (Сусов, 1975:129). Ал Э.Р. Тенишев предикат субъектінің қимылын, қалпын және т.б. белгілерін білдіргендіктен, оның мағынасы көбінесе субъекттіге бағытталған және байланысты. Ол мағыналар лексикалық не морфологиялық жолдармен, немесе екі жолмен қатар берілуі мүмкін дейді (Тенишев, 1976:209). Н.З. Гаджиева түркі сөйлемінде не лексикалық, не морфологиялық тәсілдің бірі жасырын тұруы мүмкін дей келіп, ол ойын «Мен жазушымын», «Мен –

жазушы», «Жазушимын» деген мысалдар арқылы дәлелдейді (Гаджиева, 2003:156). Байқап отырганымыздай, сөйлемде жоғарыдағы екі тәсіл бірдей жасырын түрде болуы мүмкін емес, олай болса, сөйлем болмайды. Демек бұдан субъекті мен предикат – салыстырмалы ұғымдар деген қорытынды жасауға болады. Осыдан келіп, кейбір ғалымдар «предикат түбір формасында қатынасты білдірмейді» деген тұжырымға келеді (Сусов, 1975:129; Кацнельсон, 1976:184]. С.Д. Кацнельсон келесі мақаласында бұл ойды дамыта келіп, «көп қызметті предикатты субъект әрқашан басқа мүшелерді өзіне бағындырады, субъект басқа мүшелерге басыңқылық қызметті атқарады» (Кацнельсон, 2004:107) дейді.

Зерттеушілердің жоғарыда айттылған түйіндерін қазіргі қазақ тілінің фактілерімен салыстыра отырып, қазақ тіліндегі сөйлемнің синтаксистік-семантикалық құрамы негізінен предикат сипаттарымен байланысты деуге болады. Предикаттың сөйлемдегі шешуші рөл атқаруын И.П. Распопов: «тек баяндауыш қана сөйлемнің басқа мүшелеріне ерекше «кредит бөлүші» бола алады. Баяндауыш қана сөйлемнің жалпы құрылымдық құрамының қалай болатынын көрсете алады» (Распопов, 2003:73) дейді. Осы ойды қазақ тілінің мысалдарымен бекітіп көрейік: 1. *Ол ауылдан менімен бірге жасау келді.* 2. *Ол кітапты сенен алғын еді.* 3. *Ол сенен бір мүшел үлкен болатын.* 4. *Ол ала тайды меншіктеді.* Бұл сөйлемдердегі субъект бір сөзben берілгендейгіне қарамастан, сөйлемдер бір-бірінен мазмұн тұрғысынан да, айтылу тұрғысынан да ерекшеленеді. Сөйлемдер арасында айырмашылықтардың болуы предикаттардың түрлі сипатты болуымен байланысты. Сонымен қатар предикат сөйлемге субъектінің бар-жоқтығын, яғни жақты-жақсыз екендігін де анықтайды. Мысалы, «*Tауда сұық*» деген сөйлемде субъект жоқ, предикат ситуациялық қана. Немесе «*Мектептің құрылғанына он жыл болады*», «*Ас қазір әзір болады*» деген сөйлемдердегі предикаттар есім сөз бер көмекші етістіктердің тіркесуі арқылы жасалған. Дегенмен де бұл тіркестер құрамындағы есімдер семантикасы әр түрлі, сондықтан да бұл сөйлемдер құрылымдық жағынан да, мазмұндық жағынан да бір-бірінен ерекшеленеді.

Бұл мәселе төнірегіндегі ойларды түркітанушы Н.А. Басқаков: «етістіктің жіктелу парадигмасы арқылы жасалатын сөйлемдер көп емес, оларда бастауыш жіктеу есімдігі, баяндауыш жіктік жалғау немесе есім сөздің тіркесуі арқылы жасалады» (Басқаков, 1975:49) деп шегелей түскендей. Шынында да жіктіктің

I, II жақтарында жіктік-предикаттық формада жеке тұрған предикаттық лексема – дербес бір мини сөйлем. Мұндай бір ғана баяндауыштан тұратын сөйлем синтаксистік семантика тұрғысынан алғанда субъектіні (бастауышты емес) және предикатты білдіреді. Осындағы сипаттағы предикаттық лексема қазақ тілінде бастауышты жасырын тұрған, тек қана баяндауыштан болған толымсыз жай сөйлем болып есептеледі. Предикаттық сипаттына қарай қазақ тілінде жақсыз сөйлемдер де кездеседі: 1. *Менің ән айтқым келді.* 2. *Елге осы жолмен бару керек.*

Қарашибалқар тілінің маманы И.Х. Ахматов осы тілдің мәліметтерін негізге ала отырып, предикат сөйлемді құруда оның басқа мүшелерінің сандық және сапалық сипаттарын айқындаиды. Сөйлемнің семантикалық құрылымындағы екінші маңызыдағы компонент субъект, үшінші объект, төртінші конкретизатор, бесінші атрибут атқарады. Субъект көбіне семантикалық сөйлемдерде болады. Объектінің сөйлем мазмұнында ақпараттық жетекшілікті қамтамасыз етудегі рөлін лингвистер баяғыдан айттып келеді. Объект семантикалық категория ретіндегі ерекшелігі объектілік – бағдарлау мазмұны бар предикатты сөйлемнің онсыз ақпараттық жетекшілігі болмайтындығында (Ахматов, 2000:85-86) дейді. Мысал ретінде «*Хасан міндеі*», «*Хасан атқа міндеі*» деген сөйлемдерді салыстырады.

Атрибуттың басқа семантикалық компоненттерден айырмашылығы – предикатпен тікелей байланыспайтындығында, атрибут объектімен, субъектімен және басқа атрибуттармен ғана тікелей байланысады. Соңдықтан да кейбір зерттеушілер атрибутты семантикалық компонент ретінде санамайды. Олар сөйлемнің құрамында емес, одан тыс, яғни анықтауышты сөйлем құрамында қарастыруды жөн көреді, дегенмен бұл семантикалық компонент (атрибут) кейде сөйлемде маңызды мазмұндық қызметті атқаратыны бар. Мына мысалдарды салыстырып көрелік. *Сенің еркің өзінде. Еркің өзінде.* Алғашкы сөйлемдегі атрибут лексикалық та, морфологиялық та, екінші сөйлемде морфологиялық қана тәсілмен жасалған. Қарап отырсақ, сөйлемдегі лексикалық құралдың түсіріліп айтылуы сөйлемнің синтаксистік құрылымын өзгертуенмен, семантикалық құрылымының сол күйі қалатындығын байқаймыз. Ал сөйлемдегі атрибутты білдіретін құралды түсіріп қолдану мүмкін емес, түсіріп қолданасақ, объект иесіз қалады.

Жоғарыда баяндаған жайттарды түйіндесек, сөйлем құрылымының предикат, субъект, конкретизатор, объект, атрибут деген 5 түрлі ком-

поненті бар. Ал ол семантикалық компоненттер арасындағы семантикалық қатынастарды А.И. Смирницкий (Смирницкий, 1957:174-179), А.М. Мухин (Мухин, 1967), О.С. Ахмановалар (Ахманова, 1969:16-20) предикация, толықтауыштық, конкретизация, атрибуция деп төртке жіктейді. Сонда сөйлемнің семантикалық компоненттерінің мазмұны осы қатынастар негізінде көрінеді. Ұлы философ Эбу Насыр әл-Фарабидің «Ғылымдардың шығуы туралы» атты еңбегіндегі субстанция, яғни зат пен құбылыстың өзгермейтін мәні мен мазмұны семантикалық компоненттер, акциденция, яғни заттар мен құбылыстардың өзара байланысы, қатынасы – семантикалық байланыстардың өзара қатынасы деген сөз. Демек сөйлемнің семантикалық құрылымы – семантика компоненттердің жиынтығы емес, олардың арақатысы. Сондықтан да сөйлемнің семантикалық құрылымындағы компоненттердің семантикалық сапасын айқындауғана емес, олардың арасындағы мазмұндық, мағыналық қатынасын айқындау ләзім. Г.А. Золотова айтқандай: «Кез келген синтаксистік құрылым оның элементтерінің байланысымен ғана емес, байланыстардың сипатымен де ерекшеленеді» (Золотова, 1973:14).

Ал семантикалық компоненттер арасында синтаксистік және мазмұндық байланыстар болады, олар объективті шындықты баяндайды (Чеснаков, 1973:8-9). Әрбір семантикалық құрылымның ерекшелігі оның компоненттерінің сапасымен, өзара қарым-қатынасымен айқындалады. Және сөйлемнің қандай семантикалық типке жататындығын көрсетеді. *Мысалы: Студенттер дәрісханага кірді. АナンЫң көңілі балада, баланың көңілі далада (мақал). Ел жаз жайлайға Бетпақдала арқылы асады.*

Сөйлемнің семантикалық құрылымы оның компоненттеріне жіктелу арқылы айқындалады. Мәселен, «Саяхаты тауды көрді» деген сөйлем қабылдау субъектісінен, қабылдау объектісінен және қабылдау предикатынан құралса, «Ол күлді. Агаши жатыр» деген сөйлемдер қалып-күй субъектісінен, қалып-күй предикатынан тұрады. Ал «Тауда сұық» деген сөйлем жалқы конкретизатор, субъектісіз предикат деген семантикалық компоненттерден жасалған.

Сөйлемнің семантикалық құрылымының мазмұны жоғарыдағыдан жекелеген компоненттерге талдау арқылы, ал жалпы семантикасы сөйлемді біртұтас алу арқылы айқындалады. *Мысалы, Менің қаражатым жетеді, Менің денсаулығым жетеді* деген сөйлемдердегі 1-сөйлемнің семантикалық құрылымы иелену (тәуелдеу) субъекті – заттың бар екендігі – бар болу предикаты деген компоненттерден құралып, жалпы семантикасы – жеке субъектінің иелігінде белгілі бір заттың бар екендігі. 2-сөйлемнің семантикалық құрылымы қалып-күй субъекті – предикаттың қалып-күйі деген компоненттерден тұрып, жалпы семантикасы – жеке субъектінің қалып-күйін білдіру. Бұл сөйлемдердің айтылу, берілу тұрғылары (план выражения) бірдей (I жақта тәуелденген жіктеу есімдігі – I жақта тәуелденген зат есім – бірі деректі, екіншісі деректісіз заттың предикаты болып тұрган көп мағыналы етістік) болса, мазмұндық тұрғыда (план содержания) жоғарыдағыдан өзгешеліктері (компоненттік құрамы, жалпы семантикасы) бар. Немесе оларды «Мен қаражаттымын», «Денсаулығым бар» деп те синтаксистік конструкциясын өзгертіп қолданғанмен, жалпы семантикасы сол күйі қалады.

Әдебиеттер

- Жалмаханов Ш.Ш. Тіл білімінің тарихы. – Қарағанды: ҚарМУ, 1999.
 Городецкий Б.Ю. К проблеме семантической типологии. – М.: МГУ, 2009.
 Мусаев К.М. Стой караимского языка. АДД. – Баку, 1968.
 Солнцев В.М. К вопросу семантике, или языковом значении // Проблемы семантики. – М.: Наука, 2001.
 Ахматов И.Х. Проблемы семантического анализа простого предложения. – Нальчик, 2000. – 99 с.
 Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі (синтаксис). – Алматы: Мектеп, 1976.
 Закиев М.З. Сказуемое в современном татарском литературном языке. АКД. – Казань, 1954.
 Басқаков Н.А. Простое предложение каракалпакском языке // Исследования по сравнительной грамматике тюрских языков, ч. III. Синтаксис. – М.: АН СССР, 1961.
 Гаджиева Н.З. Основные пути развития синтаксической структуры тюрских языков. – М.: Наука, 2003.
 Есперсен О. Философия грамматики. – М.: Иностранный литература, 2008.
 Адмони В.Г. Исторический синтаксис немецкого языка. – М.: Наука, 1963.
 Ломтев Т.П. Принципы построения формулы предложения // Филологические науки. – 1969. – N5; Рахмашингулова И.С. О моделях предложений, образуемых одной семантической группой глаголов // Иностранный язык в школе. – 1968.

- №6; Дубровская Л.А. Структура предложения как выражение структуры предиката с денотативными отношениями // Проблемы структуры слова и предложения. – Пермь, 1974.
- Арутюнова Н.Д. Вариация на тему предложения // Инвариантные синтаксические значения и структура предложения. – М., 2002.
- Сусов И.П. Предисловие // Вопросы лингвистической семантики. – Тула, 1975.
- Тенишев Э.Р. Стой саларского языка. – М.: Наука, 1976.
- Кацнельсон С.Д. Типология языка и речевое мышление. – Л.: Наука, 1972.
- Кацнельсон С.Д. О категории субъекта в предложении // Универсалии и типологические исследования. – М., 2004.
- Распопов И.П. Очерки по теории синтаксиса. – Воронеж, 2003.
- Баскаков Н.А. Историко-типологическая характеристика структуры тюркских языков. – М.: Наука, 1975.
- Смирницкий А.И. Синтаксис английского языка. – М., 1957.
- Мухин А.М. Л.В. Щерба и проблемы синтаксиса // Филологические науки. – 1967. – №1.
- Ахманова О.С. и др. Синтаксис как диалектическое единство коллизии и колло-кации. – М., 1969.
- Золотова Г.А. Очерк функционального синтаксиса русского языка. – М.: Наука, 1973.
- Чеснакова Л.Д. О синтаксических единицах и синтаксических отношениях // Вопросы синтаксиса русского языка. – Тамбов, 1973.

References

- Zhalmahanov Sh.Sh. Til biliminin tarihy. – Qaragandy: QarMU, 1999.
- Gorodeckij B.Ju. K probleme semanticheskoy tipologii. – Moskva: MGU, 2009.
- Musaev K.M. Stroj karaimskogo jazyka. ADD. – Baku, 1968.
- Solncev V.M. K voprosu semantike, ili jazykovom znachenii // Problemy semantiki. – Moskva: Nauka, 2001.
- Ahmatov I.H. Problemy semanticheskogo analiza prostogo predlozhenija. – Nal'chik, 2000. – 99 s.
- Balaqaev M, Qordabaev T. Qazirgi qazaq tili (sintaksis). – Almaty: Mektep, 1976.
- Zakiev M.Z. Skazuemoe v sovremennom tatarskom literaturnom jazyke, AKD. – Kazan', 1954.
- Baskakov N.A. Prostoe predlozhenie karakalpaskom jazyke // Issledovaniya po sravnitel'noj grammatike tjurskih jazykov, ch.III. Sintaksis. – M.: AN SSSR, 1961.
- Gadzhieva N.Z. Osnovnye puti razvitiya sintaksicheskoy struktury tjurskih jazykov. – M.: Nauka, 2003.
- Espersen O. Filosofija grammatiki. – Moskva: Inostrannaja literatura, 2008.
- Admoni V.G. Istoricheskiy sintaksis nemeckogo jazyka. – Moskva: Nauka, 1963.
- Lomtev T.P. Principy postroenija formuly predlozhenija // filologicheskie nauki, 1969, N5; Rahmashungulova I.S. O modeljah predlozhenij, obrazuemyh odnoj semanticeskoy gruppoj glagolov // Inostrannyj jazyk v shkole, 1968, N6; Dubrovskaja L.A. Struktura predlozhenija kak vyrazhenie struktury predikata s denotativnymi otnoshenijami // Prblemy struktury slova i predlozhenija. – Perm', 1974.
- Arutjunova N.D. Variacija na temu predlozhenija // Invariantnye sintaksicheskie znachenija i struktura predlozhenija. – Moskva, 2002.
- Susov I.P. Predislovie // Voprosy lingvisticheskoy semantiki. – Tula, 1975.
- Tenishev Je.R. Stroj salarskogo jazyka. – Moskva: Nauka, 1976.
- Kacnel'son S.D. Tipologija jazyka i rechevoe myshlenie. – Leningrad: Nauka, 1972.
- Kacnel'son S.D. O kategorii sub'ekta v predlozhenii // Universalii i tipologicheskie issledovanija. – Moskva, 2004.
- Raspopov I.P. Ocherki po teorii sintaksisa. – Voronezh, 2003.
- Baskakov N.A. Istoriko-tipologicheskaja harakteristika struktury tjurkskikh jazykov. – Moskva: Nauka, 1975.
- Smirnickij A.I. Sintaksis anglijskogo jazyka. –Moskva, 1957.
- Muhin A.M. L.V. Shherba i problemy sintaksisa // Filologicheskie nauki, 1967, N1.
- Ahmanova O.S. i dr. Sintaksis kak dialektycheskoe edinstvo kolligacii i kollo-kacii. – Moskva, 1969.
- Zolotova G.A. Ocherk funkcional'nogo sintaksisa russkogo jazyka. – Moskva: Nauka, 1973.
- Chesnakova L.D. O sintaksicheskikh edinicah i sintaksicheskikh otnoshenijah // Voprosy sintaksisa russkogo jazyka. – Tambov, 1973.

Жумабаева А.А.

Р.Б. Сүлейменов атындағы шығыстану институты докторанты,
Қазақстан, Алматы қ., е-mail: zhaigerm@gmail.com

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ӘДЕБИЕТІНДЕГІ «ЫРЫҚ БІТІГ» КІТАБЫНЫҢ ОРНЫ

Көне түркі жазбасының бітік мәтінімен жазылған соғды, орта үйғыр, манихей, сирия, тибет және араб графикалық және басқа да көптеген ескерткіштері бар. Ескерткіштердің Орхоннан бастап Дунайға дейін, Якутиядан бастап Гобиге дейін орасан зор таралуы анықталған. Көне түркі жазба ескерткіштері түркі тілдес халықтардың жазба тарихының маңызды буынын құрайды. Осы түркі жазбасының қайталанбас және бірегей ескерткіштерінің бірі «Ырық бітіг» жазбасы болып табылады. Макалада Еуразия кеңістігіндегі көне түркі бітік жазулы ескерткіштерінің ішінде өте сирек кездесетін қолжазба нұсқасымен сақталынған «Ырық, бітіг» туындысына қатысты зерттеулер қарастырылады.

Түйін сөздер: түркі жазбалары, дүниетаным, манихей діні, түркілер, «Ырық, бітіг» кітабы.

Zhumabayeva A.A.

Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenova, doctoral student,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: zhaigerm@gmail.com

The role of the book "Yrk Bitig" in the ancient Turkic written literature

There are many monuments of ancient Turkic writing written by the text of Sigdi, Middle Uighur, Manichaean, Syrian, Tibetan and Arabic script, and others. A huge area of distribution of monuments has been established: from Orkhon to the Danube, from Yakutia to the Gobi. Monuments of the ancient Turkic writing constitute an important link in the history of writing of the Turkic-speaking peoples. One of the unique and unique monuments of Turkic writing is "Yrk Bitig". This article is devoted to the study of ancient Turkic written monuments, the author examines the areas of finding sites and reveals the history of the study of "Yrk bitig" (Book of divination).

Key words: Turkic writing, world view, Manichaeism, Turks, book "Yrk Bitig".

Жумабаева А.А.

докторант, Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова,
Казахстан, г. Алматы, е-mail: zhaigerm@gmail.com

Роль книги «Ырық битиг» в древнетюркской письменной литературе

Существует множество памятников древнетюркской письменности, написанных текстом битигом согдийской, среднеуйгурской, манихейской, сирийской, тибетской и арабграфической и другие. Установлен огромный ареал распространения памятников: от Орхона до Дуная, от Якутии до Гоби. Памятники древнетюркской письменности составляют важное звено в истории письменности тюрко-язычных народностей. Одним из неповторимых и уникальных памятником тюркской письменности является «Ырық битиг». Данная статья посвящена исследованию памятников древнетюркской письменности, автор рассматривает регионы нахождения памятников, а также раскрывает историю изучения «Ырық битиг» (Книга гаданий).

Ключевые слова: тюркская письменность, мировоззрение, манихейство, тюрки, книга «Ырық битиг».

Палеографика түрғысынан ежелгі түркі жазбасына жақын б.з.д. Y-III ғ. жазбалар Қазақстанда – Есікте және Қыргызстанда – Талас, Балықшы т.б. жерлерде табылған. Түркі бітік хаттарының ескерткіштері Орталық, Солтүстік және Орта Азияда, сонымен қатар, Шығыс Еуропада табылған. Олжалар географиясы б.з. I мыңжылдықтың (VI-XI ғ.) екінші жартысында түркі тілдес тайпалардың жүріп өткен тарихи жолын көрсетеді, олар өздерінің ежелгі отаны Орталық Азиядан батысқа, онтүстікке және солтүстікке қарай белсенді орын ауыстырған. Еуразия құрлығының аталған бөліктегі түркі бітік-хаттарының табылған орындары бірнеше белгілі аймақтарға топтастырылады, бұл әр алуан көне түркі мемлекеттік бірлестіктерінің саяси және мәдени орталықтары орналасқан орындар болып табылады. Олардың жалпы саны сегіз.

Монголия, Хангай таулы өлкесі. Бұл жерлерде Орхон ескерткіштері пайда болғанға дейін ұзақ уақыт бұрын түркі тайпалары қоныстанған. Хангайда, Орхон және Селенга өзендерінің бойындағы жазықтарда YIII-IX ғасырларда Түркі империясының, Ұйғыр қағанатының ордалары орналасқан (744-840). Бізге дейін әр түрлі қалыпта сакталып жеткені осы мемлекеттердің 10 ірі және 100-ден астам ұсақ ескерткіштері. Ирі ескерткіштердің бірі Құлтегіннің құрметіне, Білге қағанның құрметіне, Тонықөктің құрметіне, Құлі-Чор құрметіне жазылған жазбалар және Өнгін (Ететмишябгу) ескерткіші болып табылады. Енисей аймағындағы қолжазбалардың маңызды қайнар көзі болып табылады, олардың саны Орта және Жоғарғы Енисей аумағында 190-нан асады (Базылхан, 2003). Сонымен қатар, Шығыс Түркістан аумағында бітіктің қағазға қолданылуының дәлелдері бар, ол басқа ешбір аумақта кездеспеген. Дегенмен, Батыс Түркістанға қатысты бұлай айту киын, өйткені мұнда жазу екі түрде – Талас және Ферғана жазықтарында кездеседі. Бұл аумақта дөңес қойтастарда отыздан астам айрықша жазбалар және ондаған жартас жазбалары табылған. Тағы бір мысал ретінде Шығыс Еуропаны келтіруге болады. Дон және Еділ өзендерінің арасы, сонымен қатар, Кавказ өнірлері, Кубан өзенінің жоғарғы жағына дейін – өз заманында (YIII-IX ғ.) Хазар қағанаты мекен еткен жерлер. Еділ бұлгарларының аумақтары – Кама және Еділ өзендерінің жағалауында бірнеше жазба табылған. Таулы Алтай да бітіктің тарихи отаны болып табылады – аталған аймақта 100-ден астам ұсақ және көшілігінің оқылуы киын немесе мүлдем оқылмайтын түркі жазбалары табылған.

Ежелгі түркі алфавитінің құрылымы фономорфемді болып келеді, графикасы жағынан дүниежүзіндегі тенденсі жоқ тамға тәрізді жазба. Түркі Орхон-Енисей жазбаларын оку мен мазмұнын ашу жұмыстарының ең басында полиглот В. Томсен, көрнекті түркітанушы В.В. Радлов, кейін Дж. Клоссон түркі жазбасына тән прототиптердің көп құрамдауышты болуы туралы болжам жасаған (Кормушин, 2004: 31-39). Бірқатар ғалымдардың болжамдарына сәйкес түркі бітіктері шамамен YIII ғасырдың басында тамға тәрізді таңбаларға басқа алфавиттік жүйелердегі таңбаларды қосу, әріптегің курсив тәрізді сызбаларын геометриялық пішіндерге өзгерту арқылы пайда болған.

Ғалымдар оларды зерттеуге біршама кеш, XVIII-XIX және XX ғасырдың басында ғана кіріскең. Түркі жазбасын ғылыми зерттеудің бастамасын XVIII ғасырдың бірінші жартысында Ресей ғылым академиясы жіберген, 1721-1722 жылдары Минусинск қазаншұңқыры жазығында болған Д.Г. Мессершmidt және Ф.И. фон Странленберг экспедициялары бастаған. Жинақталған материалдар және ескерткіштер туралы мәліметтер кейін E-32 және E-37 таңбаларымен 1729 ж. З. Байердің «Санкт-Петербургтегі императордың ғылым академиясының жазбаларында» және 1730 жылы Ф.И. фон Странленберг еңбектерінде жарияланған. Н.М. Ядринцевтың Монголияда 1889 жылы Орхон жазбаларын ашуы қолемді мәтіндерді ғылыми айналымға енгізді, бұл жазбалардың грамматикалық қатары туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді. 1893 жылы дат филологи В. Томсен көне түркі жазбасының мазмұнын ашты. Келесі жылы В.В. Радлов Орхон мәтіндерінің аудармасын жарияладап, 1895 жылы өз материалдарынан басқа фин экспедициясының мәліметтерін пайдаланып 40-қа жуық Енисей жазбасының аудармасын жариялады. Ежелгі түркі әдебиетін ғылыми игерудің алғашқы талпынystарын М. Думтов, Я. Досмухамедов, Ж. Аймауитов, А. Диваев т.б. еңбектерінен байқауға болады. Дегенмен де, өзекті ғылыми ізденістер тек 40-жылдардың ортасында КСРО ғылым Академиясының Қазақ филиалының жанында тарих, тіл және әдебиет институты үйымдастырылғаннан кейін ғана басталған.

Ұлы Жібек жолы түрлі діни-нанымның тарауларына себеп болды. Ал миссионерлер өз наным-сенімдерін Жарық әлемнің үлкенді-кішілі елдеріне жеткізіп бақты. Мысалы, Үндістаннан Орта Азия және Шығыс Түркістан арқылы Қытайға буддизм еркін жайылса, Сирія,

Иран мен Араб тубегінен – христиан ілімі, онан соң іле ислам тарады. Ал қыыр шетте – Манихей діні ішке ендең кірді.

Вавилоннан бастап, Иран және Орта Азиядан сонау Үнді жері мен Қытайға дейін Мани діні бағыты еркін тарай бастады. Бұл діни наның Тигр мен Ефрат екі өзендерінің бойында біздің дәуіріміздің 216 ғасырларында дүниеге келген. Оның негізін Мани салған, кейін «маннихейзм» және «маннихей діні» деп аталады.

Мани сол дәуірдегі зороастризм, христиан мен буддизмнің қай-қайсысы да сол бірден-бір дұрыс діни наным-сенім деп санады, тек кейбіреулердің түсінбеушілігінен өзгеріске ұшыраган дей келіп, өзінің ғана өзгертуге жіберілгенін баян етеді. Ол өзін «Ақиқат құдайының елшісі» деп жариялады. Сейтіп Мани арамей негіздеріндегі манихей жазу-сзызын ойлап тауып, ілімін жеті кітап етіп түсірді. Алғашқы діни-наның туындаған кезеңнен-ақ астралды кейіптегі «ақ киімді адамдар» маңызды рөл атқарды (Кызласов, 1999:10). Сонымен, кітап пен ағартушылық манихей ілімінен бастау алды.

Манихей діни ілімінің негізі Құдай мен материяға қатысты екі принципте құрылды. Бұл екеуде қолға ұстап немесе қоруге келмейтіндіктен жарық пен қаранды немесе ақиқат пен өтірік сынды ұғымда түсіндірледі. Манихей Фауст: «Мен екі принципті уағыздаушымын, Құдай мен материяны» әрине. Материяға деп, – түрлі зиянды құштерді топтастырысам, ал Құдай Тағалага барлық ізгі игіліктерді топтастырам» – деген екен (Кызласов, 1999:11).

Өзінің «Шапуркан» атаулы еңбегінде («Шапура Кітабы» 243 жыл) Мани: «Менің діни ілімім әрбір елде, әртүрлі тілде түсінікті болады және алыс- алыс елдерге дейін кең тарайды», – деп жазады (Кызласов, 1999:14). XI-XII ғасырларда манихей дін танушылары бүтін Еуроазиялық құрылыштар кеңістігі мен Атлант мұхитынан Тынық мұхиты маңына дейінгі аралықта насхат жүргізген. 261 жылға таяу манихейлік ілім Мысырда, Мысырдан Солтүстік Африка мен Испанияға, Сириядан Кіші Азия арқылы Грецияға, Иллирия, Италия, Галлияга тарады.

Сондай-ақ батыс провинцияларына Галлия мен Испанияға манихейлік миссия қос тарап – оңтүстік және солтүстік арқылы ішке ендең кіруі әбден мүмкін болған.

Көне жазбалар мен археологиялық қазба деректеріне сүйенсек, манихейлік ілім Орта ғасырларда түркітілді ҳалықтар арасына да жеткенге ұксайды. С.Г. Кляшторныйдың айтуынша Қазақстанда тараған түрк-манихей «Қос негізді

қасиетті кітап» кітабының көрсетуі бойынша, он түргеш тайпаларынан қалыптасқан «он оқ ҳалқы» елдеріне де манихей ілімінің жеткені сөз болады (Кляшторный, 1965:10). Нақтылай айтқанда, С.Г. Кляшторныйдың жазуына қарағанда қазак жерінің Талас және Шу далалы аймақтарында түркі манихей ілімі жайылып, дамыған елді-мекендер болған сыңайлыш.

Манихейлік ілімінің сан тарау құрылымды болғанына Турфан құжатындағы ежелгі деректер күн. Мысалы, манихей шіркеуінде 360 тұрғын-үй билеушілері – махыстықтар, яғни шіркеу басшылығындағы үшінші дәрежелі билеушілер) жергілікті қоғамдастықтарды басқарды. VII ғасырдың орта тұсында Ертіс жағалауын жайлаған ежелгі кимек тайпалары да манихей ілімін ұстанғаны болғаны белгілі. Ал Ару қағаны (Arig түркі-манихей мағынасында «таза» дегенді білдіреді) чичиль, чомул, атаулы манихейлік тайпалармен бірге Қек Ертіс төнірегінде бірқатар жыл өмір сүрді. Сол себепті де Ұйғыр қағанатын қамтыған негізгі діни наным-сенімі тұра манихей аталуы кездейсоқ емес. Естерінде сала кетейік, Ұйғыр қағанаты II Шығыс-түрк қағанатын қабылдаған бірден-бір негізгі аймақ.

Манихейлік дәстүрдің қалдығы күні бүгінге дейін саян-алтай түркілерінде, сонымен қатар ханттарда, селькуптерде, келттер мен эвентерде сакталған. Алтай бурхандықтары Алтайға арнайы келген «ақ киімді адамдардың» тұрғылықты ҳалықты бір Құдайға сенуге шақырғанын жарыса айтады. Хакас таулы өлкесінің манихейліктері Аспанға құлшылық етіп, табынуды ұйгарған. Жертөлелерде, тау-тас қуыстары аңғарларында шамандық ілімге қатыссыз жаппай құлшылығын жалғастырган. Манихейлік ілім жайлы «Қос негізді Қасиетті кітапта» кеңінен айттылады. Солтүстік Монголияның ежелгі-түрк руно жазбаларында манихейлік ілім жайында біршама танымдық мағлұматтар берілген.

Басқа да көшпенде түркілерді, шамамен Әмудария мен Қытай елді мекеніне қоныс тепкен чичиль үлгісіндегі киім киген «ақ киімділерді» де манихейліктерге жатқызған. «Ұзын шападылардың» бәрін манихейліктер деп тану үрдісі де сол кезде қалыптасқан көрінеді. «Чичиль» этимологиялық термині парсы тілінен аударғанда «табиғи кір, ластану» мағынасын білдіреді екен (Зуев, 2004: 27). Ю.А. Зуевтің пікірінше, кірлеу Жарық пен Қарандылықтың араласуынан пайда болған материалдық элемент болып саналады екен. Ластан тазару – материялық дүниеден Жан дүниенде бөлектеп ала білуге талпынысың себепші көрінеді. Материя мен

Қараңғылық әлемінен алыстай түсіп, Жарыққа жақындау үрдісі Жан атаулыға тән құбылыс болуы тиісті екен. Адамзаттық қоғам әлемі – Жарық пен Қараңғылық бөлшектерінің өзара алмасуынан құралған дуалистік әлем. Манихейлік адам Қараңғылық, яғни материяның жаратылсызы, сол жан-дүниесін жарық ұшқынына бағыттаған. Тұтыну қабілетімен қатар Жарық сәулесін де таңдай алу мүмкіндігіне ие деген сөз. Яғни адами қалып екіұдай дуалисті жағдайда, яғни қарама-қарсылықты – материалдық және рухани бастауда, қараңғы мен жарықты, қайырымдылық пен зұлымдықтан жаратылған. Жарық қуатының алғашқы мақсаты – Жарық пен Қараңғылықтың арасын ажырату болатын. Бірақ Қараңғылық қарақшылары бұған мұлдем карсы болып, барынша қарымта жасау арқылы Жарық пен Қараңғыны араластыру мақсатында күресін үзбей жалғастырды. Манихей іліміне сүйене отырып, адамзат қоғамында әлі құнге дейін Жарық пен Қараңғылық арасында өзара айқас жүріп жатыр, адамзат жан дүниесінің сәулелі шақтарына билік ету мүддесінен үміткер саналады (Зуев, 2004: 26).

Хорезімдік данышпан, ежелгі ғалым Абу Райхан Бируни өз дәүірінде (XI ғасырдың алғашқы жартысында) Мани ілімін ұстанушылар қоғамдастыры Самирқанд мұсылмандары арасында болғанын тілге тиек етеді. «Мұсылмандық ілімнен тыс әлемде мани ілімін шығыс түркілер, Қытай, Тибет және Үндістанның кейбір аймақтарының тұрғындары насиҳаттайды» – деп жазған.

Түркі жазбасының қайталанбас және біреңі ескерткіштерінің бірі «Ырық бітіг» жазбасы болып табылады. Оны британдық археолог А. Стейн Дуньхуан маңындағы «Мың будда үнгірі» гибадатханалар кешенінен түркі тіліндегі сылап тасталған түркі болжам кітабын – Ырық бітікті тапқан. И.В. Стеблеваның дерегіне сүйенсек, «Ырық бітіг» – ежелгі түркі бітігі, ежелгі Ұйғыр қағанаты ғұмыр кешкен аймақтан табылғанға ұқсайды (Стеблева, 2007: 29). Осы тұста Ұйғыр қағанаты мемлекеттік дін ретінде манихейлік ілімді қабылдаған. Бұл жәйтке байланысты жоғарыдағы ілім тәнірге табынушылық іліміне де жатқызылады.

«Ырық бітіг» кітап өлшемі 13,6 x 8 см 58 қағаз парапттан құралған, мәтіні руна жазбасымен қылқалам көмегімен жазылған, 65 параграф және колофонға бөлінген. Мәтінді зерттеу үдерісінде аталған параграфтарда жорамалдар {ырк} мазмұндалғаны анықталған, олардың мәндері келесі сөздермен беріледі: (e)dgii ol «бұл – жақсы»,

{a)ту (e)dgü ol «бұл – өте жақсы», y(a)b(i)z [-у{à} bl{à}q] ol «бұл жаман», aii'у y(a)b(i)aq ol «бұл – өте жаман» (Стеблева, 2007: 282).

